

# ТАБИФАТ ЭНЕРГИЯСЫ



БІРІКТІРІЛГЕН

ЖЫЛДЫК ЕСЕП 2018

1-ші томы

# МАЗМҰНЫ

«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ КІРІСПЕ СӨЗІ	2
«САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ КІРІСПЕ СӨЗІ	4
<b>1 КОМПАНИЯ ПОРТРЕТІ</b>	<b>6</b>
«Самұрық-Энерго» АҚ активтерінің картасы	7
«Самұрық-Энерго» АҚ активтерінің құрылымы	8
Бизнес-модель	9
Компания цифрмен	10
2018 жылдың негізгі оқиғалары	12
<b>2 2018 – 2028 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ</b>	<b>14</b>
«Самұрық-Энерго» АҚ құндылықтары	14
«Самұрық-Энерго» АҚ қағидаттары	15
Стратегия	16
Стратегиялық НҚК-ларды орындау	20
Компания дамуының негізгі бағыттары	21
<b>3 ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫ МЕН КӨМІР НАРЫҒЫНА ШОЛУ</b>	<b>22</b>
Қазақстан электр энергиясы мен қуат нарығының моделі	23
Электр энергетикасы нарығындағы бәсекелес орта	28
«Самұрық-Энерго» АҚ электр энергиясын өндіру саласында	29
Көмір нарығы	34
<b>4 «САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ КОМПАНИЯЛАР ТОБЫ ТУРАЛЫ</b>	<b>36</b>
Дәстүрлі энергетика	37
Энергияны тарату	40
Жасыл энергетика	42
Көмір өндіру	50

<b>5 КОМПАНИЯНЫҢ ҚЫЗМЕТІНЕ ҚАРЖЫ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ШОЛУ</b>	<b>52</b>
Есептік кезеңдегі негізгі оқиғалар	53
Макроэкономикалық факторлар	53
Есептік саясат қағидаттары	54
Қаржы-экономикалық көрсеткіштер	55
Компанияның қызмет түрлерін тарифтік мемлекеттік реттеу	60
Күрделі шығындарды талдау	63
Инвестициялық қызмет	64
Өтімділік пен қаржылық тұрақтылық көрсеткіштері	66
Салыстырмалы талдау (бенчмаркинг)	67
Сатып алуды басқару	68
<b>6 ТРАНСФОРМАЦИЯ</b>	<b>70</b>
<b>7 КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ</b>	<b>76</b>
«Самұрық-Энерго» АҚ корпоративтік басқару құрылымы	78
Акционер	79
Директорлар кеңесі	79
«Комплаенс» қызметі	87
Ішкі аудит қызметі	88
Омбудсмен	89
Атқарушы орган	89
Тәуекелдерді басқару жүйесі	99
Корпоративтік басқару тәжірибесінің Корпоративтік басқару кодексі қағидаттарына сәйкес келуі туралы	102
<b>8 ОРНЫҚТЫ ДАМУ</b>	<b>106</b>
«Экономикалық» санат	120
«Экологиялық» санат	123
«Әлеуметтік» санат	129
<b>9 КОМПАНИЯНЫҢ СЫРТҚЫ АУДИТІ</b>	<b>144</b>
<b>10 ЕСЕП ТУРАЛЫ</b>	<b>146</b>
<b>11 ЕСЕПТІҢ GRI СТАНДАРТЫНА СӘЙКЕС КЕЛУ КЕСТЕСІ</b>	<b>150</b>
<b>12 ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ҚЫСҚАРТУЛАР</b>	<b>156</b>
<b>13 БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ</b>	<b>160</b>

## «САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАҒАСЫ



### Құрметті оқырман!

«Самұрық-Энерго» АҚ үшін 2018 жыл ең маңызды оқиға – Компанияның 2018–2028 жылдарға арналған жаңа Даму стратегиясының бекітілуімен есте қалды.

Стратегия Компанияның қызмет бағыттарына ықпал ететін сыртқы орта мен энергетика саласындағы қалыптасқан негізгі үрдістерді ескере отырып, «Самұрық-Энерго» АҚ-ның ағымдағы ұстанымдарына негізделген.

Акционерлер үшін Компания құнының белгіленуі, энергия қорларын сенімді жеткізу арқылы электр қуатына деген сұранысты қанағаттандыру, дамудың тұрақты даму қағидаттарына негізделген жоғары технологиясы – Компанияның алдағы жылдардағы басты даму бағыттары болып табылады.

2018 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы Қазақстанның электр энергиясы нарығында өз басымдығын сақтап қалды – еліміз бойынша жалпы қуат өндіру көлемінің 29,7% құрап, 31,7 млрд. кВт·с электр энергиясын өндірді. Көмір кеніштерінде энергетикалық көмірді өндіру рекордтық мөлшерге жетті – 44,9 млн. тонна.

2018 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ Қазақстан электр энергиясы нарығында өзінің басымдығын сақтап қалды – еліміз бойынша өндірілетін қуаттың 29,7 % қамтыды. Электр станциялары 31,7 млрд. кВт·с қуат өндірді. «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша негізгі қызметтен түскен табыс 260,4 млрд. теңгені құрады.

Өндірістік көрсеткіштермен қатар «Самұрық-Энерго» АҚ 2018 жыл ішінде қарыз жүктемесінің жиынтық мөлшерін 53 млрд. тенге сомасына қысқарту арқылы өзінің қаржылық тұрақтылығын нығайтты, EBITDA көрсеткіштері де өсті. Нәтижесінде жалпы қаржылық левиридж көрсеткіштері жақсарды. Іске асырылған шаралар энергия холдингіне қауіпті қызыл қаржылық тәуекел аумағынан шығуға мүмкіндік берді.

Компанияның 2018 жылғы жалпы шоғырландырылған табысы 268,08 млрд. теңгені құрады. Ал «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша негізгі қызметтен түскен табыс 260,4 млрд. теңгені құрады.

«Самұрық-Энерго» АҚ кредиттік портфелін оңтайландыру аясында 2018 жылы Азия даму банкімен 120 млн. АҚШ доллары сомасында келісім-шарттар бекітілді. Бұл мәмілелер қазақстандық ірі энергетикалық холдинг пен халықаралық беделді қаржы институты арасындағы ұзақ мерзімді және берік серіктестікті ресми түрде бекітті. Азия даму банкі үшін «Самұрық-Энерго» АҚ келісімі Қазақстан Республикасында жасалған алғашқы және бірегей тәжірибе болып табылады, себебі кредит ұлттық валютамен беріліп отыр. «Самұрық-Энерго» АҚ кредиттік портфелі құрылымындағы қаржылық институттардың үлесі 30% құрайды, бұл көрсеткіш «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының скоринг ұпайына елеулі ықпал етуде.

Таяу аралықта Компания қаржылық тұрақтылықты сақтау және нығайту бағытындағы шараларды күшейт-

пек. Бұл шаралар «Самұрық-Энерго» АҚ-қа қарызды тиімді басқарып, оңтайлы капитал құрылымына қол жеткізуге мүмкіндік береді.

2018 жылы Компания бірқатар инвестициялық жобаларды жүзеге асырды. Қазақстан мен Қытай Үкіметтерінің арасындағы Келісімге сәйкес Алматы қаласы мен Алматы облысында қуаты 1 МВт болатын Күн электр станциясы және қуаты 5 МВт құрайтын Жел электр станциясы салынды. Бұл ЖЭК нысандарының жылына 18 млн. кВт·с жасыл энергетиканы өндіру әлеуеті бар екенін көрсетеді.

Бүгінгі таңда «Самұрық-Энерго» АҚ бүкіл еліміздің электр энергетикасы секілді жаңа өндірістік белеске, яғни ортақ ЕАЭО электр энергетикасы нарығын енгізуге дайындалуда, бұл қадам Одаққа мүше мемлекеттердің электр энергетикасы нарығындағы көтерме сауда субъектілерінің арасында электр энергиясын (қуатын) сатып алу–сату бағытында параллель жұмыс істейтін электр энергетикасы жүйелеріне негізделген қарым-қатынастар құруды көздейді. ЕАЭО бойынша ортақ электр энергетикасы нарығының құрылуы нәтижесінде Қазақстан Республикасы Одаққа қатысушы мемлекеттер нарығына шығу жолын жеңілдетіп ғана қоймай, ішкі нарықтың сыртқы жеткізушілерге ашықтығын қамтамасыз ете алады. Бұл «Самұрық-Энерго» АҚ үшін жаңа мүмкіндіктер ашылады деген сөз. Компанияның ауқымды жобаларды жүзеге асырудағы мол тәжірибесі алдағы стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуде берік іргетас боларына сенімдімін.

**Бейбіт Қарымсақов**

## «САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ



### Құрметті оқырман!

2018 жылы ішкі нарықтағы бәсекелестік пен сыртқы сын-тегеуріндер артқан жағдайда Компания өндіріс көрсеткіштері мен қаржылық нәтижелерді жақсартуда елеулі табыстарға қол жеткізді. Соңғы жылдары энергохолдингке қарасты ұйымдар қызмет тиімділігін және электр энергиясы мен көмір өндіру көлемінің тұрақты өсу қарқынын көрсетіп отыр.

Бүгін Компания алдында жоғары экономикалық тиімділік пен инновациялық жетілуді, әлеуметтік жауапкершіліктің озық стандарттарын үйлестіре отырып, ішкі тұтынушылар мен экспорт көлемін энергия ресурстарымен толық қамтамасыз ете алатын оңтайлы даму моделін қалыптастыру міндеті тұр.

Қазіргі уақытта Компанияның өндіруші қуат негізін көмірмен жұмыс істейтін конденсациялық энергия блоктары құрап отыр. Соған орай өндірісті дамытудағы басты күш қолда бар қуат көздерінің операциялық тиімділігін арттыруға, оның ішінде: өндірістік шығынды оңтайландыруға, жабдықтарды орынды пайдаланып, дер кезінде жөндеуден өткізуге, инновациялық даму мен инвестициялық жобаларды тиімді іске асыруға бағытталып отыр.

2018–2028 жылдарға арналған Даму стратегиясын жүзеге асыру аясында, есепті кезеңде атқарылуы тиіс іс-шаралар қатарында Алматы мен Алматы облысының энергетикалық қайта жарақтандыру бағдарламасы орындалғанын атап өтуге болады. Трансформаторлық қуаты 80 МВА болатын ҚС-110/10/6 кВ № 170А «Жас Қанат» станциясы іске қосылды. «Түркісіб» қосалқы станциясы трансформаторлық қуаттың 30 МВА артуына мүмкіндік беріп, еліміздің ірі мегаполисіндегі Түркісіб ауданының орталығының жаңа «Жас Қанат» шағын ауданын электр қуатымен жабдықтауды қамтамасыз ететін болады. Жүктемені «Горный Гигант» қосалқы станциясынан 110 кВ-тық желілер арқылы жаңғыртылған «Ерменсай» қосалқы станциясына көшіру жобасы аяқталды. Қапшағай су электр станциясында № 3 гидроагрегатты жөндеу жұмыстары табысты аяқталды, бұл нысан жабдықтар жұмысының сенімділігін арттыруға және өндірісте болуы мүмкін апат жағдайларын азайтуға мүмкіндік береді. Еліміздің өзге де аймақтары назардан тыс қалған жоқ. Станцияны жаңғырту шаралары аясында «Шардара ГЭС» АҚ-ның төрт гидроагрегатының біріншісінде монтаждау аяқталып,

іске қосу-баптау жұмыстары жүргізілді. Ауқымды қайта жаңғырту жұмыстары ГЭС қуатын 26 пайызға арттыруға – қазіргі 100 МВт-тан 126 МВт-қа дейін көбейтуге мүмкіндік бермек. Жыл сайын қосымша 57 млн. кВт·с қуат өндірілетін болады. Электр энергетикасы саласын дамыту және жаңғырту бағдарламасын іске асыру мақсатында Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданының Нұрлы ауылы аумағында қуаты 5 МВт-тық Жел электр станциясының құрылысы аяқталды. Станция әрқайсысының қуаты 2,5 МВт болатын редукторсыз тікелей жетекті генераторы бар екі инновациялық энергетика қондырғысынан тұрады, және бұл қондырғылар жылына 17 млн. кВт·с баламалы электр қуатын өндіруге мүмкіндік береді.

Қазақстандық электр энергиясы нарығының айтулы оқиғаларының бірі қуат нарығының жұмыс істеуіне байланысты Бірыңғай сатып алушы моделінің енгізілуі болып табылады. 2018 жылдың аяғында «КОРЭМ» АҚ-ның сауда алаңқайында солтүстік және оңтүстік аймақ үшін электр қуатының алғашқы сауда-саттығы өткізілді, осы алаңқайда Компания электр станциялары айына 590 мың теңге/МВт-тан 2148,7 МВт қуатты сатылымға шығарды. Сатылым және коммерциялық диспетчерлендіру қызметтерін дамыту бағытында «Самұрық-Энерго» АҚ еншілес компанияларының алтауында сауда қызметін толықтай орталықтандыру жоспарланып отыр. Бұл қадам электр өндіруші компаниялардың жүктемесін оңтайландыруға, әрбір еншілес кәсіпорынның табысын молайтуға, сондай-ақ олардың қуат нарығына қатысу тиімділігін арттыруға ықпал ететін ең озық басқарушылық шешімдерді жедел қабылдауға мүмкіндік береді.

Электр энергиясы нысандарын жаңғырту және жаңартумен қатар Компания экология және ресурстарды тиімді пайдалану мәселелеріне де басымдық береді. 2018 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша қоршаған ортаны қорғауға бөлінген қаражат 33% өсіп, 6,63 млрд. теңгені құрады. 2018 жыл компаниялар тобындағы «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС, «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ және «Богатырь Комир» ЖШС секілді ірі еншілес кәсіпорындар шоғырланған Павлодар облысында экология жылы деп жарияланды, бұл ұйымдардың қызметкерлері жергілікті экология департаменті әзірлеген қоршаған табиғи ортаны қорғау шараларына белсене қатысты. Энергиямен жабдықтау және энергия тиімділігін арттыру жұмыстары аясында отын-энергетика ресурста-

рын пайдалану көлемін азайтуға бағытталған шаралар атқарылып, 35 мың тонна отынды үнемдеуге мүмкіндік жасалды.

Ұзақ мерзімді келешекке белгіленген стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу және нарықтағы бәсекелестікте басымдық таныту үшін Компания персоналды басқару жүйесін дамыту бағыттарын белгілеп, «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының 2018–2028 жылдарға арналған Кадр саясатын бекітті.

Компания қызметі сондай-ақ корпоративтік басқару жүйесін халықаралық озық үлгілерге сәйкес жетілдіруге бағытталған деуге болады. 2018 жылы корпоративтік басқару саласына жүргізілген тәуелсіз диагностикалау нәтижесінде «Самұрық-Энерго» АҚ корпоративтік басқару жүйесіне «ВВ» рейтингі берілді, бұл көрсеткіш барлық маңызды аспектілер бойынша белгіленген өлшем-сапаның үздік тәжірибелерге сәйкестігін көрсетеді.

2018 жылы әлемдік үздік тәжірибеге сәйкес келетін және өтімділікті басқаруды орталықтандыруға бағытталған «Корпоративтік қаржыландырудың жаңа моделін енгізу» жобасы табысты жүзеге асырылды. Қазынашылық операцияларын трансформациялау аясында энергия холдингте төлем операциялары бойынша жаңа бөлім құрылып, жаңа бизнес-процестер жолға қойылды, қаржылық жағынан да сапалық жағынан алғашқы пайда түсуде. Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауын және «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын орындау мақсатында Компанияда трансформацияның Цифрландыру және Ақпараттық қауіпсіздік жобалары іске асырылуда. Тұтастай алғанда Трансформациялау бағдарламасының нәтижелері Компания активтерінің құнын жоғарылатуды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін қаржылық пен сапалық жетістіктерге әкелері сөзсіз.

Барлық жауапкершілікті сезіне отырып, Компания «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының тұрақты жұмысын және еліміздің өзіне қарасты өңірлерінде энергиямен жабдықтау сенімділігін қамтамасыз ету мақсатында әзірленген даму бағыттары мен бастамаларын іске асыруға бар күш-жігерін жұмсамақ.

**Бақытжан Жоламанов**



# 01 КОМПАНИЯ ПОРТРЕТИ

«Самұрық – Энерго» АҚ – Қазақстанның барлық қоғам салаларының тұрақты дамуын қамтамасыз ететін, энергия үнемдеудің жоғары тиімді жүйесін құруға бағытталған, халықаралық энергиялық балансқа табысты интеграцияланған ірі көпсалалық энергетикалық кешен.

«Самұрық – Энерго» акционерлік қоғамы жұмыс істеп тұрған өндіруші қуаттарды жаңарту және жаңаларын енгізу бойынша ұзақ мерзімді мемлекеттік саясатты іске асыру мақсатында 2007 жылғы 18 сәуірде құрылтайшылардың жалпы жиналысының шешімімен құрылды. Құрылу кезеңінде «Самұрық» Мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі» АҚ және «ҚазТрансГаз» АҚ Қоғамның құрылтайшылары болып табылды. Компания 2007 жылғы 10 мамырда Алматы қаласында тіркелді.

2008 жылғы 3 қарашада «Самұрық» Мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі» АҚ мен «Қазына» тұрақты даму қоры» АҚ-ны біріктіру арқылы болған қайта ұйымдастыру нәтижесінде, «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі» АҚ-ның заңды құқық иеленушісі болып табылатын «Самұрық – Қазына» ұлттық әл – ауқат қоры» АҚ Қоғамның акционері ретінде бекітілді.

«Самұрық – Энерго» АҚ компаниялар тобындағы қызметтің негізгі түрлері көмір, көмірсутек және су ресурстары негізінде электр энергиясын, жылу энергиясын өндіру және ыстық суды шығару, оны халыққа және өнеркәсіптік кәсіпорындарға сату, электр энергиясын тасымалдау, желідегі электрді техникалық бөлу, су электр станциялары мен жылу электр станцияларын салу, жаңартылатын энергия көздерін салу және пайдалану, көмір өндіру, сондай-ақ су электр станцияларының мүлктік кешендерін жалға алу болып табылады.

Компания активтерінің құрамында аса ірі өндіруші компаниялар бар, олардың қатарында Екібастұз ГРЭС-1 және ГРЭС-2 сияқты ұлттық маңызы бар, сондай-ақ Алматы

аумағындағы өңірлік маңызы бар электр және жылу энергиясын өндіретін станциялар бар; Ертіс СЭС каскадына, сондай-ақ еліміздің оңтүстік өңірлерінің СЭС-іне («Шардара СЭС» АҚ және «Мойнақ СЭС» АҚ) кіретін республиканың негізгі су электр станциялары да осы топқа енген. Сонымен қатар Компания активтерінің құрамына өңірлік энергия тарату желілері мен Алматы өңірінің энергия өткізуші компаниясы және Қазақстандағы ең ірі көмір өндіретін кәсіпорын – «Богатырь Көмір» ЖШС кіреді. Кәсіпорын «Самұрық – Энерго» АҚ компаниялар тобының құрамындағы нысандарға және Қазақстанда, Ресей Федерациясында орналасқан үшінші тараптардың өндіруші объектілеріне көмір жеткізеді.

«Жекешелендірудің 2016–2020 жылдарға арналған кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 30 желтоқсандағы № 1141 Қаулысына сәйкес қазіргі уақытта Компанияның бірқатар активтерін бәсекелес ортаға беру жұмыстары жүргізілуде.

2018 жылы «Энергия Семиречья» ЖШС-дағы 26% қатысу үлесі сатылды. «Самұрық – Энерго» АҚ құрылымына енетін Кипрде тіркелген Alloyal Limited и Crouch Estate Ltd компаниясы таратылды.

2019 жылдың жоспарында «Самұрық – Энерго» АҚ-ны жекешелендіруге қатысты жұмыстар жалғасым таппақ, Алматы энергия кешенінің активтерін («АЖК» АҚ, «АлЭС» АҚ және «АЭС» ЖШС) жекешелендіру шаралары жүргізіліп, «Самұрық – Энерго» АҚ топ құрамында жекешелендіру жүргізілуі мүмкін. «Тегіс Мұнай» ЖШС-ны, оның ішінде «Маңғышлақ-Мұнай» ЖШС жекешелендіру шараларын аяқтау, Mettlera Corporation нысанын тарату рәсімін бітіру жоспарланып отыр.




АКТИВТЕР КАРТАСЫ





## АКТИВТЕР ҚҰРЫЛЫМЫ



КӨМІР КОМПАНИЯЛАРЫ
  ГЕНЕРАЦИЯ КОМПАНИЯЛАРЫ
  ТАРАТУ КОМПАНИЯЛАРЫ
  СЭС КОМПАНИЯЛАРЫ
  ЖЭК КОМПАНИЯЛАРЫ

## БИЗНЕС-МОДЕЛЬ

### КӨМІР ӨНДІРУ ЖӘНЕ САТУ




«Самұрық-Энерго» АҚ – Қазақстан Республикасындағы жетекші көмір өндірушілердің бірі. Нарықтың 40%-ын «Боғатырь-Көмір» ЖШС компаниясының активтері («РУСАЛ» АҚ бірлесіп пайдаланады) алып отыр. Кәсіпорын өндіретін көмірдің басым бөлігі «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобына жататын электр станцияларына тасымалдайды. Қалған бөлігі Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының электр станцияларына, сондай-ақ өңірдің коммуналдық кәсіпорындарына жеткізіледі.

### ӨНДІРУ



Компания тобы ҚР белгіленген қуатының 28%-ына ие. «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобына «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС, «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ, «Алматы электр станциялары» АҚ, «Мойнақ ГЭС» АҚ, «Шардара СЭС» АҚ секілді өндіруші активтер және Қазақстан Республикасында өндірілетін электр энергиясы жалпы көлемінің жинақтап келгенде 29,7%-ынан астамын өндіретін басқа өндіруші кәсіпорындар кіреді.

### Жаңартылатын энергия көздері



«Самұрық-Энерго» АҚ құрамына Қазақстан Республикасындағы тұңғыш өндіруші ЖЭК объектілері – Ерейментау қаласы ауданында орналасқан қуаты 45 МВт өнеркәсіп типіндегі ірі Жел электр станциясы, сондай-ақ Қапшағай қаласына таяу орналасқан қуаты 2 МВт Күн электр станциясы кіреді. 2018 жылы Компания баламалы энергетика саласындағы перспективті жобаларды белсенді түрде дамытуды жалғастырды, соның нәтижесінде ҚР мен ҚХР арасындағы үкіметаралық келісім аясында Алматы облысында қуаты 5 МВт ЖЭК және қуаты 1 МВт КЭС пайдалануға берілді.

### ЖЕТКІЗУ, ТАРАТУ



Электр энергиясын жеткізу мен тарату негізінен «KEGOC» АҚ магистральды желілері және өңірлік энергетикалық компаниялардың желілері арқылы жүзеге асырылады. «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобына «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ өңірлік таратушы компаниясы кіреді. «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ-ның электр энергиясын 2018 жылы жеткізу көлемі – 6 796 млн. кВт·с.

### КӨТЕРМЕ САТУ



Электр энергиясын сатудың көтерме нарығы ұлттық маңызы бар өндіруші компаниялармен, сондай-ақ ірі бірқатар ірі тұтынушылар арқылы танылған.

### БӨЛШЕК САУДА



Операциялық тиімділікті арттыру және келешекте электр энергетикасы нарығының моделін өзгерту есебінен «Самұрық-Энерго» АҚ ішкі нарықта электр энергиясын өткізуді айтарлықтай кеңейтуді көздеп отыр. Өткізу саясатының бәсекеге қабілеттілігі мен икемділігін көтеру нарықтың үлесін оның органикалық өсуі есебінен де, сондай-ақ ұзақ мерзімді іс-қимыл жасалатын ірі электр энергиясын тұтынушылардың – клиенттер санының өсуі есебінен де арттыруға мүмкіндік береді.

«Самұрық-Энерго» АҚ тобына Алматы өңірінің үш миллионнан астам тұрғынын электр энергиясымен қамтамасыз ететін «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС энергия өткізуші компаниясы кіреді.

«АлматыЭнергоСбыт» ЖШС-ның электр энергиясын сату көлемі 2018 жылы 5 904 млн. кВт·с құрады.

### ЭКСПОРТ




Құзыретінің болуы «Самұрық-Энерго» АҚ-ның экспорттық қызметті едәуір кеңейтуіне мүмкіндік береді. Қазақстан Республикасының экономикалық-географиялық жағдайы және тиімді өндіруші қуаттардың болуы бай энергия ресурстарымен үйлесіп, жинақтала келе дәстүрлі солтүстік бағыттағы, сондай-ақ келешегі бар оңтүстік бағыттағы экспорт әлеуетін қамтамасыз етеді.

2018 жылы Ресей Федерациясына 3,7 млрд. кВт·с электр энергиясы және 9,6 млн. тонна көмір экспортталды.

## КОМПАНИЯ ЦИФРМЕН

Электр энергиясын өндіру көлемі, млрд кВт·с




2018 ж. өндірілді  
**31 703** МЛН. КВ·САГ  
ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫ

бұл Қазақстан Республикасы бойынша өндірілген барлық электр энергиясы көлемінің

**29,7%**  
құрайды

Көмір өндіру көлемі мен үлесі, млн. тонна




КӨМІР өндіру көлемі  
**44,9** МЛН. ТОННА


бұл Қазақстан Республикасы бойынша өндірілген барлық көмір көлемінің

**39,5%**  
құрайды


Электр энергиясын сату көлемі, млн. кВт·с




Электр энергиясын жеткізу көлемі, млн. кВт·с




Жылу энергиясын босату көлемі, млн. Гкал



Орташа жалақының динамикасы, теңге




Қоршаған ортаны қорғауға жұмсалған инвестициялар, мың теңге



Сатылған активтерді есепке алмағандағы электр энергияны сату мен жеткізу және жылу энергиясын босату көлемдерінің динамикасы

\* «Шығысэнерготрейд» ЖШС  
\*\* «МЭБК» АҚ мен «ШҚ АЭК» АҚ  
\*\*\* «Ақтөбе ЖЭО» АҚ

Белгіленген қуат өзгерістерінің динамикасы, МВт



«Самұрық-Энерго» АҚ белгіленген қуаты

**6 133** МВТ  
құрады

бұл Қазақстан Республикасы бойынша белгіленген қуатының

**28%**  
немесе  
**21 901** МВТ  
құрайды

Алдыңғы жылмен салыстырғандағы азаю себептері:

- 1) «Шардара СЭС» АҚ қуатының жаңғырту кезеңінде 100-ден 50 МВт-қа дейін азаюы;
- 2) «ЕГРЭС-1» ЖШС қуатының №1 энергия блогын қалпына келтіргенге дейін 4 000-нан 3 500 МВт-ға дейін азаюы;
- 3) екі активті - «Ақтөбе ЖЭО» АҚ мен «АлЭС» АҚ Талғар ГЭС-ін бәсекелес ортаға сату.

## ӨНДІРУ

ЖЭС қуаты  
**5 328** МВТ

ВЭК қуаты (КЭС және ЖЭС)  
**47** МВТ

СЭС қуаты  
**758** МВТ

Әуе және кабельді ЭЖЖ-нің  
Ұзындығы  
**29 530,62** КМ

## ЖЕТКІЗУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

Қосалқы станцияның қуаты  
**9 808,2** МВА

Қосалқы станцияның саны  
**7 104** ДАНА

Негізгі қаржы-экономикалық көрсеткіштер

Атауы	Өлшем бірлігі	2016 ж. нақты	2017 ж. нақты	2018 ж. нақты	2019 ж. болжал
Акционерлерге тиесілі таза табыс/залал	млн. теңге	17 759	-27 884	3 241	6 779
Бағам айырмасын, құнсыздандуды және активтерді сатудан түскен залалды есепке алмағандағы таза табыс	млн. теңге	11 947	14 438	20 654	7 292
EBITDA	млн. теңге	71 581	77 328	97 825	80 061
EBITDA Margin	%	39	35	38	31

Әлеуметтік көрсеткіштер

Атауы	Өлшем бірлігі	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.
Жыл сайынғы кадр тұрақтамаушылығы	%	13	11,2	12
Өндірістегі жазатайым оқиғалар саны (коэффициент), мың адамға шаққандағы	Саны /1 000 адам ш.б.	0,59	0,34	0,59
Тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алудағы жергілікті қамту үлесі	%	79	78	85



## 2018 ЖЫЛДЫҢ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАРЫ

Трансформаторлық қуаты 80 МВА № 170А «Жас Қанат» ҚС-110/10/6 кВ пайдалануға берілді. «Түркісіб» қосалқы станциясы трансформациялық қуатты 30 МВА-ға өсіріп, Түркісіб ауданының орталық бөлігі мен «Жас Қанат» жаңа шағын ауданын электрмен жабдықтауды қамтамасыз етті

Қапшағай ГЭС-те № 3 гидроагрегатты жөндеу жұмысы аяқталды, ол жабдықтардың дұрыс жұмыс істеуін арттырып, өндірісте апаттар мен авариялардың орын алу қаупін мейлінше азайтуға мүмкіндік береді

«Маңғышлақ-Мұнай» ЖШС мен ҚР Энергетика министрлігінің арасында «Придорожное» газ кен орнын игеру жобасын іске асыру аясында газ өндіру туралы келісімшартқа қол қойылды

«Халықаралық бизнес университеті» ЖШС-мен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Меморандум ғылыми білім беру мен бизнес, жаңа технологиялық әзірлемелер мен өндірістік тәжірибе арасындағы ұзақ мерзімді ынтымақтастық дәстүрлерін бекітуі тиіс

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы қызметкерлерінің арасында «Самұрық-Энерго» АҚ Басқарма Төрағасының Кубогына V Спартакиада өтті. Мини-футболдан, волейболдан, үстел теннисінен, армреслингтен және шахматтан өткен жарыстарға «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобындағы мекемелерден 9 команда қатысты

«Шардара СЭС» АҚ-да станцияны жаңғырту аясында төрт гидроагрегаттың біріншісін монтаждау аяқталып, іске қосу-жөндеу жұмыстары жүргізілді. Ауқымды қайта құру СЭС қуатын 26 пайызға – қазіргі кездегі 100-ден 126 МВт-ға дейін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

ҚР Қор биржасына «Самұрық-Энерго» АҚ бірінші облигациялық бағдарлама шегінде 21,7 млрд. теңге сомаға үшінші шығарылымның облигацияларын орналастырды

ҚАҢТАР      АҚПАН      НАУРЫЗ      СӘУІР      МАМЫР      МАУСЫМ      ШІЛДЕ      ТАМЫЗ      ҚЫРКҮЙЕК      ҚАЗАН      ҚАРАША      ЖЕЛТОҚСАН

«Богатырь Көмір» ЖШС мен ЕАДБ арасында 196,9 млн еуро сомасына кредиттік келісімге қол қойылды. Қаражат «Богатырь» кесігіндегі көмір өндірудің ағындық-циклдық технологиясына көшу арқылы өндірісті жаңғыртуды көздейтін инвестициялық жобаға бағытталды. Бұл көмір өндірудің жиынтық қуатын 50 млн. тоннаға дейін ұлғайтуға және түпкі өнімнің сапасын жақсартуға мүмкіндік береді

Жүктемелі 110 кВ желілері бойынша № 131А «Горный Гигант» ҚС-220/110/10 кВ-дан № 160А «Ерменсай» ҚС-220/110/10 кВ-ға жеткізу жобасы аяқталды

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниясы тобы қызметкерлерінің арасында тұңғыш рет КВН фестивалі өткізілді. Ойын қазақ тілін дәріптеу, еліміздің тарихына, мәдениетіне, ұлттық құндылықтарына құрметті қалыптастыру мақсатында «Біздің күшіміз бірлікте!» айдарымен мемлекеттік тілде өткізілді

«АлматыЭнергоСбыт» ЖШС-ның [www.esalmaty.kz](http://www.esalmaty.kz) корпоративтік сайтында ЭСҚ арқылы электрмен жабдықтау шартына электронды қол қою үрдісі іске қосылды

Қазақстандағы тұңғыш қуаты 45 МВт болатын өнеркәсіптік типтегі Ақмола облысы Ерейментау қ. орналасқан жел электр станциясына 3 жыл толды

ГЭС Каскадына 70 жыл толды. Алматы өңіріндегі жұмыс істеп тұрған бірегей объект қоршаған ортаға зиян тигізбейтін жаңартылатын табиғи ресурстарын пайдалану барысында энергетикалық міндеттерді тиімді шешудің үлгісі ретінде қызмет етеді

Алматы облысында қуаты 1 МВт болатын Күн электр станциясы іске қосылды, ол жылына 1,4 млн. кВт·с энергия өндіруге мүмкіндік береді

Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы Нұрлы кенті ауданында қуаты 5 МВт болатын Жел электр станциясының құрылысы аяқталды

Азия даму банкімен 45 млрд. теңгеге (120 млн долл.) кредиттік келісімдер жасалды. Қаражатты жалпы корпоративтік мақсаттарға, тиімділікті арттыруға және қаржылық көрсеткіштерді жақсартуға жұмсау көзделеді. АДБ атынан ірі даму институтынан кредиттік қаражат тарту «Самұрық-Энерго» АҚ-ның инвесторлық базасын өсіруге және күшейтуге ынталандырады және, тұтастай алғанда, банк пен нарық тарапынан сенім деңгейінің жоғары екендігінің көрсеткіші ретінде қызмет етеді, сондай-ақ «Самұрық-Энерго» АҚ-ның халықаралық қаржы ұйымдарының қатаң талаптарына сәйкестігінің дәлелі болады.

Бизнесті трансформациялау аясында төлемді оңтайландырудың бірегей әдісі ретінде Кэш пулинг «Корпоративтік қаржыландырудың жаңа моделін өндіру» жобасы ойдағыдай іске асырылды. Жоба бойынша жоспарланған пайдаға қол жеткізілді.

Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігі БҰҰ Даму бағдарламасымен бірлесіп, «Самұрық-Энерго» АҚ еншілес компанияларының қызметкерлерін ең үздік өнертабыстық ұсыныстары үшін грамоталармен және бағалы сыйлықтармен марапаттады.



# 2018 – 2028 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ

## «САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

- ▶ Біз әрқашан көмек қолын созып, қолдау көрсетуге дайынбыз
- ▶ Әріптестермен және серіктестермен сенімді қарым-қатынас орнату үшін ашық әрекет етеміз
- ▶ Біз тәлімгерлік жасауға, тәжірибемізді сақтауға және бөлісуге дайынбыз

- ▶ Біз қойылған міндеттерге адал қараймыз және жұмыстан рахат аламыз.
- ▶ Біз - өз ісіміздің кәсіби шеберлеріміз, өзімізді жетілдіріп отырамыз және нәтижеге қол жеткіземіз
- ▶ Тиімділікті арттыру үшін біз түрлі көзқарастарды іздейміз және алуан түрлі әдістерді қолданамыз

- ▶ Біз жұмыстың үздіксіз және сапалы болуына жауаптымыз
- ▶ Біз қоршаған орта мен экологияға ұқыптылықпен қараймыз және келешек ұрпақтың алдында жауаптымыз
- ▶ Біз жаппай қауіпсіз, жайлы және бәсекеге қабілетті еңбек жағдайларын жасауға жауаптымыз
- ▶ Біз қабылданған міндеттемелерге адалмыз

- ▶ Кез-келген мәселені шешуде біз жағдайды объективті бағалаймыз және әділдік танытамыз
- ▶ Біз тең талаптар қоямыз және тең мүмкіндіктер ұсынамыз
- ▶ Біз өз ойын айту және тыңдау мүмкіндігін бере отырып, басқалардың пікірлерін бағалаймыз



## «САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ ҚАҒИДАТТАРЫ

Компания қызметкерлерінің жоғары кәсіби шеберлігі — оның табысты қызмет етуінің кепілі. Сондықтан Компания әр қызметкердің қолайлы жұмыс жасауы мен әлеуетін іске асыру үшін олардың жеке басының және кәсіби дамуы үшін тең мүмкіндіктер бере отырып, барлық қажетті жағдайларды жасауға ұмтылады. Әрбір қызметкер Компания ұсынған мүмкіндіктерді пайдалана отырып, сондай-ақ өз бетінше өзінің кәсібилігін арттыруға ұмтылады.

Біз кездесулерге, талқылауларға, сұхбат құруға ашықпыз, мүдделі тұлғалармен өзара мүдделерді, Компания мен мүдделі тұлғалар арасында құқықтар мен теңгерімнің сақталуын есепке алуға негізделген ұзақ мерзімді ынтымақтастықты құруға ұмтыламыз.

Қағидаларды сақтау бізге ортақ мақсаттармен, мінез-құлық мәдениетімен және дәстүрлермен біріккен кәсібилер командасы болып қалуымызға мүмкіндік береді, сондай-ақ Компанияның өз ішінде де, сол секілді іскер серіктестермен және клиенттермен лайықты деңгейде өзара түсіністікті қолдауға көмектеседі.

Біз өндірістік қызметті қоршаған ортаны қорғап, және өзіміз қарым-қатынаста болатын қоғамдастыққа құрмет көрсете отырып жүргізуге ұмтыламыз. Біздің еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және жалпы қауіпсіздік саласындағы мақсаттарымыз — жазатайым оқиғаларды болдырмау, денсаулыққа зиян тигізбеу және қоршаған ортаға залал келтірмеу.

Біз әлемді энергиямен қамтамасыз етеміз және оны қауіпсіз әдістермен жасауға тырысамыз.

Біз корпоративтік басқару жүйесінің негізгі компоненті ретінде тәуекелдерді басқарудың маңыздылығын сезінеміз және Компанияның құны мен беделіне теріс әсер етуі мүмкін тәуекелдерді уақытылы сәйкестендіруге және олардың деңгейін төмендетуге бағытталған қажетті шараларды қолданамыз.





## СТРАТЕГИЯ

Электр энергетикасы – экономиканың негізгі инфрақұрылымдық саласы, оған өндірістік кешеннің, қызмет саласының толыққанды қызметі мен жұмысының тиімділігі, сондай-ақ Қазақстан Республикасы халқының өмір сүру сапасы тәуелді.

Компанияның алдында жоғары экономикалық тиімділікті, инновациялық жетілдірудің және әлеуметтік жауапкершіліктің озық стандарттарын үйлестіре отырып, ішкі тұтынушылар мен экспортты энергия ресурстарымен қамтамасыз етудің оңтайлы ара қатысын қамтитын теңгерімделген даму моделін қалыптастыру міндеті тұр. Компанияның органдары, лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері даму стратегиясына сәйкес шешім қабылдайды.

Ішкі және сыртқы ортаның өзгеруіне, оның ішінде: Қазақстандағы электр қуаты нарығын енгізу мерзімінің 2019 жылға ауыстырылуына, ЖЭК саласындағы реттегіш ортаның өзгеруіне, мемлекеттік жекешелендіру бағдарламасының түзетілуіне, инвестициялық жобалар тізбесінің және негізгі параметрлерінің өзгеруіне, өндірістік және операциялық процесстерді цифрландыру жөніндегі жаңа

трендке байланысты «Самұрық-Энерго» АҚ 2018 жылы Компанияның 2018–2028 жылдарға арналған жаңа Стратегияны бекітті.

Стратегия ұлттық энергетикалық қауіпсіздік жүйесін стратегиялық жоспарлау саласындағы мемлекеттік саясатты ескеріп, Қордың негізгі стратегиялық бағыттарына, мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келеді және «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобындағы Стратегиялық және бизнес жоспарлау жөніндегі корпоративтік стандартқа сәйкес әзірленді.

Стратегияны қалыптастыру кезінде «Самұрық-Энерго» АҚ Біріккен Ұлттар Ұйымының Жаһандық шартында бекітілген орнықты даму қағидаттарын ұстанады, бірақ олармен ғана шектелмейді.

Акционерлер үшін құндылық қалыптастыру, орнықты даму қағидаттарын басшылыққа ала отырып, энергия ресурстарын сенімді жеткізу, жоғары технологиялық даму жолымен артып отырған сұранысты қанағаттандыру

Тиімді жоғары технологиялық операциялық энергетикалық компания – Қазақстан энергетикасының көшбасшысы

МИССИЯ

ПАЙЫМДАУ

### «Самұрық-Энерго» АҚ жағдайының SWOT-талдауы

- Күшті жақтары**
1. Өндіруде өзіндік құны төмен энергетикалық көмірдің мол қорының болуы
  2. Қазақстан Республикасындағы қуат көздері тозуының жалпы деңгейіне қарағанда тиімді энергетикалық қуаттар
  3. Мемлекет және Қор тарапынан қолдау

- Әлсіз жақтары**
1. Белгіленген қуатты пайдалану коэффициентінің төмен болуы
  2. Қарыз жүктемесінің жоғары болуы
  3. Баға ұсыныстарын басқару мүмкіндіктерінің төмен болуы



- Мүмкіндіктер**
1. Жыл сайын электр тұтыну көлемінің өсуі, бәсекеге қабілеттіліктің арту және инвестициялық бағдарламаны іске асыру есебінен электр энергиясын өндіру көлемінің артуы
  2. Экспорттық әлеуеттің дамуы
  3. Нарық қажеттілігіне сәйкес қуат балансын оңтайландыру (ЖЭС, ЖЭО, СЭС, ЖЭК)
  4. Стратегиялық серіктеспен бірлесіп, ЖЭК-өндірісінің дамуы
  5. Көмірді пайдалану бағыттарын кеңейту, оның ішінде байыту есебінен кеңейту

- Қауіптер**
1. Байланысты өндіруді сақтау және кеңейту
  2. Өндіруші қуаттардың сұранысы мен ұсыныстарының арасындағы айырмашылықтың өсуі
  3. Экологиялық заңнаманы шамадан тыс күшейту
  4. ЕАЭО-ның бірыңғай электр энергетикалық нарығын дамыту есебінен Қазақстан Республикасының нарығына қолжетімділікті арттыру
  5. Көрші елдердегі геосаясаттың тұрақсыздығы
  6. Қуат нарығын одан әрі ауыстыру
  7. Валюталардың айырбас бағамының өзгеруі себебінен ірі инвестициялық жобалардың қымбаттауы



## Негізгі қауіп-қатерлер

Қазіргі уақытта Компанияның алдында оның ағымдағы жағдайының, сыртқы ортаның сипаттамалары мен даму үрдістерінің салдары болып табылатын бірқатар негізгі ішкі және сыртқы қауіп-қатерлер тұр.

### НЕГІЗГІ СЫРТҚЫ ҚАУІП-ҚАТЕРЛЕР

#### 1. Қуат нарығын ендіру

Жүйелік оператордың деректеріне сәйкес 2018 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша жылу электр станцияларының жалпы белгіленген қуаты 18 845 МВт құрады, олардың 10 052 МВт немесе 53,3%-ы 30 жылдық, су электр станцияларының белгіленген қуаты – 2 671,1 МВт, оның 1 840 МВт немесе шамамен 69,1%-ы кемінде 30 жылдық.

Өндіруші жабдықтың тозу деңгейін қысқарту үшін электр қуатының нарығын ендіру қажет, ол жаңа қуаттарды салуға және жұмыс істеп тұрғандарын жаңартуға, қайта құруға мүмкіндік береді. Қуат нарығын енгізгеннен кейін электр энергиясының қолданыстағы тарифі екі бөлікке бөлінетін болады:

1) электрге арналған тариф – тұрақсыз бөлігі, ол электр энергиясына жұмсалатын шығындардың өтелімділігін қамтамасыз етеді;

2) қуатқа арналған тариф – тұрақты бөлігі, ол жаңа қуаттарды салуға және жұмыс істеп тұрғандарды жаңартуға, жаңғыртуға, қайта құруға, кеңейтуге салынған инвестициялардың қайтарылуын қамтамасыз етеді.

Қуат нарығында Бірыңғай сатып алушы енгізіледі, ол электр қуатының дайындығын қолдау бойынша қызметті орталықтандырылған сатып алу және жүктемені артуға электр қуатының дайындығын қамтамасыз ету бойынша қызметті орталықтандырылған көрсетуді жүзеге асырады.

#### 2. ЕАЭЖ жалпы электр энергиясы нарығын қалыптастыру

ЕАЭЖ-тың жалпы электр энергетикалық нарығын енгізу электр энергиясын (қуатты) сатып алу-сатумен байланысты қатарлас жұмыс істейтін электр энергетикалық жүйелер негізінде Кеңестің мүше мемлекеттерінің көтерме электр энергетикалық нарығының субъектілері арасында қатынас жүйесін құруды білдіреді.

Жалпы нарық Халықаралық шартқа қол қойылғаннан кейін 2019 жылғы 1 шілдеде енгізіледі деген болжам бар. Алайда, жалпы газ нарығын құрылғанға дейін (2025 жыл)

жалпы электр энергетикалық нарығының қызмет етуін Одақтың мүше мемлекеттері уәкілеттік еткен субъектілік құрам жүзеге асырады.

ЕАЭЖ-тың жалпы электр энергетикалық нарығының құрылуы нәтижесінде Қазақстан Республикасы Одақтың қатысушы мемлекеттерінің нарықтарына жеңілдетілген қолжетімділік алады, сондай-ақ электр энергиясының сыртқы қатысушысы үшін ішкі нарықтың ашықтығын арттырады.

#### 3. Бос қуаттардың болуы

2016 жылдан бастап электр энергиясына сұраныстың тұрақты өсуі байқалады, шамамен 5–7%. Қуаттардың ағымдағы артылуы шамамен 4 ГВт құрайды.

Негізгі артылу мөлшері Компанияның негізгі қызмет аймағы – Солтүстік энергия аймағында шоғырланған. Бұл бәсекелестіктің күшейтілуіне және қазіргі уақытта «Самұрық-Энерго» АҚ шектелген бәсекелес ортада жұмыс бойынша құзыреттер рөлінің ұлғаюына әкеп соғады.

#### 4. Көмірді сату көлемдерінің төмендеуі

Екібастұз көмірімен жұмыс істейтін меншіктік станциялар жүктемелерінің төмендеуі көмірді сату көлеміне жағымсыз әсер етеді. ҚР-дағы бөгде тұтынушылардың Екібастұз көмірін тұтынудың өсу әлеуеті шектеулі, сондай-ақ РФ-қа жеткізу көлемдері төмендеуде, оның ішінде ресей көмір станцияларының ішкі өндірушілердің көміріне немесе табиғи газға ішінара көшуінен төмендеуде.

#### 5. Экологиялық заңнама талаптарын күшейту

Қазіргі уақытта әлемде қоршаған ортаның ластау деңгейін төмендетуге арналған тұрақты тренд байқалады. Қазақстан Республикасының экология саласындағы халықаралық қатынастардың белсенді қатысушысы ретінде және «Самұрық-Энерго» АҚ экологиялық және әлеуметтік жауапты компания ретінде қабылдаған міндеттемелері қоршаған ортаны қорғау саласындағы үрдістерге проактивті әрекет жасау қажеттілігін белгілейді.


#### 6. ЖЭК-ті дамыту жөніндегі реттегіш ортаның өзгеруі

2017 жылы ЖЭК-ті пайдалануды қолдау саласында мемлекеттік саясатқа түбегейлі өзгерістер енгізілді. ЖЭК объектілерін салу үшін аукциондық сауда-саттық тетігі ендірілді. Аукциондық сауда-саттықтарға қатысу үшін қаржылық қамтамасыз етуді енгізу қажет болатын белгіленген шекті аукциондық бағалардан бастап электр

### НЕГІЗГІ ІШКІ ҚАУІП-ҚАТЕРЛЕР

1. ҚР Үкіметінің Компанияның активтерін жекешелендіру жөніндегі жоспарларын іске асыру. Жекешелендірудің 2016–2020 жылдарға арналған кешенді жоспары аясында «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша активтердің бір бөлігін жекешелендіру жоспарланады. Компанияның құнын сақтау үшін әділ нарықтық баға бойынша бұл активтерді сатуды қамтамасыз ететін бірқатар шараларды қабылдау қажет.
2. Компанияның операциялық тиімділігін түбегейлі арттыру және іске қосылған капиталдың рентабелділік көрсеткішін өсіру (ROACE) қажет.
3. Инвестициялық бағдарламаны іске асыру салдарынан Компанияға қарыз жүктемесінің деңгейі жоғары.
4. «Самұрық-Энерго» АҚ-да портфельдік/жобалық басқарудың болмауы.

Компанияның миссиясы мен пайымдауға қолжеткізу үш **СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТТЫ** іске асыру арқылы қамтамасыз етіледі:



Үш стратегиялық мақсатқа қолжеткізу нәтижесінде төмендегі стратегиялық нәтижеге қолжеткізуді қамтамасыз ету жоспарланады:

1. Қазақстан Республикасының электр энергетикалық және энергетикалық көмір нарығында орнықты көшбасшылығы.
2. Жаңа экспорттық нарықтарға шығу және оларда орнығу.


энергиясына бағаны төмендету қағидаты бойынша жүргізіледі.

#### 7. Бизнесі цифрландыру

Қазіргі уақытта әлемде өндірістік және операциялық процестерді цифрландыру тренд байқалады, ол уақытша шығындарды оңтайландыруға, операциялық тиімділікті арттыруға және автоматтандырылған режимде алынатын аналитикалық деректерді дамытуға әсер етеді.

3. Түсім ағынын арттыру және қаржылық жағдайын жақсарту.
4. Әртүрлі түріндегі өндіру объектілерін тиімді басқарудың берік базасын құру.
5. Инновациялар, орнықты даму, корпоративтік басқару және жауапты жұмыс беруші көшбасшысы мәртебесі.

Компанияның пайымдауына қолжеткізу және стратегиялық мақсаттарды орындау үшін Компания төрт **СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАСТАМАЛАРДЫ** орындауда шоғырланады:



«Самұрық-Энерго» АҚ стратегиялық бастамаларды және негізгі қызметтің стратегиялық көрсеткіштерін орындау бойынша есептерді қалыптастыру арқылы алдына қойылған мақсаттарға қол жеткізуге тұрақты мониторингілеу жүргізеді.

Мәлімдеген НҚК-ларды орындау миссия мен пайымдауды іске асыру мәнмәтініңдегі Компанияның мақсаттарына қол жеткізуге мүмкіндік береді. НҚК жүйелілік

қағидатын негізінде қалыптастырылады және Акционер тарапынан «Самұрық-Энерго» АҚ деңгейіне каскадталған НҚК-ларды қамтиды.

Стратегиялық көрсеткіштердің мақсатты мағыналары көрсеткіштерді есептеу әдістемесіне сәйкес, сондай-ақ макроэкономикалық және салалық үрдістерді ескере отырып есептелді.

## СТРАТЕГИЯЛЫҚ НҚК-ЛАРДЫ ОРЫНДАУ

№	Атауы	2016 ж. факт	2017 ж. факт	2018 ж. факт	2019 болжал	2020 болжал
1	Экономикалық қосылған құн (EVA), млн. теңге*	(44 355)	(47 130)	(31 791)	–	–
2	Қарыз/EBITDA (қатынасы)	5,41	4,64	3,18	3,82	2,56
3	Даму және дивидендтер үшін бос құралдар, млн. теңге*	24 201	36 742	57 203	–	–
4	NAV, млн. теңге	412 874	382 946	385 304	397 228	421 374
5	Трансформациялаудың жол картасын іске асыру (жобалар бойынша), %*	94,1	65	76,5	–	–
6	Корпоративтік басқару рейтингі	–	B	BB	---	BBB
7	Қазақстан Республикасында электр энергиясы нарығының үлесі	23,9%	28,0%	29,7%	29,0%	30,0%
8	Таза табыс, млн. теңге**	17 759	(27 884)	3 241	6 779	24 147
9	ROACE**	3,87%	-1,20%	2,99%	4,02%	6,2%
10	LTIFR**	0,23	0,17	0,28	0,24	0,23

\* 2019 ж. бастап Стратегиялық НҚК тізімінен жойылды

\*\* 2019 ж. бастап Стратегиялық НҚК тізіміне енгізілді

Жалпы алғанда Компанияның Стратегиялық көрсеткіштері 2016–2020 жж. кезеңіне қарай жақсару үрдісіне ие. Өсудің негізгі факторлары ішкі нарықта электр энергиясы мен қуаттың сату көлемдерін арттыру, қуатқа жеке тарифтерді алу, технологиялық мұқтаждарға отын мен судың шекті шығындарын қысқарту, ОЭР-энергияны үнемдеуге шығындарды оңтайландыру, сондай-ақ қарыз жүктемесін төмендету.

Бұдан бөлек, стратегиялық көрсеткіштерге әсер ететін жағымсыз факторлар теріс баға айырмашылығы, өндірістік сипаттағы жұмыстар мен қызметтерге бағалардың қымбаттауы, сондай-ақ 2019 жылдан бастап электр энергиясына орташа салмақтанған тарифтің азаюы болып табылады.

## КОМПАНИЯ ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

Қазіргі уақытта Компанияның өндіруші қуаттарының негізін көмірмен жұмыс істейтін конденсациялық энергия блоктары құрайды. Таяу келешекте Компанияның ЖЭК жобаларына қатысуына қарамастан көмір өндірісі «Самұрық-Энерго» АҚ басты құзыреті болып қала береді.

Осыған орай, өндірісті дамыту жөніндегі жұмыс аясында негізгі екпін қолда бар қуаттардың операциялық тиімділігін арттыруға, оның ішінде: өндірістік шығындарды оңтайландыруға, жабдықты тиімді пайдалану мен жөндеуге, инновациялық дамуға және инвестициялық бағдарламаларды тиімді іске асыруға бағытталған.

### Қолда бар қуаттардың операциялық тиімділігін арттыру

Станциялар өндіретін электр энергиясының өзіндік құнын төмендету бөлігінде пайдаланылатын отынға жұмсалатын шығындарды төмендету бойынша жұмыс жүргізілуде және келешекте іске асырылатын болады. Компания бірақатар шараларды іске асыра отырып, осы міндетті орындайды, оның ішінде:

1. Энергия блоктарының жұмыс режимін оңтайландыру
2. Су бойынша технологиялық мұқтаждарға жұмсалатын шығындарды төмендету
3. Энергияны үнемдеу және энергия тиімділігі бағадарламасын іске асыру
4. Өзге шаралар.

### Қаржылық тұрақтылықты арттыру

Орта мерзімдегі кезеңде Компания қаржылық тұрақтылықты сақтау және күшейту жөніндегі шараларды күшейтеді. Аталған стратегиялық бастама қарызды тиімді басқаруға және капиталдың оңтайлы құрылымына қол жеткізуге мүмкіндік береді.

### Инновациялық даму және цифрландыру

Қазіргі уақытта, Компанияның инновациялық даму бағдарламасын іске асыру аясында қызметтің тиімділігін арттыруға бағытталған жобалар іске асырылуда, оның ішінде:

- 1) Цифрлық электр станциясы. Жоба өндірістік-технологиялық деректерді орталықтандырылған жинақтауды өндіру, өндірістік процесстерді және тораптардың, агрегаттардың, жабдықтың және өндірістік-техникалық платформа негізінде «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының өндірістік процесстерді мониторингілеу жүйелерінің (цифрлық диспетчерлеу) техникалық жағдайын қашықтықтан мониторингілеу және болжалдау мүмкіндігін қарастырады. Бұл шынайы деректерді алуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.
- 2) Назарбаев Университетімен бірлесіп күлі көп көмірді жағу үшін қайнау қабатын және айналмалы қайнау қабатын пайдалану мүмкіндігін зерттеу жүргізуде (көмір күлдігі 50% және одан жоғары – Екібастұз кен орынының №3 қыртасы және құнарлылағы азайған көмір/байытылған көмірдің қалдықтары).
- 3) Қазандық агрегаттарын мазутсыз жағу жүйесі плазмалық-отын жүйесін білдіреді. Аталған технология қуаты 200 МВт-тан 1000 МВт-қа дейінгі энергия блоктарда Қытай Халық Республикасында, Ресей Федерациясында, Индонезияда және т.б. тиімді қолданылады.
- 4) «Цифрлық кесік» жобасын іске асыру кесіктің тау-кен қазу және тау-кен көлігі жабдықтарының жұмыс параметрлерін автоматтандырылған бақылауды (тасымалданатын жүктің салмағы, орналасқан жері, технологиялық жағдайы, қозғалыс жылдамдығы, қысымы және шиналардағы температура және т.б.), карьерлік жүкті өзі түсіріштерді автоматтандыру және ауысымдық көрсеткіштерін талдау: сапарлардың саны, жүк айналымы, мотосағаттар, қашықтық, отын шығыны, тау-кен қазу және тау-кен көлік техникасының жүргізушілері мен машинистерінің өндірістік тәртібін автоматтандырылған бақылау және талдау: босқа тұру уақыты, жұмыстың басталу және аяқталу уақыты.



# ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫ МЕН КӨМІР НАРЫҒЫНА ШОЛУ



Электр энергетикасы Қазақстан Республикасының экономикалық және әлеуметтік салаларында негізгі рөл атқарады. Өнеркәсіпті, шағын және орта бизнесті одан әрі дамыту, халық өмірінің сапасын арттыру тұтынушыларды сенімді және сапалы энергиямен қамтамасыз етумен тікелей байланысты.

Энергетикалық саланы реттеуді тікелей мемлекеттік органдар жүзеге асырады.

Уәкілетті орган атынан Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі 2004 жылғы 9 шілдедегі № 588-II «Электр энергетикасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңы негізінде электр энергетикасы саласында басшылық жасайды.

Уәкілетті орган атынан Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі 2009 жылғы 4 шілдедегі № 165-IV «Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы негізінде ЖЭК саласында басшылық жасайды.

Мемлекеттік орган атынан Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды

реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті 2018 жылғы 27 желтоқсандағы № 204-VI «Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, табиғи монополиялар салаларында, о.і. электр энергиясын беру, өндіріс, жылу энергиясын беру, үйлестіру және қамтамасыз ету бойынша реттелетін қызметтер бойынша мемлекеттік саясатты іске асырады.

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі 2017 жылғы 27 желтоқсандағы № 125-VI «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының кодексіне сәйкес көмір өнеркәсібі саласында басшылық жүзеге асыратын мемлекеттік орган болып табылады.

## ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫНЫҢ МОДЕЛІ



### Электроэнергия нарығы

Бөлшек сауда (1 МВт-қа дейін)

- Бөлшек сауда тұтынушыларына электр энергиясын тарататын және қамтамасыз ететін ұйымдар

Көтерме (1 МВт-тан жоғары)

- Қатысушылары электр энергиясын өзара келісілген шарттарда сатып алатын және сататын орталықсыздандырылған нарық
- Операторы «Электр энергиясы мен қуаты нарығының Қазақстандық операторы» АҚ болып табылатын орталықтандырылған нарығы
- Күн сайынғы негізде теңгерімсіздікті жою үшін теңгерімделген нарық (имитациялық режимде қызмет етеді)
- Электр энергиясын беруді және қуаттарды резервке қояды қоса алғанда жүйелік қызметтердің нарығы

2019 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстанда қуат нарығы жұмыс істей отырып, Бірыңғай сатып алушы моделі енгізілді, оның мақсаты электр энергетикасы саласына инвестицияларды тарту үшін қолайлы жағдай туғызу, электр энергиясына сұранысты қанағаттандыру, энергиямен сенімді қамтамасыз етудің қажетті деңгейін қолдау және саланың экспорттық әлеуетін дамыту үшін жеткілікті көлемде жаңа өндіруші қуаттарды құру болып табылады.


Теңгерімделген нарықтың электр энергия (электр энергиясын орталықтандырылған және орталықтандырылмаған саудасы) мен электр қуаты нарықтарының (қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді) жұмыс істеуі болжалады.

Орталықсыздандырылған нарық бұл электр станциялардың электр энергиясын сатып алу-сату шарттарын тікелей тұтынушылармен жасауын білдіреді. Орталықтандырылған нарық электр энергиясына сатып алу шарттарын жасасу мақсатында бірыңғай алаңда электр энергиясын сатуды білдіреді. Теңгерімделген нарықтың функциясы жүйелік оператордың шынайы уақыт режимінде электр энергиясын жеткізу мен тұтынудың фактілі көлемдерін жоспарлы көлемдерден ауытқуларды реттеу болып табылады.

Тарифтер бойынша шешімдер елеулі дәрежеде әлеуметтік және саяси мәселелердің әсеріне ұшырайды. ҚР Үкіметінің экономикалық, әлеуметтік және өзге де саясаттары «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының операциялық қызметіне елеулі әсер етуі мүмкін.



## 2019 жылғы 1 қаңтардан басталатын электр энергиясы мен қуат нарығының моделі




ҚУАТ НАРЫҒЫ МОДЕЛІ



Электр қуаты нарығын өндірістен кейін энергия өндіруші ұйымдардың тарифтері 2 құрамдасқа бөлінеді: электр энергиясына арналған тариф және электр қуатын дайындауда ұстап тұруға арналған тариф. Электр энергиясына арналған тариф және электр қуатын дайындауда ұстап тұруға арналған тариф.

ясына арналған тарифке ауыспалы операциялық шығындар жатады. Электр қуатын дайындауда ұстап тұруға арналған тарифке инвестициялық шығындар жатады.

## Қазақстан электр энергиясының балансы



2018 жылы ҚР электр станцияларының белгіленген қуаты 21 902 МВт құрады, бұл алдыңғы жылмен салыстырғанда 220 МВт-қа артық.


оңтүстік аймаққа беріледі және Ресей Федерациясына экспортталады.

ҚР электр станцияларының қолда бар қуаты 18 894,9 МВт құрады, бұл алдыңғы жылмен салыстырғанда 103,5 МВт-қа артық, о.і. Солтүстік аймақта – 38,7 МВт-қа, Батыс аймақта – 21,3 МВт-қа, Оңтүстік аймақта – 43,5 МВт-қа өсті.

Оңтүстік аймақ солтүстік аймақтан жеткізулер есебінен жабылатын электр энергиясының тапшылығымен сипатталады.

Қазақстандағы электр энергиясын өндіру әсіресе жылу электр станцияларында жүзеге асырылды – 87%, су электр станциялары – 12%, ЖЭК үлесі шамамен 1,3% құрады.

ҚР-дағы электр энергиясын өндіру және тұтыну, млн. кВтс



Алдыңғы жылдардағыдай, үйінділердегі тотықтандыру-қалпына келтіру процестеріне тұрақты мониторинг жүргізілді. Үйінділерді түзудің технологиялық сызбаларын қатаң сақтау, көмір жыныстарының жаңа тотықтандыру-қалпына келтіру процесінің жаңа ошағы пайда болуының инкубациялық кезеңінен аспайтын мерзімде экскаватор тегінділері мен үйінділердің жаппаларын инертті жыныстармен оқшаулау олардың даму қарқынын төмендетуге және алаңдарды бульдозермен тегістеу және вибрациялық катокпен тығыздау бойынша орындалатын жұмыстарды азайтуға көмегін тигізді.


Іргелес аумақтағы сыртқы тау жыныстары үйінділерінің әсерін зерттеу мақсатында жер асты суларының сапасы бақылаушы ұңғымалар желісінің көмегімен үнемі бақылауда болды.

Бұдан бөлек, кәсіпорында шығарылатын өнімнің – көмір мен қиыршық тастың сапасының нормативтік талаптарға сәйкестігіне, оның ішінде табиғи радионуклидтердің мен-


шікті белсенділігіне және радиоактивті қауіптілік класына тұрақты бақылау жүргізілді.

Биыл «Богатырь Көмір» ЖШС қайта өңдеумен, залалсыздандыру, кәдеге асыру, қауіпсіз жою және пайдалы тұтынумен айналысатын сырт ұйымдар мен кәсіпорындарға беру арқылы «жасыл» экономикаға энергия үнемдеу және қалдықтарды қайта пайдалану, оларды азайту бойынша қолдау көрсетуді жалғастырды. Кәсіпорында пайда болған өндіріс және тұтыну қалдықтарының қалған түрлерін орналастыру үшін қалдық полигондарының меншік иелерімен шарттар жасалды.


«Богатырь Көмір» ЖШС-ның перспективті жоспарлары Қазақстанның энергетика саласының «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС, «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ, Қарағанды 3-ЖЭО жаңа энергия қуаттарын өндіру және Нұр-Сұлтан қ. энергия жүйесін қайта құру жөніндегі ірі жобалармен, сондай-ақ Балқаш ЖЭС-і мен Талдықорған қаласында ЖЭО салумен байланысты.



#### ЭКОЛОГИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР



#### ӘЛЕУМЕТТІК КӨРСЕТКІШТЕР



#### ҚАРЖЫ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.
Таза табыс/залал	млн. теңге	11 191	21 960	28 334
ЕБИТДА	млн. теңге	22 785	34 506	41 441
ЕБИТДА Margin	%	36,4	43,3	45,5

#### ӨНДІРІСТІК ҚЫЗМЕТТІҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

Атауы	Өлшем бірлігі	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.
Көмір өндіру көлемі	млн. тонна	35,1	40,4	44,9
ҚР-дағы көмір сату көлемі	млн. тонна	25,9	30,7	35,6
өз ЭС-ға	млн. тонна	11,5	15,6	18,1
сыртқы ЭС-ға	млн. тонна	14,4	15,1	15,9
Көмірді экспорттау көлемі	млн. тонна	9,2	10,2	9,6

Толық ақпаратты Сіз компанияның [www.bogatyr.kz](http://www.bogatyr.kz) сайтынан ала аласыз



# 05

## КОМПАНИЯ ҚЫЗМЕТІНЕ ҚАРЖЫ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ШОЛУ

### ЕСЕПТІ КЕЗЕҢДЕГІ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАР

#### 2 ТАМЫЗ

«Интер РАО» ЖАҚ бастамасы бойынша Ресей компаниясының «Интер РАО» ЖАҚ және «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС арасында жасалған шарт аясында өзара іс-қимыл моделін қарастыру қажеттілігі себебіне орай «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС-дан электр энергиясын импорттау тоқтатылды. Сондай-ақ «Интер РАО» ЖАҚ «Ресей – Солтүстік Қазақстан – Ақтөбе» экспорт-импорт және «БЭЖ ЭО» АҚ мен «KEGOC» АҚ арасында ақпарат алмасу қағидаттары негізінде бәсекелестік таңдау нәтижелерін бір тәулік бұрын синхрондауға қатысты Қазақстан БЭЖ бен Ресей БЭЖ-дің параллельді жұмыс режимін жоспарлау бойынша ережені пысықтау туралы бастама жасалды

#### 28 ҚАРАША

ҚР Энергетика министрлігі электр энергиясына шекті тарифтерді қалыптастырған кезде ескерілетін шығындардың құрамын толықтыру бөлігінде «Электр энергиясына шекті тарифті бекіту туралы...» қағидатына өзгерістер мен толықтырулар енгізді

#### 29 ҚАРАША

ҚР Энергетика министрлігі Қуат нарығының енгізілуіне байланысты 590 мың теңге/МВт\*ай мөлшерінде электр қуатын дайындықта ұстап тұру бойынша қызметке бірыңғай шекті тарифті бекітті

#### 30 ҚАРАША

«Самұрық-Энерго» АҚ үшінші шығарылым облигацияларын 21,7 млрд. теңге сомасында бірінші облигациялық бағдарлама аясында орналастырды

#### ТАМЫЗ-ЖЕЛТОҚСАН

ҚР Президентінің тапсырмасын орындау үшін және ҚР Үкіметінің 2019 жылға арналған ҰЭМ ТМРТЖТҚҚ реттейтін субъектілері үшін ТКШ қызметтеріне тарифтерді төмендету бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстарға сәйкес, «Алматы Электр Станциялары» АҚ (жылу энергиясына арналған тарифтер), «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ және «АлматыЭнерго-Сбыт» ЖШС үшін 2019 жылға арналған тарифтер төмендетілді. Төмендетілу себептері шығындарды төмендету және субъектілердің табысын жою, газға арналған құнды төмендету, өтемақы төленетін тарифтерді енгізу болып табылады

#### 8 ҚАРАША ЖӘНЕ 5 ЖЕЛТОҚСАН

«Самұрық-Энерго» АҚ Азия Даму Банкімен жалпы сомасы 120 млн. АҚШ доллары мөлшерінде теңгемен кредиттік келісімдер жасады

#### 14 ЖЕЛТОҚСАН

ҚР Энергетика министрлігі Қуат нарығының енгізілуіне байланысты 2019–2025 жж. кезеңіне 43 ЭӨҮ тобы үшін электр қуатына шекті тарифті бекітті. Тарифтер 2019–2025 жж. кезеңге бекітілді. ҚР Энергетика министрлігі ЭӨҮ үшін электр энергиясына шекті тарифтерді есептеу кезінде ескерілетін бұрын бекітілген табысты жою бөлігінде «Электр энергиясына шекті тарифтерді есептеу кезінде ескерілетін бұрын бекітілген табысты анықтау әдістемесіне» өзгерістер мен толықтырулар енгізді (бұрын бекітілген Әдістемеде табыстың деңгейі 12% құрады)

### МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ФАКТОРЛАР


Статистика комитетінің деректері бойынша 2018 жылғы желтоқсанда тұтынушылық инфляция алдыңғы аймен салыстырғанда баяулады және 0,7% құрады (қарашада 0,9%), жылдық мәнінде 5 жыл ішіндегі минимумға жетіп, 5,3% құрады (2017 жылы 7,1%). Бағаның жылдық артуына негізгі үлесті жекелегенде +1,9% азық-түлік және азық-түлік емес тауарлар, сондай-ақ +1,5% қызметтер қамтамасыз етті. (дереккөз: ҚР ҰБ)

#### Валюта бағамдарының динамикасы:

	31.12.2017 жыл	31.12.2018 жыл	%
KZT/USD	332,33	384,2	116
KZT/EUR	398,23	439,37	110
KZT/RUB	5,77	5,52	96







## ЕСЕПТІК САЯСАТ ҚАҒИДАТТАРЫ

Компанияның 2018 жылғы электр энергетикасы және көмір салаларындағы жұмысы бекітілген жоспарға сәйкес жүзеге асырылды.

Қаржылық-шаруашылық қызметтің қорытындылары туралы есепті құрастырған кезде бірыңғай тәсілді қолдану мақсатында «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы үлестік қатысу әдісін қолданады. Бұған қоса, қолданыстағы есептік саясатқа сәйкес негізгі құралдарды және материалдық емес активтерді көрсету бастапқы құн бойынша, яғни қайта бағалауды ескермей жүргізіледі. Еншілес ұйымдар сатып алу тәсілі бойынша шоғырландырылған қаржылық есептілікке енгізіледі. Сатып алынған сәйкестендірілетін активтер, сондай-ақ бизнесті біріктірген кезде алынған міндеттер және шартты міндеттер бақы-

ланбайтын қатысу үлесінің мөлшеріне тәуелсіз сатып алу күніне әділ құн бойынша көрсетіледі.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде, шоғырландырылған теңгерімде үлестік қатысу әдісін қолданған кезде «Самұрық-Энерго» АҚ тарапынан иелік ету үлесі 50% құрайтын «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ, «ForumMuiderB.V.» көмір активтері компаниясы сияқты ірі компаниялардың айналымдары алынып тасталды.

Шоғырландырылған қаржылық нәтижені қалыптастырған кезде «Самұрық-Энерго» АҚ аталған компаниялар бойынша табыс үлесі «үлестік қатысу әдісі бойынша ескерілетін ұйымдардың табыс/залал үлесі және инвестицияларды құнсыздандыру» бабында көрсетілген.

## ҚАРЖЫЛЫҚ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

№ р/с	Көрсеткіш, млн теңге	2016 (факт)	2017 (факт)	2018 (факт)	2019 (болжал)	2020 (болжал)
<b>1</b>	<b>Өнімді іске асырудан және қызмет көрсетуден түскен табыс</b>	<b>181 310</b>	<b>219 892</b>	<b>260 400</b>	<b>255 094</b>	<b>286 085</b>
1.1.	Электр энергиясын өндіру	124 085	151 861	185 355	170 870	195 569
1.2.	Энергиямен қамтамасыз ететін ұйымдардың электр энергиясын сатуы	90 284	94 458	96 955	95 854	103 327
1.3.	Жылу энергиясын өндіру	13 991	17 370	21 674	20 015	20 005
1.4.	Электр энергиясын жеткізу және үйлестіру	33 448	38 058	40 020	38 384	42 364
1.5.	Химиялық тазартылған суды сату	1 662	1 672	1 824	1 790	1 827
1.6.	Жалға беру	3 504	3 289	3 542	3 502	3 502
1.7.	Өзгелер	778	1 701	1 597	3 790	3 865
<b>2</b>	<b>Сатылған өнімнің және көрсетілген қызметтердің өзіндік құны</b>	<b>(136 127)</b>	<b>(159 611)</b>	<b>(188 356)</b>	<b>(205 395)</b>	<b>(219 707)</b>
2.1.	Электр энергиясын өндірудің өзіндік құны	(91 658)	(107 795)	(129 110)	(132 047)	(142 070)
2.2.	Энергиямен қамтамасыз ететін ұйымдардың электр энергиясын сатудың өзіндік құны	(88 644)	(91 817)	(95 938)	(95 014)	(102 133)
2.3.	Жылу энергиясын өндірудің өзіндік құны	(13 699)	(17 122)	(20 023)	(20 036)	(21 039)
2.4.	Электр энергиясын жеткізудің өзіндік құны	(26 506)	(28 337)	(30 068)	(33 181)	(34 601)
2.5.	Химиялық тазартылған суды сатуды өзіндік құны	(1 614)	(1 644)	(1 736)	(1 766)	(1 823)
2.6.	Негізгі қызметтің өзге түрлерінің өзіндік құны	(215)	(443)	(640)	(977)	(965)
	Негізгі құралдардың және материалдық емес активтердің амортизациясы	(41 053)	(43 824)	(52 364)	(50 868)	(54 474)
<b>3</b>	<b>Жалпы түсім</b>	<b>45 184</b>	<b>60 281</b>	<b>72 044</b>	<b>49 699</b>	<b>66 378</b>
4	Қаржыландырудан түскен табыс <sup>(1)</sup>	3 396	2 805	2 333	341	794
5	Өзге табыстар	6 061	3 224	5 347	787	760
6	Өнімді сатуға және қызметтерді көрсетуге жұмсалған шығындар	(3 017)	(15 145)	(14 340)	(6 316)	(8 005)
7	Жалпы және әкімшілік шығындар	(12 826)	(12 709)	(13 018)	(15 274)	(13 385)
<b>8</b>	<b>Операциялық табыс</b>	<b>29 341</b>	<b>32 427</b>	<b>44 686</b>	<b>28 109</b>	<b>44 987</b>
<b>9</b>	<b>Амортизация, пайыздар және КТС бойынша аударымдарға дейін түсім (ЕБИТДА)</b>	<b>71 581</b>	<b>77 328</b>	<b>97 825</b>	<b>80 061</b>	<b>100 575</b>
10	Қаржыландыруға жұмсалған шығын <sup>(2) (3)</sup>	(19 218)	(29 182)	(33 129)	(30 804)	(28 032)
11	Негізгі емес қызметтен болған өзге шығындар <sup>(4)</sup>	(2 056)	(5 959)	(16 549)	(692)	(362)
12	Үлестік қатысу әдісі бойынша ескерілетін ұйымдардың табыс/ залал үлесі және инвестицияларды құнсыздандыру	4 895	(26 636)	9 752	12 981	13 992
13	Тоқтатылған қызметтен түскен табыс (залал)	2 494	1 670	(1 584)	2 292	0
	Еншілес ұйымдардың шығып кетуінен түскен табыс (залал)			287		
<b>14</b>	<b>Салық салғанға дейінгі табыс (залал)</b>	<b>24 912</b>	<b>(21 650)</b>	<b>11 143</b>	<b>13 014</b>	<b>32 139</b>
15	Корпоративтік табыс салығы бойынша шығындар	(6 521)	(5 553)	(7 718)	(5 953)	(7 710)
<b>16</b>	<b>Азшылық үлесті шегергенге дейінгі қорытынды табыс (залал)</b>	<b>18 391</b>	<b>(27 203)</b>	<b>3 425</b>	<b>7 061</b>	<b>24 429</b>
17	Азшылық үлесі	632	681	184	282	282
<b>18</b>	<b>Топтың Акционерлеріне тиесілі қорытынды табыс</b>	<b>17 759</b>	<b>(27 884)</b>	<b>3 241</b>	<b>6 779</b>	<b>24 147</b>

<sup>1</sup> ҚЕ-де 2018 ж. бағам айырмашылығынан түскен түсім «өзге түсімдер» бөлімінде көрсетілді


<sup>2</sup> ҚЕ-де 2017 ж. бағам айырмашылығынан түскен сальдо «қаржылық шығын» бөлімінде көрсетілді

<sup>3</sup> ҚЕ-де 2018 ж. бағам айырмашылығынан болған залал «қаржылық шығындар» бөлімінде көрсетілді

<sup>4</sup> ҚЕ-де құнсыздандырудан болған залал (НЕТТО) «өзге шығындар» бөлімінде көрсетілді

**Ескертпе:** Табыстар мен өзіндік құнды ашып көрсету қызметтер түрі бөлігінде келтірілген (сегменттер бойынша емес) және алып тастауды ескермей көрсетілген.

2018 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша **өнімді сатудан және қызмет көрсетуден түскен түсім** 260 400 млн теңгені құрады:



**Қызметтің негізгі түрлері бойынша 2018 жылғы табыстың құрылымы**



**Алдағы кезеңге болжам:** 2019 ж. болжамда сатудан түсетін табыс 255 094 млн. теңге мөлшерінде жоспарланады, ол 2018 ж. фактіден 5 306 млн. теңгеге немесе 2%-ға төмен. Азаю электр энергиясын өндіру мен беруге арналған тарифтердің төмендеуіне негізделген.

2020 ж. болжамда негізінде «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС есебінен электр энергиясын өндіру бойынша табыстың өсуіне байланысты 2019 ж. болжамға қарағанда табыстың ұлғаюы байқалады. Сондай-ақ, көлемдер мен тарифтерді арттыру есебінен электр энергиясын жеткізуден және сатудан түскен табыстың өсуі болжанады.

Электр энергиясын өндіру сегменті бойынша шоғырландырылған түсімнің өсімі электр энергиясын сату көлемінің және тарифтің өсуі есебінен жүзеге асты. Негізгі өсім электр энергиясын сату көлемін 14 113 млн. кВт·сағ-тан 18 340 млн. кВт·сағ-қа дейін арттыру және орташа салмақтанған тарифті 6,39 тенге/кВт·сағ-тан 6,8 тенге/кВт·сағ-қа дейін арттыру есебінен «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС кәсіпорны есебіне жатқызылды.

Үйлестіру және сату (өткізу) сегменттері бойынша түсім өсімі көлемдер мен тарифтердің артуымен байланысты.

**Өндірушілеріне қарай бөлгенде өнімді сатудан және қызмет көрсетуден түскен табыс**

Көрсеткіш, млн теңге	2016 (факт)	2017 (факт)	2018 (факт)	2019 (болжал)	2020 (болжал)
<b>Өнімді сатудан және қызмет көрсетуден түскен табыс</b>	<b>181 310</b>	<b>219 892</b>	<b>260 400</b>	<b>255 094</b>	<b>286 085</b>
«Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС	62 729	90 177	125 598	114 861	125 812
«Алматыэнергосбыт» ЖШС	90 284	94 458	96 955	95 854	103 327
«Алматы Электр Станциялары» АҚ	60 761	62 349	65 542	68 114	72 892
«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ	33 848	38 658	40 258	38 572	42 555
«Мойнақ СЭС» АҚ	9 919	10 889	10 217	8 842	14 647
«БЖЭС» ЖШС <sup>1</sup>	3 435	4 388	4 460	0	0
«Шардара СЭС» АҚ	3 157	3 405	3 318	2 731	5 924
«Бұқтырма СЭС» АҚ	3 503	3 288	3 541	3 502	3 503
Energy Solution center	334	666	937	1 391	1 391
«Green Energy» ЖШС	113	131	141	339	409
<b>Топішілік айналымдар (алып тасталынған)</b>	<b>-86 773</b>	<b>-88 517</b>	<b>-90 567</b>	<b>-79 112</b>	<b>-84 374</b>

<sup>1</sup> 2019 жылы «БЖЭС» ЖШС-ның 75% үлесін сату қарастырылған

Компанияның негізгі қызметінен түскен табысының негізгі үлесін «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС, «Алматы Электр Станциялары» АҚ, «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ, «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС құрайды. Сонымен қатар, табы-

старды шоғырландырған кезде жалпы сомадан негізінде энергия өндіруші және үйлестіруші компаниялар бойынша топішілік айналымдар алынып тасталады.

**Өнім мен көрсетілетін қызметтің өзіндік құны**

Көрсеткіш, млн теңге	2016 (факт)	2017 (факт)	2018 (факт)	2019 (болжал)	2020 (болжал)
Отын	31 626	43 363	56 768	56 684	61 043
Еңбекақы және онымен байланысты шығындар	22 316	24 035	25 231	26 331	27 268
Сатып алған электр энергиясының құны	4 679	7 256	10 178	12 770	13 841
Негізгі құралдардың тозуы және МЕА амортизациясы	41 053	43 824	52 364	50 868	54 474
Жөндеу және дайындықта ұстап тұру	6 416	6 517	6 344	9 191	9 599
Электр энергиясын жеткізу бойынша қызметтер және өзге қызметтер	7 444	8 506	10 019	10 769	12 417
Материалдар	1 880	1 762	1 773	2 510	2 629
Сумен қамтамасыз ету	3 835	4 455	4 664	4 758	5 651
Желілердегі шығындар	198	205	193	1 317	1 363
Салықтар, табыс салығын қоспағанда	3 971	4 143	4 876	5 687	5 948
Қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлем	1 984	2 909	4 036	4 468	4 976
Бөгде ұйымдардың қызметтері	7 528	7 394	8 219	17 048	17 416
Басқа	3 198	5 241	3 690	2 993	3 083
<b>БАРЛЫҒЫ</b>	<b>136 127</b>	<b>159 611</b>	<b>188 356</b>	<b>205 395</b>	<b>219 707</b>


<sup>1</sup> ҚЕ-де 2017 ж. қоршаған ортаға енгізілген эмиссиялар үшін төлем «Басқалар» бабында көрсетілген

<sup>2</sup> ҚЕ-де 2018 ж. қоршаған ортаға енгізілген эмиссиялар үшін төлем «Салықтар, табыс салығын қоспағанда» бабында көрсетілген

2018 жылғы қорытынды бойынша **өзіндік құн** 188 356 млн. теңгені құрады, бұл 2017 ж. фактіден 18%-ға жоғары. Негізінде ұлғаю өндіріс және сату көлемдерінің өсуіне байланысты, сондай-ақ тауарлар мен қызметтер-

ге бағалардың ұлғаюы есебінен ауыспалы шығындар бойынша болды. Сондай-ақ негізгі құралдардың қызмет ету мерзімін қарастыру есебінен 19%-ға амортизацияның ұлғаюы байқалады (әсіресе «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС-да).

**Қызметтің негізгі түрлері бойынша өзіндік құнның құрылымы**






**Алдағы кезеңге болжам:** 2019 ж. болжамда сатылған өнімнің және көрсетілген қызметтің өзіндік құны арттырылған, бұл тауарлар мен қызметтер бағаларының өсуіне негізделген. Атап айтқанда, бөгде ұйымдардың қызметтеріне жұмсалған шығындар бойынша елеулі ұлғаю және қуат нарығының енгізілуіне байланысты жүктемені артуға электр қуатын дайындықта ұстап тұруды қамтамасыз ету жөніндегі қызметтердің туындау есебінен

байқалады (бірыңғай оператор үшінші тарап болып табылады, осыған байланысты Компанияның топшілік айналымдарды төмендетіледі). 2020 ж. болжалда өзіндік құн бойынша шығындар өндіріс және сату көлемдерінің өсуіне байланысты ауыспалы шығындар бойынша табыстың өсуі есебінен, сондай-ақ тауарлар мен қызметтер бағасының артуы есебінен ұлғайды.


**Сатуға арналған шығын, млн. теңге**



2018 ж. қорытындысы бойынша сатуға арналған шығындар 2017 ж. қарағанда 805 млн. теңгеге азайды және 14 340 млн. теңгені құрады. Аталған ауытқу экспортталатын электр энергиясын жеткізуге 0,87 деңгейінде уақытша төмендетілген коэффициенттің енгізілуінен, сондай-ақ «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС бойынша РФ-ға электр энергиясын экспорттау көлемінің төмендеуінен болды.

**2019 ж. болжамда** 2018 ж. фактіге қарағанда сату шығындарының төмендетілуі электр энергиясын РФ-ға экспорт жасалмауына байланысты 56% құрады.


**Әкімшілік шығыстар, млн. теңге**



2018 ж. қорытындысы бойынша әкімшілік шығындар 13 018 млн. теңгені құрады, бұл 2017 жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда 309 млн. теңгеге немесе 2%-ға көп.

**Алдағы кезеңге болжам:** 2019 ж. болжамда әкімшілік шығыстар 2018 ж. деңгейден жоғары және 15 274 млн. теңгені құрайды. Ұлғаю негізінен трансформациялауға жоспарланатын шығыстар және инфляцияға жыл сайын индексстеу жүргізу есебінен болды. 2020 ж. болжамда әкімшілік шығыстар 2019 ж. болжалмен салыстырғанда 1 888 млн. теңгеге төмендетілді және трансформациялау шығыстарының төмендеуіне байланысты 13 385 млн. теңгені құрады.

**Қаржылық шығыстар, млн. теңге**



2018 ж. қорытындысы бойынша қаржылық шығыстар 33 129 млн. теңгені құрады, бұл 2017 ж. нақты көрсеткіштен 3 947 млн. теңгеге жоғары. Қаржыландыруға арналған шығыстардың ұлғаюы негізінде 2017 ж. ішіндегі долларлық еурооблигациялар бөлігінде өзара сабақтастықтың барынша жоғары мөлшерлемесі бар теңге номиналындағы заемдық құралдармен қайта қаржыландыру есебінен болған.

**Алдағы кезеңге болжам:** 2019–2020 жылдардағы болжалда қаржыландыруға арналған шығыстар заемдарды жыл сайын төлеу есебінен төмендейді.

**Бірлескен және қауымдастырылған кәсіпорындардың пайдасындағы үлес және инвестицияларды құнсыздандыру**

Көрсеткіш, млн теңге	2016 (факт)	2017 (факт)	2018 (факт)	2019 (болжал)	2020 (болжал)
Бірлескен және қауымдастырылған кәсіпорындардың пайдасындағы үлес	4 895	(26 636)	9 752	12 981	13 992

2018. үлестік табыс ұқсас кезеңге қарағанда 36 388 млн. теңгеге ұлғая отырып, 9 752 млн. теңгені құрады.

**Негізгі өзгерістер төмендегі активтер бойынша болды:**

«Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ – өткен жылмен салыстырғанда залалдың 6 134 млн теңгеге азаюы мына факторларға байланысты:

- оперциялық пайданың 1 841 млн. теңгеге өсуі (э/э орташа салмақтанған тарифті 6,6 теңге/кВт·сағ-тан 7,53 теңге/кВт·сағ-ға дейін арттыру);
- активтерді құнсыздандырудан болатын шығындардың болмауы (2017 ж. активтерді құнсыздандырудан болған шығыстар 5 844 млн. теңге сомасында көрсетілген);
- бағам айырмашылығы бойынша шығыстардың 2 997 млн. теңге сомасына артуы.

Forum Muider – пайданың 2 682 млн. теңгеге ұлғаюы негізінде «Богатырь-Комир» ЖШС бойынша ішкі нарықта көмірді сату көлемінің 4 859 мың тоннаға (16%) ұлғаюы және экспорт бағасының 6,7%-ға ұлғаюы есебінен болды.


«Балқаш ЖЭС» АҚ – 2017 ж. «Самұрық-Энерго» АҚ БЕХС-тің «Активтердің құнсыздануы» 36-ға сәйкес БЖЭС-тегі

**Тоқтатылған қызметтен түскен пайда (залал)**

Көрсеткіш, млн теңге	2016 (факт)	2017 (факт)	2018 (факт)	2019 (болжал)	2020 (болжал)
Тоқтатылған қызметтен түскен пайда	2 494	1 670	(1 584)	2 292	–

2018 ж. қорытындысы бойынша 1 000 млн. теңге мөлшеріндегі тоқтатылған қызметтен болған залал «Манғышлак Мұнай» ЖШС және «Тегіс-Мұнай» ЖШС активтерінің құнын нарықтық бағаға дейін жеткізу есебінен болды. Сондай-ақ «Манғышлак Мұнай» ЖШС-да ҚХЕС 37-ге сәй-

**Үлестік пайданың өзгеру динамикасы, млн. теңге**



инвестицияларды құнсыздандырудан болған шығындарды танығандықтан 2018 ж. шығын 27 571 млн. теңгеге азайды.

2019 ж. жоспарда пайда үлесі 12 981 млн. теңгені, 2020 ж. – 13 992 млн. теңгені құрайды.

кес өңірді әлеуметтік-экономикалық дамытуға арналған төлемдер бойынша міндеттемелер есептелді.

2019 жылғы болжалда тоқтатылған қызметке «Манғышлак Мұнай» ЖШС, «Тегіс Мунай» ЖШС, «БЖЭС» ЖШС және «EWP» ЖШС активтері жатқызылды.

## КОМПАНИЯНЫҢ ҚЫЗМЕТ ТҮРЛЕРІН ТАРИФТІК МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының және табиғи монополия мен реттелетін нарықтардың субъектілері және бәсекелес нарықта үстем жағдайды иеленетін субъектілер болып табылатын, бірлескен кәсіпорындарының операциялық қызметі «Электр энергетикасы туралы», «Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар ту-

ралы» және «Бәсекелестік туралы» заңдармен реттеледі. Энергия компаниялары қызметінің түрлеріне тәуелді тарифтік реттеу ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің немесе салалық министрлік – Энергетика министрлігінің құзыретіне жатады.

### Электр энергиясын өндіруге арналған орташа мөлшерленген тарифтер

Атауы	Өлш.бірл.	2016 ж. факт	2017 ж. факт	2018 ж. факт	2019 ж. болжал	2020 ж. болжал
«Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС	теңге/кВт•сағ	7,33	6,39	6,85	6,27	6,42
Электр энергиясына арналған тариф, теңге/кВт•сағ					5,25	5,43
Қуатқа арналған тариф, мың теңге/МВт*ай					590	611
«Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ	теңге/кВт•сағ	6,68	6,60	7,53	7,08	7,29
Электр энергиясына арналған тариф, теңге/кВт•сағ					6,07	6,27
Қуатқа арналған тариф, мың теңге/МВт*ай					590	611
«Алматы электр станциялары» АҚ	теңге/кВт•сағ	8,60	8,60	8,60	9,90	10,87
Электр энергиясына арналған тариф, теңге/кВт•сағ					8,89	9,20
Қуатқа арналған тариф, мың теңге/МВт*ай					590	980
«Шардара СЭС» АҚ	теңге/кВт•сағ	9,50	9,50	9,50	7,35	10,92
Электр энергиясына арналған тариф, теңге/кВт•сағ					6,52	6,74
Қуатқа арналған тариф, мың теңге/МВт*ай					590	3 000
«Мойнақ СЭС» АҚ	теңге/кВт•сағ	8,25	8,65	9,51	9,46	15,96
Электр энергиясына арналған тариф, теңге/кВт•сағ					7,10	7,35
Қуатқа арналған тариф, мың теңге/МВт*ай					590	2 151
«Samruk-Green Energy» ЖШС	теңге/кВт•сағ	36,13	42,12	45,11	47,37	49,02
«Бірінші жел электр станциясы» ЖШС	теңге/кВт•сағ	22,68	26,44	28,31	29,73	30,77

Есепті кезеңде мынадай тарифтер қолданылды:

— энергия өндіруші ұйымдар үшін 2009–2015 жж. кезеңге белгіленген шекті тарифтердің әрекет ету мерзімі аяқталғаннан кейін станциялар үшін 2016–2018 жж. кезеңде тарифтер 2015 ж. тарифтер деңгейінде сақталды. ҚР Үкіметінің ұлттық экономиканы қолдау жөніндегі тапсырмасын ескере отырып, 2017 ж. ішінде және қазіргі уақытқа дейін «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС және «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ 8,42 тең-

ге/кВт•сағ-тан аспайтын тарифтер бойынша электр энергиясын сатуды жүзеге асырады. ЕТҰ – «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС және «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ жататын 1-топтың ЭӨҰ-ның фактілі тарифтер электр энергиясын орталықтандырылған сауда-саттықтарда сату және электр энергиясын Ресей Федерациясына экспорттау себебінен бекітілген деңгейден елеулі төмен.

2018 ж. «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС-ның орташа мөлшерленген тарифі 6,85 теңге/кВт•сағ құрады, ол 2017 ж. деңгейден 0,46 теңге/кВт•сағ-қа (6,39 теңге/кВт•сағ) жоғары. Орташа мөлшерленген тарифтің ұлғаюы электр энергиясын орталықтандырылған сауда-саттықтарда нарықтық бағалар бойынша сату нәтижесінде болды.

2018 ж. «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ-тың орташа мөлшерленген тарифі 7,53 теңге/кВт•сағ құрады, ол 2017 ж. деңгейден 0,93 теңге/кВт•сағ-қа (6,60 теңге/кВт•сағ) жоғары. Орташа мөлшерленген тарифтің ұлғаюы электр энергиясын орталықтандырылған сауда-саттықтарда сату нәтижесінде болды.

Ауқымды инвестициялық бағдарламаларды ескере отырып, «Мойнақ СЭС» АҚ және «Шардара СЭС» АҚ үшін 9,50 теңге/кВт•сағ мөлшерінде жеке және есептік тарифтер бекітілді, бұл ретте электр энергиясының бір бөлігін орталықтандырылған сауда-саттықтарға шығару есебінен «Мойнақ СЭС» АҚ-тың 2017 және 2018 жылдар аралығындағы нақты тарифтері бекітілген деңгейден төмен болды.

2014 ж. қабылданған Қазақстанның 2030 жылға дейін Отын-энергетикалық кешенін дамыту тұжырымдамасы негізінде 2019 ж. бастап Қуат нарығы енгізілді. Қуат нарығын енгізу энергия өндіруші ұйымдар үшін тарифті құру

### Жылу энергиясын өндіруге арналған тариф

Атауы	Өлш.бірл.	2016 ж. факт	2017 ж. факт	2018 ж. факт	2019 ж. болжал	2020 ж. болжал
«Алматы электр станциялары» АҚ	теңге/Гкал	2 872	3 363	3 917	3 871	3 869
«Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ	теңге/Гкал	683	740	816	831	849
«Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС	теңге/Гкал	–	352	446	555	555

Заңнама инвестициялық құрамдастықты қоса отырып және шығындарды жыл сайын индексстеу үшін жылу энергиясын өндіретін ұйымдар үшін тарифтердің ұзақ мерзімді (5+ жыл) шекті деңгейлерін бекітуді қарастырады. Табиғи монополиялар және бәсекелестікті қорғау комитеті шекті

құрылымын өзгертеді. Электр энергиясына ЭӨҰ үшін (43 топ үшін) электр энергиясына шекті тариф бекітілді, электр қуатын дайындықта ұстап тұру жөніндегі қызметке барлық ЭӨҰ үшін 590 мың теңге/МВт\*ай бірыңғай шекті тариф бекітілді. Тарифтер 2019–2025 жж. кезеңге бекітілді. Алайда, бекітілген тарифтер жылдар бойынша тиімділік пен индекстеуді қайта қарастырмайды. Бұл ретте, «Электр энергетикасы туралы» ҚР Заңы 12-1-бабының 2-тармағына сәйкес, қажеттілік жағдайында электр энергиясына арналған тарифтер жыл сайын түзетіледі. Электр энергиясына бекітіліген шекті тариф Компанияның шығындарын жаппайтындықтан, басшылық көрсетілген әдістемеге сәйкес 2020 ж. бастап тарифті түзетуді жоспарлап отыр. 2021 ж. бастап және одан кейін тарифтер тұтынушылар бағасының индексін ескере отырып болжалады. Сондай-ақ 2020 ж. бастап «Мойнақ СЭС» АҚ, «Алматы электр станциялары» АҚ және «Шардара СЭС» АҚ үшін қуатқа арналған жеке тариф белгілеу қарастырылған.

Жаңартылатын энергия көздерін пайдалану жөніндегі объектілер өндіретін электр энергиясын жеткізуге арналған тарифтер бекітілген және ЖЭК технологияларына тәуелді (жел, күн және басқа энергия көздер үшін бөлек) ҚР Үкіметінің қаулысымен бекітілді және жыл сайын индексстеуге жатады.

тарифтерді бекітеді. Алайда, тарифтерді арттыру жылына бір реттен артық жүргізілмейді және объективті себептер бойынша станциялардың шығындары ұлғайған жағдайда тарифтерді арттырусыз сақтау тәуекелдері бар.

### Электр энергиясын жеткізу қызметтеріне арналған тарифтер

Атауы	Өлш.бірл.	2016 ж. факт	2017 ж. факт	2018 ж. факт	2019 ж. болжал	2020 ж. болжал
«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ	теңге/кВт•сағ	5,35	5,83	5,89	5,53	5,95

Аудандық энергия жеткізетін компаниялар (АЭК) үшін 2016–2020 жж. арналған инвестициялық құрамдастықты енгізе отырып, тарифтік сметалар негізінде ұзақ мерзімді шекті тарифтер бекітілді, мұны қажет болған жағдайда уәкілетті орган түзетеді. Алайда, объективті себептер бой-

ынша АЭК шығындары өскен жағдайда (иесіз желілерді және жабдықтарды және т.б. балансқа қабылдау) тарифтерді арттыру жылына бір реттен артық жүргізілмейді. Сондай-ақ тарифтерді арттырусыз сақтау тәуекелдері бар.



**ЭҚҰ электр энергиясын сатуға арналған тарифтер**

Атауы	Өлш.бірл.	2016 ж. факт	2017 ж. факт	2018 ж. факт	2019 ж. болжал	2020 ж. болжал
«АлматыЭнергоСбыт» ЖШС	тенге/кВтч	15,66	16,38	16,42	16,68	17,65

Энергиямен қамтамасыз ететін компаниялар монополиялық реттеуге жатады. Тарифті есептеуге операциялық, қаржылық және инвестициялық компоненттер енгізілді. Өңірлерде халықтың әлеуметтік тұрақтылығын сақтау мақсатында Реттегіштің тарифтің өсуін жасанды ұстап тұру тәуекелі бар. 2017 ж. заңнамадағы өзгерістерді еске-

ре отырып, тәулік аймақтары бойынша сараланған тарифтер жойылды. Жеке тұлғалар үшін тұтыну нормалары бойынша саралау сақталды, заңды тұлғалар үшін электр энергиясын жеткізу орташа босату тарифтері бойынша жүзеге асырылады.

**Көмір өндіруге арналған тариф**

Атауы	Өлш.бірл.	2016 ж. факт	2017 ж. факт	2018 ж. факт	2019 ж. болжал	2020 ж. болжал
«Богатырь Комир» ЖШС	теңге/тонна	1 779	1 944	2 013	2 019	2 081

«Богатырь Көмір» ЖШС-ның көмірін өндіруге арналған тариф тұтынушылардың 3-тобы үшін ҚР тұтынушылары үшін преysкурант арқылы дербес бекітіледі (ҚТ-Ж-ның жанасу станциялардағы энергетика, көмір жинау

станциялардағы энергетика, коммуналдық-тұрмыстық мұқтаждар). Реттелу ҰЭМ ТМРЖБҚК Кәсіпкерлік кодексі негізінде жүзеге асырылады.

**КҮРДЕЛІ ШЫҒЫНДАРДЫ ТАЛДАУ**

млн. теңге

№	ЕТҰ	2016 факт	2017 факт	2018 факт	2019 болжал	2020 болжал
<b>БАРЛЫҒЫ</b>		<b>79 061</b>	<b>72 418</b>	<b>41 689</b>	<b>69 998</b>	<b>105 527</b>
<b>1</b>	<b>Инвестициялық жобалар, о.і.</b>	<b>41 810</b>	<b>25 177</b>	<b>8 075</b>	<b>31 587</b>	<b>55 026</b>
1.1	Жаңа электр сүзгілерді орната отырып, 1-блогын қалпына келтіру	5 296	3 962	2 156	3 802	
1.2	ОРУ-500 кВ жаңғырту	9 805				
1.3	№ 3 энергия блогын орната отырып, Екібастұз ГРЭС-2 кеңейту және қайта құру (50%)	4 008	-36		14 228	27 440
1.4	«Богатырь» кесігінде көмірді өндірудің, тасымалдаудың, орташалаудың және жүктеудің циклдық-ағындық технологиясына ауысу (50%)	30	30	113	4 798	23 607
1.5	220 кВ «Горный Гигант» ҚС-ның жүктемесін кейіннен «Горный Гигант» ҚС-ны бөлшектеу арқылы 110 кВ желілері бойынша 220 кВ «Ерменсай» ҚС-ға ауыстыру	340	5 079	137		
1.6	Газ турбиналық технологиялар негізінде жаңа энергия көзін орната отырып ЖЭО-1 кеңейту		492			
1.7	Алматы ЖЭО-2 – БЖК жылу магистралын қайта құру				80	
1.8	Мойнақ СЭС-ін салу	79	2			
1.9	Шардара СЭС-ін жаңғырту	8 988	11 263	4 482	4 280	3 979
1.10	Қуаты 50 МВт Ерейментау ЖЭС-ін салу (II кезек)	145	100	21	2 006	
1.11	« Придорожное» газ кен орны негізінде ГТЭС салу	426	140	758	986	
1.12	Өзге жобалар	12 693	4 146	408	1 407	
<b>2</b>	<b>Өндірістік активтерді жұмыс қалпында ұстап тұру</b>	<b>35 731</b>	<b>46 042</b>	<b>31 534</b>	<b>33 853</b>	<b>47 542</b>
2.1	Богатырь Көмір» ЖШС (50%)	1 439	3 508	4 242	4 690	6 454
2.2	«Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ (50%)	17	224	439	967	1 220
2.3	«Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС	16 787	17 919	10 238	12 318	18 914
2.4	«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ	9 312	13 580	11 501	11 541	12 251
2.5	«Алматы Электр Станциялары» АҚ	1 681	4 848	4 411	3 179	7 877
2.6	«Ақтөбе ЖЭО» АҚ	392	374			
2.7	«Мойнақ СЭС» АҚ	1 084	304	369	848	717
2.8	«Шардара СЭС» АҚ	124	120	251	8	30
2.9	«Манғыстау АЭК» АҚ	2 027	2 251			
2.10	«АлматыЭнергоСбыт» ЖШС	68	35	75	81	77
2.11	«Samruk-Green Energy» ЖШС	3	0,3	1	2	1
2.12	«Бірінші жел электр станциясы» ЖШС	24	3	8	219	
2.13	«ШҚ АЭК» АҚ	2 740	2 861			
2.14	«Шығысэнерготрейд» ЖШС	33	16			
<b>3</b>	<b>Әкімшілік активтерді жұмыс қалпында ұстап тұру</b>	<b>1 411</b>	<b>1 145</b>	<b>1 307</b>	<b>2 126</b>	<b>954</b>
<b>4</b>	<b>Өзгелер</b>	<b>109</b>	<b>54</b>	<b>773</b>	<b>2 431</b>	<b>2 005</b>




## ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

«Самұрық-Энерго» АҚ активтерін дамытудың ауқымды бағдарламасын жүзеге асыру, сондай-ақ өндіруші қуат көздерін енгізудің таяу аралыққа белгіленген мерзімі Қазақстан Республикасындағы жалпы қуат қондырғыларының тез тозуы жағдайында пайдаланылатын жабдықтардың жоғары техникалық деңгейін көрсетеді. Жүктеме деңгейі артып, инвестициялық бағдарламаны жүзеге асыру жалғасқан жағдайда «Самұрық-Энерго» АҚ Қазақстан Республикасының энергетика саласында операциялық тиімділігі жоғары кәсіпорынға айналуы мүмкін.

Заманауи көмір энергия блоктарының, маневрлі қуат құрылғыларының, когенерация станциялары мен болашақ энергия көздерінің дамуы, қолданысқа енуі Компанияға стратегиялық серіктестермен бірлесе отырып ЖЭК жобаларын жүзеге асыру арқылы нарықтағы тұрақты жетекші орынды иеленуге мол мүмкіндік береді.

«Самұрық-Энерго» АҚ инвестициялық бағдарламасы өндірістік қуат көздерін жаңғыртуға, реконструкциялауға, жаңадан салуға, сондай-ақ энергиямен жабдықтау сенімділігін қамтамасыз етуге және электр қуаты мен жылу энергиясына деген қажеттілікті қанағаттандыруға бағытталған.

### Инвестицияға жұмсалған шығындар, млн.теңге



Компания Инвестициялық бағдарламаны қаржыландыру үшін сыртқы заемдар мен облигациялар секілді түрлі құралдарды пайдаланады, сондай-ақ әлеуметтік маңызы бар нысандарды қаржыландыру үшін Республикалық бюджеттен бөлінетін ақшалай қаражатты тартады.

«Самұрық-Энерго» АҚ миссиясына сәйкес Қазақстан Республикасы аумағына энергия ресурстарының сенімді

және бәсекеге қабілетті жеткізілуін қамтамасыз ету, акционерлік капиталдың құнын арттыру және «Самұрық-Энерго» АҚ бизнесінің әлеуметтік жауапкершілігін қамтамасыз ету мақсатында 2018 ж. мынадай инвестициялық жобалар **іске асырылды:**

### «ҚР Үкіметі мен ҚХР Үкіметінің арасындағы Келісім аясында қуаты 1 МВт КЭС және қуаты 5 МВт ЖЭС салу» жобасы

Жоба ҚХР Үкіметінің ҚР Үкіметіне өтеусіз көмек ретінде техникалық жәрдем көрсету аясында іске асырылды. Жобаның мақсаты – жаңартылатын энергия көздерін пайдалана отырып (5 МВт ЖЭС-ның жылдық электр энергиясын өндіру көлемі – 17 млн. кВт·с жуық; 1 МВт КЭС-тің жылдық өндіру көлемі – 1,4 млн. кВт·с) жылына 18 млн. кВт·с электр энергиясын өндіру. 2018 ж. 30 қарашада Алматы облысы Нұрлы ауылы ауданында Алматы қ. БЭА «ИТП Алатау» нысанының аумағында салтанатты ашылу рәсімі өтті.

### «220 кВ «Горный Гигант» ҚС-ның жүктемесін кейіннен «Горный Гигант» ҚС-ны бөлшектеу арқылы 110 кВ желілері бойынша 220 кВ «Ерменсай» ҚС-ға ауыстыру» жобасы

Жобамен жұмыс істеп тұрған қосалқы станцияның зақымдану қаупін жою және Алматы қ. орталық аймағын сенімді электр энергиясымен қамтамасыз етуі көзделген.

Жоба «Горный Гигант» қосалқы станциясы орналасқан жерде болған топырақ көшкіні нәтижесіндегі төтенше жағдайдың салдарын жою мақсатында 220 кВ «Горный Гигант» ҚС-ның жүктемесін кейіннен «Горный Гигант» ҚС-ны бөлшектеу арқылы 110 кВ желілері бойынша 220 кВ «Ерменсай» ҚС-ға ауыстыруды көздейді. 2018 жылы 22 желтоқсанда «Горный Гигант» ҚС жүктемесін 110 кВ желілері бойынша «Ерменсай» ҚС-ға ауыстыру толық көлемде аяқталды. Жоба мақсатына қол жеткізілді.

Компанияның **іске асырылатын** инвестициялық жобалары портфеліне 9 инвестициялық жоба кіреді, оларды іске асыру жұмыс істеп тұрған станциялардың белгіленген қуатын ұлғайту және жаңа қуаттарды құру арқылы Қазақстанның электр энергиясына және электр қуатына деген тапшылығын жабуға мүмкіндік береді.

### «Богатырь» Екібастұз көмір кеніші кесігінде көмірді өндіру, тасымалдау, сапасын тұрақтандыру және тиеудің циклды-ағынды технологиясына (ЦАТ) көшу» жобасы

ЦАТ жобасы «Богатырь» кесігін көмір өндірудің циклды-ағынды технологиясына кезең-кезеңмен көшіруді және конвейерлік көлікте біркелкілеу қоймаларына кейіннен беткі тиеу кешендеріне тиеу арқылы жеткізуді көздейді. Жобаны іске асыру қажеттілігі темір жол көлігін пайдалану тиімді болмайтын тау-кен жұмыстарының тереңдігіне қол жеткізумен байланысты.

Жобаны іске асыру «Богатырь» кесігінің өндірістік қуатын жылына 32 миллионнан 40 миллион тоннаға дейін арттыруға, кәсіпорынның еңбек өнімділігін арттыруға, көмір өндірудің өзіндік құнын төмендетуге және көмір тасымалдау мен тиеу жабдықтарын жаңартуға мүмкіндік береді.

### «Придорожное» газ кен орнын игеру» жобасы

Жоба ішкі және сыртқы нарыққа сату мақсатында табиғи газ өндіруді жүзеге асыру үшін инфрақұрылым жүйесін салуды көздейді. Жоба аясында сондай-ақ «Придорожное» кен орнынан «Бейнеу-Бозой-Шымкент» газ құбырына дейін жоғары қысымды газ құбырының құрылысын жүргізу жоспарланып отыр.

Жобаның мақсаты ҚР Оңтүстік Қазақстан облысының табиғи газға деген тапшылығын жабу болып табылады, бұл ретте газ өндірудің жылдық жоғары мөлшері 290 млн. м<sup>3</sup> болады деп күтілуде.

2018 жылы 30 маусымда ҚР Энергетика министрлігі Газ өндіру туралы келісімшартқа қол қойды.

### «Шардара СЭС-ін жаңғырту» жобасы

Жоба станция жұмысының өнімділігі мен пайдаланылу қауіпсіздігін арттыру үшін моральдық және табиғи тұрғыдан тозған жабдықтарды ауыстыруды көздейді, соның нәтижесінде станцияның белгіленген қуатын 126 МВт-ға арттыра отырып, жылына қосымша 57 млн кВт·сағ. электр энергиясын өндіру мүмкіндігі пайда болады. Жоба бойынша жабдықтар жеткізілді, монтаждау жұмыстары жүріп жатыр.

### «Қапшағай қ. қуаты 416 кВт КЭС салу» жобасы

Жоба «Astana Solar» ЖШС қазақстандық кремний өндірісі негізінде фото-электр модулін пайдалана отырып қуаты 416 кВт күн электр станциясын салуды көздейді. Жобаны жүзеге асыру жылына қосымша 0,5 млн. кВт·сағ. электр энергиясын өндіруге мүмкіндік береді. Жобаның мақсаты жаңартылатын энергия көздерін пайдалана отырып, Қазақстанның энергия тапшы Оңтүстік өңірін энергиямен қамтамасыз ету болып табылады.

Жоба бойынша жобалау-металық құжаттама әзірленіп, құрылыс-монтаждау жұмыстары жоспарлануда.

### «Екібастұз ГРЭС-2-ні № 3 энергия блогын сала отырып кеңейту және қайта жаңарту» жобасы

Жоба № 3 энергия блогын сала отырып станцияның белгіленген қуатын 636 МВт-қа ұлғайтуды және жылына қосымша 4,8 млрд. кВт·сағ электр энергиясын өндіруді көздейді.

### «Екібастұз ГРЭС-1 қуатын қайта жаңарту және кеңейту (№ 1 блокты қалпына келтіру)» жобасы

Жоба Қазақстан мен Ресейдегі электр энергиясына деген өсіп отырған сұранысты қанағаттандыру мақсатында Екібастұз ГРЭС-1-дегі қуаты 500 МВт № 1 энергия блогын қалпына келтіруді көздейді.

### «Ерейментау қаласы ауданында қуаты 50 МВт болатын жел электр станциясын салу» жобасы

Жоба Ерейментау қаласы ауданында келешекте қуатын 300 МВт-ға дейін арттыру мүмкіндігі бар қуаты 50 МВт жел электр станциясын салуды көздейді. Жобаны жүзеге асыру жылына 180 млн. кВт·сағ. электр қуатын қосымша өндіруге мүмкіндік береді.

Жоба мақсаты жаңартылатын энергия көздерін пайдалану арқылы электр энергиясын өндірген кезде көмірсутекті энергия тасымалдағыштарды пайдалану деңгейін азайту болып табылады.

Жоба бойынша техникалық-экономикалық негіздеме әзірленіп, жобалау-металық құжаттама әзірлеу жоспарлануда.

### «Шелек дәлізінде келешекте 300 МВт-ға дейін ұлғайтылатын қуаты 60 МВт жел электр станциясын салу» жобасы

Жоба Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы Шелек дәлізінде келешекте қуаты 300 МВт-ға дейін ұлғайтылатын 60 МВт жел электр станциясын салуды көздейді. Жобаны іске асыру жылына қосымша 225,7 млн. кВт·с электр энергиясын өндіруге мүмкіндік береді.

Жобаның мақсаты электр энергиясын өндірген кезде көмірсутекті энергия тасымалдағыштарды пайдалану деңгейін азайту үшін жаңартылатын энергия көздерін қолдану болып табылады.

Жоба бойынша техникалық-экономикалық негіздеме әзірленді, жобалау-металық құжаттама әзірлеу жұмысы жүріп жатыр.



**«АлЭС» АҚ Алматы 1-2-3 ЖЭО, нысандарына газ тарту» жобасы**

Жұмыс істеп тұрған Алматы ЖЭО нысандарын жаңғырту жобаларын жүзеге асырудағы негізгі мақсат «АлЭС» АҚ энергия көздерінен Алматы қаласы мен Алматы облысының экологиясына келетін жағымсыз әсерді азайту болып табылады.

Алматы ЖЭО-2-ні газға көшіру бойынша: 2018 жылы жобаның ТЭН-і әзірленді, онда қуаты жағынан жұмыс істеп тұрған ЖЭО-ға ұқсас, газбен жұмыс істейтін жаңа станция салу негізгі нұсқа ретінде қаралды.

Газ-турбиналық технологиялар негізінде жаңа энергия көзін сала отырып, Алматы ЖЭО-1 – ді кеңейту: Жоба бойынша Инвестициялық ұсыныс әзірленді.

## ӨТІМДІЛІК ПЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ

**Сыртқы кредиторлардан ковенантты орындау:**

Ковенант	Норматив	2018 ж. нақты	Ауытқу Факт 2018/ Норматив	Ескертпе
Қарыз/ЕБИТДА (ЕҚҚДБ, ҚХБ)	4,5-тен аспайды	3,18	-1,32	Сақталады
ЕБИТДА/Пайыздар (ЕҚҚДБ)	Кемінде 3	2,95	-0,05	Сақталады * Кредитордың есептеу әдістемесі бойынша ковенант мәні – 3,77 құрайды.
Қарыз/Меншікті капитал (ЕАДБ және ҚДБ)	2-ден аспайды	0,65	-1,35	Сақталады

Атауы	2016 Факт	2017 Факт	2018 Факт	2019 (болжал)	2020 (болжал)
Қарыз/ЕБИТДА	5,41	4,64	3,18	3,82	2,56
Қарыз/Меншікті капитал	0,75	0,75	0,65	0,65	0,53
Ағымдағы өтімділік	0,66	1,36	1,04	1,21	0,90

2018 жылы Компанияның қаржылық тұрақтылығы өндіріс көлемінің ұлғаюы мен тарифтердің өсуі, сондай-ақ қарыз жүктемесінің азаюы мен активтерді сату нәтижесінде жақсарды. 2018 ж. қорытындысы бойынша Компанияның шоғырландырылған қарызы 2017 жылмен салыстырғанда 53 млрд. теңгеге төмендеп, 383 млрд. теңгені құрады.

**Қаржылық тұрақтылықты жақсарту үшін «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы қабылдаған шаралар**

31.12.2018 жылғы жағдай бойынша 48,7 млрд. теңге сомасындағы қарыздың мерзімінен бұрын өтелуі қамтамасыз етілді, оның ішінде:

- ▶ ЕҚҚДБ 4,4 млрд. теңге сомасында;
- ▶ «Халық банк» АҚ 38,5 млрд. теңге сомасында;
- ▶ «Сбербанк» АҚ ЕБ 5,75 млрд. теңге сомасында өтелді.

Қаржылық шығындарды оңтайландыру бойынша жүргізілген жұмыстар аясында «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының ағымдағы қарыздары бойынша сыйақы мөлшерлемесі 1-1,5% азайтылды.

2018 ж. қорытындысы бойынша пайыздық мөлшерлемені төмендету және қарыздарды мерзімінен бұрын өтеу нәтижесінде сыйақылар бойынша шығыстан үнемделген қаражат 3 млрд. теңгені құрады.

Қосымша, «Самұрық-Қазына» АҚ-ның Қарыз бен қаржылық тұрақтылықты басқару саясатының талаптарына сәйкес, «Самұрық-Энерго» АҚ Компанияны жасыл тәуекел аймағына енгізу жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірледі. Аталған іс-шаралар жоспары ЕБИТДА көрсеткішін жақсартуға, шығындарды оңтайландыруға және қарыз жүктемесін азайтуға бағытталған 2017–2022 жж. аралығында нақты шараларды іске асыруды көздейді.

## САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ (БЕНЧМАРКИНГ)

Бенчмаркинг – «Самұрық-Энерго» АҚ-ны басқарудың маңызды элементтерінің бірі. Бенчмаркингті жүргізу мақсаты «Самұрық-Энерго» АҚ-ның әлсіз және күшті жақтарын анықтау үшін шетелдердің ұқсас компанияларымен операциялық және қаржылық көрсеткіштерді сәйкестендіру болып табылады. Бенчмаркинг үшін мына көрсеткіштер қолданылды:


- EBITDA margin (ЕБИТДА маржасы);

- Қарыз/ЕБИТДА;
- Инвестицияланған капиталдың тиімділігі (ROIC).


Бенчмаркинг үшін төмендегідей ұқсас компаниялардың деректері пайдаланылды:

- Inter RAO UES PJSC (Ресей);
- CEZ Group (Чех Республикасы);
- Drax Group (Ұлыбритания).


**Бенчмаркинг нәтижелері:**



**2018 жылғы EBITDA margin**



**2018 жылғы Return on Invested Capital (ROIC)**



Дереккөз: Bloomberg

Қазіргі кезде шетелдік ұқсас компаниялармен салыстырғанда, «Самұрық-Энерго» АҚ кейбір көрсеткіштері бойынша нәтижелері төмен.

**Қаржылық тұрақтылық** көрсеткіштері «Самұрық-Энерго» АҚ қолжетімді қаржылық левереджді толықтай пайдаланатынын көрсетеді.


Сонымен қатар, **ЕБИТДА margin** көрсеткіші бойынша, «Самұрық-Энерго» АҚ өзінің ұқсас компанияларынан басым түседі. Бұл көрсеткіш сатудан түсетін кірістің жоғары екенін білдіреді.

**ROIC** (салынған ұзақ мерзімді капиталдың рентабельділігі) көрсеткіші бойынша «Самұрық-Энерго» АҚ өзге еуропалық ұқсас компаниялардан біршама асып түседі. Десек те, осы көрсеткіш бойынша «Самұрық-Энерго» АҚ қызметінің экономикалық шарттары тұрғысынан ұқсас келетін ресейлік холдингтен едәуір төменгі деңгейде, бұл инвестициялар тиімділігін арттыру қажеттілігін (рентабельділік, қайтарымдылық) көрсетеді.

«Самұрық-Энерго» АҚ электр энергетикасы саласында мемлекеттік саясаттың жетекшісі болып табылатынын атап кету қажет. Осыған байланысты, сондай-ақ энергетикалық сектордың мейлінше тозуына байланысты 2009 жылдан бастап әлеуметтік маңызды инвестициялық жобалар іске асырылды (ҚР Энергия жүйесінің сенімділігі мен жұмысының үздіксіздігіне бағытталған), бұл Компанияның табыстылық деңгейін сақтаған кезде инвестицияланған капиталдың елеулі өсуіне әкеп соқты.

Инвестициялардың рентабельділік көрсеткіштеріне ықпал ететін қосымша фактор ұқсас компаниялардың мемлекеттерімен салыстырғанда Қазақстан Республикасындағы электр энергиясына тариф деңгейінің төмен болуы болып табылады.

2018 электр энергия тарифтері, АҚШ центтері



Мемлекет	кВт·с тарифтері	АҚШ центімен	АҚШ долларының орташа бағамы 2018 ж.
Қазақстан	16,25 теңге	4,7	344,8 теңге
Ресей	3,9 рубль	6,2	62,7 рубль
Чех Республикасы	0,16 еуро	18,8	0,85 еуро
Ұлыбритания	0,14 фунт	18,6	0,75 фунт

## САТЫП АЛУДЫ БАСҚАРУ

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобында сатып алу рәсімдері «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің 2016 ж. 28 қаңтардағы шешімімен бекітілген «Самұрық – Қазына» АҚ және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында «Самұрық – Қазына» ҰАҚ» АҚ-ға тікелей немесе жанама түрде тиесілі ұйымдардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидасына (хаттама № 126) сәйкес жүргізіледі.

Тауарларды, жұмыстарды қызметтерді сатып алу қағидаттары:

- 1 сатып алу үдерісінің жариялылығы мен ашықтығы
- 2 сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны оңтайлы әрі тиімді жұмсау
- 3 сапалы тауарлар, жұмыстар, қызметтер сатып алу
- 4 Холдинг сатып алатын тауарлар, жұмыстар, қызметтердегі жергілікті қатысу үлесін ұлғайту

5 Холдингтің мүгедектер ұйымы (кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын мүгедек жеке тұлғалар) тізілімінде тұрған мүгедектер ұйымын (кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын мүгедек жеке тұлғалар) қолдау талабымен сатып алу үдерісіне қатысу үшін барлық әлеуетті өнім берушілерге, отандық тауар өндірушілерге, отандық кәсіпкерлерге тең мүмкіндіктер беру

6 әлеуетті өнім берушілер арасындағы адал бәсекелестік

7 Холдинг ішіндегі кооперацияны дамыту мақсатымен Холдингке кіретін ұйымдар арасында сатып алуға жәрдемдесу

8 қабылданатын шешімдерді бақылау және жауапкершілік

9 сатып алу үдерісінде делдалдардың қатысуын азайту

10 инвестициялық стратегиялық жобаларды тиімді іске асыру

Компания сатып алу қағидаттарына сәйкес, «Самұрық-Энерго» АҚ-ның Бизнесі трансформациялау бағдарламасы аясында «Сатып алуды санаттық басқару» жобасын енгізді. Жоба сатып алу қызметін оңтайландыруды көздейді.

«Сатып алуды санаттық басқару» жобасының мәні сатып алынатын материалдардың техникалық және өзге де ерекшеліктері бойынша ұқсас түрлерін бір санатқа біріктіру болып табылады. Санаттық басқару қосымша құндылықтарды іздестіру, экономикалық тиімділікті арттыру, жиынтық құнды бағалау және жеткізілімдер тізбегіндегі шығынды азайту дегенді білдіреді. Енгізілген өзгерістер сатып алу бағасын төмендетуге, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің сапасын арттыруға, иеліктегі заттардың жиынтық құны негізінде әлеуетті жеткізушіні таңдау есебінен жергілікті өндірушілерді дамытуға, тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алудың оңтайлы әдістерін табуға, ұзақ мерзімдегі және қысқа мерзімдегі аралықта пайданы ұлғайтуға ықпал етеді. Бұған қоса сатып алынатын нәрсені жиынтық құны негізінде таңдау сатып алу құнын бағалап қана қоймай пайдалану және жою шығындарын бағалауға, соның нәтижесінде неғұрлым қолайлы әрі тиімді шешім қабылдауға мүмкіндік береді.

2018 жылы «Арнайы киімдер», «Техникалық қызмет көрсету және арнайы техниканы жөндеу», «Жеке қорғаныш құралдары» және «Көмір тасымалы» санаттары бойынша сатып алудың санаттық категориясы әзірленді. Бұл санаттар өткен кезеңдердің шығыстарын, келешектегі қажеттіліктерді, жеткізілімдер нарығын және бизнес талаптарын талдау нәтижесінде жасалған тұжырымдарды қамтиды.

Сатып алу қызметіне енгізілген трансформациялық өзгерістер аясында кадр әлеуетіне де назар аударылады. 2018 жылы сатып алу жүйесін жетілдіру жұмыстары басталды, осы жұмыстардың бір бағыты Қордың және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында Қорға тікелей немесе жанама түрде тиесілі заңды тұлғалардың сатып алу қызметі мамандарын сертификациядан өткізу болып табылады. 2018 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобындағы сатып алуға жетекшілік ететін басшылар, басшылардың орынбасарлары сертификаттаудан табысты өтті.

Сатып алу қағидаттарына сәйкес Компания бұрынғыша тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметті сатып алудағы жергілікті қамтудың үлесіне мониторинг жүргізуге баса назар аударады.

### Жергілікті қамту үлесі бойынша ақпарат, млн. теңгемен\*

	нақты 2016		нақты 2017		нақты 2018	
	Нақты жеткізілген ТЖҚ жалпы сомасы	ЖҚ %	Нақты жеткізілген ТЖҚ жалпы сомасы	ЖҚ %	Нақты жеткізілген ТЖҚ жалпы сомасы	ЖҚ %
тауарлар	118 986,63	92	122 783,06	75	152 323,77	83
Ж/Қ	183 028,05	70	149 580,49	80	153 420,06	88

\* Ескертпе: «Самұрық-Қазына Контракт» ЖШС деректері

Бұдан басқа Компания әлеуметтік жауапкершілікке де көңіл бөліп келеді.

2018 жылы Компания мүгедектер ұйымдарымен, оның ішінде «Ассоциация инвалидов Восток» қоғамдық бірлестігімен, «Мамай – Астана» ЖШС-мен, «Гермес 21 век» ЖШС-мен, «МЕГАПОЛИС – АСТАНА» ЖК-мен, «Koktem-2016» ЖШС-мен, «Delta inc» ЖШС-мен, Ахманова Д.Х. ЖК-мен, «BAYAZIT Life» ЖШС-мен, «Общество инвалидов «Ар-Рохим» қоғамдық бірлестігімен, «Тараз оқу-өндірістік кәсіпорны» мекемесімен, «Қазақ саңыраулар қоғамы» қоғамдық бірлестігімен, «GrandCorp» ЖШС-мен,

ӘБЕНОВ ЖК-мен, «Қолғанат-Қарағанды» ЖШС-мен шарттар жасады.

2016 жылы мүгедектер ұйымдарымен 114,8 млн. теңге сомасына шарттар жасалды.

2017 жылы мүгедектер ұйымдарымен 383,3 млн. теңге сомасына шарттар жасалды.

2018 жылы мүгедектер ұйымдарымен 369,3 млн. теңге сомасына шарттар жасалды.



# ТРАНСФОРМАЦИЯ

«Самұрық-Энерго» АҚ Бизнесіні трансформациялау бағдарламасы Компанияны технологиялық, табысы жоғары әрі тиімді бизнес-құрылымға айналдыруды қамтамасыз етуге, сондай-ақ «Самұрық-Энерго» АҚ-ның 2018–2028 жылдарға арналған Даму стратегиясында көрсетілген стратегиялық даму мақсаттарына қол жеткізу үшін сенімді тұғырнама құруға бағытталған.

Трансформациялау бағдарламасының негізінде бес негізгі бағыт бойынша жұмыстар қатар атақарылады:

- 1) Бизнес-процестерді реинжинирингілеу - ресурстарды басқару бойынша кешенді жүйелерді ендіру, барлық ұйымдарда трансформациялау жобаларының периметрін бірлесіп жоспарлау және корпоративтік басқару.
- 2) Цифрландыру – мақсатты базалық процестерді автоматтандыру.
- 3) Компанияның заңдық құрылымын жеңілдету – «Самұрық-Қазына» қорының Жекешелендіру жөніндегі кешенді жоспарына сәйкес активтерді жекешелендіру.
- 4) Адамдарды трансформациялау – Компанияда корпоративтік мәдениетті кешенді дамыту, көшбасшылықты дамыту бағдарламасын, қызметкерлердің лауазымдарына сәйкестігін бағалау жүйесін ендіру. Сабақтастықты жоспарлау, негізгі жайғасымдарға кадр резервін даярлау бағдарламасын, «Жас Өркен» жас мамандарды дамыту бағдарламасын іске асыру.

Ескішілдікке негізделген процестерді пайдаланған кезде сервистік модельдерді қолдану, жоғары жетістіктерге жеткен қызметкерлерді мойындау бағдарламасын іске асыру. HR-талдау заманауи құралдарын, адам ресурстарын басқарудың автоматтандырылған процестерін дамыту.

- 5) Өзгерістерді және жобалау тәсілін басқаруды ендіру – жобалар мен өзгерістерді басқару стандарттарын қолдану, Компанияның барлық басшыларының өзгерістерді және жобалау тәсілін басқару бойынша құзыреттерінің болуы. Өзгерістерді және жобалау тәсілін басқару әдістемесін әзірлеу мен қолдану Компания қызметі мен Компанияның негізгі қызметкерлерінің негізгі көрсеткіштеріне қосылады.

Трансформациялау бағдарламасының нәтижелері нақты қаржылық нәтижелер (пайда, үнемдеу) де, сондай-ақ жалпы Компания активтерінің құнын арттыруды қамтамасыз ететін сапалық нәтижелер де болып табылады.

«Самұрық-Энерго» АҚ Трансформациялау бағдарламасының негізгі міндеті – операциялық шығындарды азайту, өткізу нарығының экспорттық әлеуетін кеңейту, қоршаған ортаны қорғау және активтерді басқарудың жаңа тәсілдерін ендіру.





«Самұрық-Энерго» АҚ Трансформациялау бағдарламасы жобаларының портфелі 12 жобадан тұрады, оның: «Портфельді басқаруды ендіру» және «Тәуекелдерді басқарудың жаңа моделін ендіру» деп аталатын екеуі ағымдағы жылы басталды.

2018 жылдың қорытындысы бойынша Трансформациялау бағдарламасының бір жобасы аяқталды.

## Ақша мен қарызды тиімді басқару

### «КОРПОРАТИВТІК ҚАРЖЫНЫҢ ЖАҢА МОДЕЛІН ЕНДІРУ» ЖОБАСЫ

*Жоба аяқталды. Корпоративтік қаржының жаңа моделі ендірілді*

Ақша қаражаты мен қарыздарды басқару процестері – Компания үшін негізгі мәселенің бірі. Жоба өтімділікті басқаруды орталықтандыруға бағытталған, ол ең үздік әлемдік тәжірибелерге сәйкес келеді.

Жоба арқылы Компанияда төлемдерді оңтайландырудың бірегей әдісі ретінде Кэш пулинг құралы ендірілді.

Жобаны іске асырудан түсетін пайданың болжанған сомасы 2021 жылға дейін 8,7 млрд. теңгені құрайды.

Жоба Компанияның операциялық қызметіне берілді.

Қол жеткізілген жетістіктермен тоқталып қалмай, Компания Трансформациялау бағдарламасының жобаларын іске асыруды жалғастырады.

## Сату және трейдинг функцияларын орталықтандыру

### «САТУ ПРОЦЕСТЕРІН ДАМУ ЖӘНЕ ТРЕЙДИНГ ПРОЦЕСТЕРІН ЕНДІРУ» ЖОБАСЫ

*№ 4 Фаза «Бақылау және қолдау». Сату мен трейдинг бойынша жаңа процесс енгізілді*

2018 жылы Корпоративтік орталық (Сауда үйі) базасында «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобында электр энергиясын сату қызметінің бірыңғай орталығы процесі іске қосылды.

Сауда үйі «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша электр энергиясын сатудан түскен табысқа жауапты, пайданың орталығына айналды. Оның қызметі Қазақстанның барлық тұтынушыларына электр энергия-

сын сату бойынша операцияларды, электр станцияларының қызметін жоспарлауға қатысуды, электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығы нарығына орталықтандырылған қатысуды қамтиды. Сату процесін ендіру нәтижесінде толық емес 2018 жыл үшін жобадан түскен қаржылық пайда 3,5 млрд. теңгені құрады.

## Компанияның өзгеріп отыратын экономикалық жағдайларға тиімді жауап қайтаруы үшін ұйымдастырудағы икемділік

### «БИЗНЕС-БАСТАМАЛАР ПОРТФЕЛІН БАСҚАРУ» ЖОБАСЫ

*Жоба іске қосылды. «Жобаны іске қосу» 0-дік фаза деңгейінде.*

Бизнес-бастамалар портфелін басқару жобасы аясында құрылған бизнес-процестер болашақта тек тиімділігі жоғары жобалардың өтуі мен келісілуін қамтамасыз етеді, әрі алдағы уақытта оларды іске асырған кезде шығындарды мейлінше азайту есебінен нақты пайда әкеледі.

Қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін бизнесті өзгерту бойынша жоспарды іске асыру жоспарланып отыр, ол ұйымдастырудағы және процестік өзгерістерді, күрделі және ұзақ мерзімді қаржы салымдары портфелін басқару бойынша әдістемелік құжаттаманы әзірлеуді қамтиды.

## Тәуекелдерді басқарудың қолданыстағы жүйесін жетілдіру

### «ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУДЫҢ ЖАҢА МОДЕЛІН ЕНДІРУ» ЖОБАСЫ

*«Жобаны іске қосу» 0-дік фазасы аяқталды.*

Тәуекелдерді басқарудың жаңа моделін ендіру жобасы «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобын корпоративтік басқарудың тәуелсіз диагностикасының қорытындысы бойынша тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесінің тиімділік деңгейін көтеруге қол жеткізуге бағытталған. 2019 жылға дейінгі бірінші толқынның ұйымдастыру периметріне КО мен «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС кірді. 2020 жылдан 2021 жылға дейінгі екінші толқынға – «Шардара су электр станциясы» АҚ, «Мойнақ су электр станциясы» АҚ және «Алматы электр станциялары» АҚ кірді.

## Айқын иерархия құру есебінен Компанияның басқарымдылығын арттыру

### «МАҚСАТТЫ ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМҒА КӨШУ» ЖОБАСЫ

*Жобаның 2-толқынының «Мониторинг және қолдау» 4-фазасы аяқталды*

Корпоративтік орталықта, «Екібастұз ГРЭС-1» АҚ-да мақсатты ұйымдық құрылымға көшу аяқталды. Енгізіліп жатқан мақсатты бизнес процестерге, жауаптылық аумағын функционалдық тұрғыдан бөлу және лауазымдардың жаңа тігінен түзілу иерархиясын ендіруге сәйкес грейдрлеу жүйесі әзірленіп, ендірілді және үміткерлердің атқаратын лауазымдарына сәйкестігіне бағалау жүргізілді (Job Matching). 2018 жылғы қыркүйектен бастап жоба «Алматы электр станциялары» АҚ-да іске асырылуда.

## IT – даму стратегиясы. ITSM-ді ендіру. АТ процестерін автоматтандыру.

### «АТ-НЫ БАСҚАРУДЫҢ ЖАҢА МОДЕЛІН ЕНДІРУ» ЖОБАСЫ

*«Процестерді дайындау және іске қосу» 3-фазасы аяқталды*

Жобалау командасы АТ-ны басқару бойынша мақсатты бизнес-процестерді, АТ ОЦО-ны құру бойынша жобалау құжаттары мен материалдарды (150-ден астам құжат) әзірлеп, сипаттап жазды (халықаралық тәжірибе негізінде).

Өз күшімізбен АТ-ны басқару процестерін автоматтандыруға арналған «АТ-қызметтерін басқару» ақпараттық жүйесін әзірлеу үшін GLPI бағдарламалық өнімі (бұдан әрі – Жүйе) әзірленді.

АТ-инфрақұрылым мониторингінің кіші жүйесі әзірленіп, ендірілді («Самұрық-Энерго» АҚ, «Алматы электр станциялары» АҚ, «Energy Solutions Center» ЖШС, «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС, «Мойнақ ГЭС» АҚ, «Шардара СЭС» АҚ).

«АТ-қызметтерді басқару» ақпараттық жүйесін «Самұрық-Энерго» АҚ, «Energy Solutions Center» ЖШС-да, «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС-да тәжірибелік пайдалануға енгізілді.

## Өндірістегі жазатайым оқиғаларға мүлдем төзбеушілік

### «КЕШЕНДІ ҚАУІПСІЗДІКТІ БАСҚАРУ БОЙЫНША ЖАҢА МОДЕЛЬДІ ЕНДІРУ» ЖОБАСЫ

*«Процестерді дайындау және іске қосу» 3-фазасы аяқталды*

«Самұрық-Энерго» АҚ өндірістегі жазатайым оқиғаларға мүлдем төзбеушілік акциясын жариялады. Жобалау командасы кешенді қауіпсіздікті басқару жүйесінің ағымдағы жағдайын анықтау мақсатында бастапқы аудитті өткізді («Самұрық-Энерго» АҚ, «Мойнақ ГЭС» АҚ, «Екібастұз ГРЭС-1» АҚ, «Шардара СЭС» АҚ). Кешенді қауіпсіздік саласындағы мақсатты модель мен халықаралық стандарттарға сәйкес, жаңа стандарттар әзірленіп, ендірілді: Қауіпсіздіктің алтын қағидалары; Оқиғалардың түпкілікті себептерін анықтау әдістемесі; Әлеуетті қауіпті оқиғаларды, қауіпті/қауіпсіз мінез-құлық туралы хабарламаларды есепке алу; Наряд-рұқсатты берген кездегі жұмыстардың қауіпсіздігіне талдау жасау; Персоналды қауіпсіз мінез-құлыққа ынталандыру.

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының қызметкерлері мен жоғары басшылығы үшін тиісті тақырыптарда оқу өткізілді.

## Сатып алуды санаттық басқаруды ендіру есебінен Компанияның операциялық шығындарын азайту

### «САТЫП АЛУДЫ САНАТТЫҚ БАСҚАРУ» ЖОБАСЫ

*Жобаның 5-толқынының «Мониторинг және қолдау» 4-фазасы аяқталды*

Жоба сатып алу жүйесін жетілдіруге бағытталған. Сатып алынатын тауарлар, жұмыстар және қызметтер санаттарға бөлініп, әзірленді, 8 сатып алынатын санаттық стратегия іске асыру стадиясында. «Металл прокат», «Ірі габаритті дөңгелектер», «Арнайы киім», «Майлар мен майлағыштар» және «Арнайы техникаға және жылжымалы құрамға аралған бөлшектер» санаттары бойынша шарттар жасалды. 2022 жылға дейінгі мерзімде басқарылатын санаттардың жылдық шығындарының 80%-ын жабу арқылы 20 сатып алынатын санаттық стратегияны іске асыру жоспарлануда.

Жобаны іске асырудан 3,1 млрд. теңге тиімділікке қол жеткізу жоспарланып отыр. Қаржылық тиімділіктен басқа өнім берушілердің толық әрі сенімді базасын құру, жеткізілетін өнімнің, жұмыстар мен қызметтердің сапасын арттыру күтілуде.



## БЖЖ – жылдық және орта мерзімді жоспарлауды қалыптастырудың негізі

### «БІРІКТІРІЛГЕН ЖОСПАРЛАУ ЖҮЙЕСІ» ЖОБАСЫ

«Іске асыру» 2-фазасы аяқталу деңгейінде

«Самұрық-Энерго» АҚ-да және компаниялар тобында («Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС, «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ, «Мойнақ ГЭС» АҚ, «Шардара СЭС» АҚ, «Богатырь Көмір» ЖШС) IBM бағдарламалық жасақтамасына БЖЖ құралын ендіру (біріктірілген жоспарлау жүйесі) Компанияның көптеген даму сценарийлерін санап шығуға және модельдеуге, сондай-ақ неғұрлым сенімді деректерге (нормалар, коэффициенттер, төлқұжаттық деректер және т.б.) сүйене отырып, ең оңтайлы сценарийді ұсынуға мүмкіндік береді.

2018 ж. Екібастұз ГРЭС-1 станциясында ғана БЖЖ жобасын ендіруден түскен нақты пайда 910, 6 млн. теңгені құрады. Аталған пайда станцияның энергия блоктарының БЖЖ бойынша есептелген оңтайлы режимде жұмыс істеуі, сондай-ақ станцияның қуатты реттеу қызметін көрсетуі нәтижесінде алынды.

БЖЖ жобасының 2018–2021 кезең ішіндегі жоспарлы пайдасы 3,3 млрд. теңгені құрайды.

## Ақпараттық қауіпсіздік

### «БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІН ЕНДІРУ ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ» ЖОБАСЫ

Бірінші толқын аяқталды

Президенттің «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Жарлығын іске асыру аясында Киберқауіпсіздік тұжырымдамасын («Қазақстан Киберқалқан») дамытуға бағыт ұсталды, ол қоғам мен мемлекеттің ақпараттандыру және байланыс саласындағы ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған.

Жобаның мақсаты ақпараттық қауіпсіздіктің қазіргі заманғы қауіп-қатерлерінің алдында ақпараттық қауіпсіздік процестерінің кемелдігін арттыруға, «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының осалдықтары мен қауіп-қатерлеріне мониторинг жүргізу бойынша құралдарды пайдалана отырып, бақылау мен зиян келтіргіш белсенділікті талдауды қамтамасыз ету, «Самұрық-Энерго» АҚ-ның осалдықтары мен қауіп-қатерлеріне мониторинг жүргізу, деректері мен ақпараттарын қорғау тиімділігін арттыру үшін жаңа бағдарламалық жасақтаманы ендіру болып табылады.

Жобаны ендіру мен іске асыру болашақта Бірыңғай жедел қауіпсіздік орталығын (Security Operation Center) құруға мүмкіндік береді.

2018 жылдың қорытындысы бойынша алдыңғы жылдармен салыстырғанда «Самұрық-Энерго» АҚ-ның ақпараттық қауіпсіздігі саласында ішкі нормативтік құжаттаманы бұзушылықты айтарлықтай азайтуға қол жеткізіліп, құпия ақпараттың ашылуына жол берілген жоқ.

Стратегиялық бастамаларды іске асыру аясында Компания есепті кезеңде екі жаңа жобаны іске қосты.

## Цифрландыру

Жобалар қалыптасу сатысында

«Самұрық-Энерго» АҚ Трансформациялау бағдарламасының ерекше бағытының бірі «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру болып табылады. Компанияның 2018–2021 жж. арналған Жол картасы цифрландыру жөніндегі іс-шараларды қамтиды. Цифрландыру офисі құрылып, «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС-да цифрландыру жобаларын іске асыру дайындығына алдын ала тексеру жүргізілді.

Сонымен қатар өтеусіз негізде Қазақстанның ғылыми-білім беру университеттерімен өндірістік деректердің математикалық моделін әзірлеу үшін математика және информатика мамандарын тарту мәселесі бойынша меморандумдарға қол қойылды. Бүгінгі күні Халықаралық бизнес университетімен (UIB) және Алматы энергетика және байланыс университетімен меморандумдар жасалды.

Болашақта цифрландыру бойынша жобаларды іске асыру «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы қызметінің жалпы тиімділігін, олардың бәсекеге қабілеттілігі мен құнын арттыруға бағытталған.

## Бизнес-процестерді автоматтандыру

### «НЫСАНАЛЫ ПРОЦЕСТЕРДІ ЕНДІРУ» ЖОБАСЫ

Жоба іске қосылды. «Жобаны іске қосу» 0 фазасы стадиясы

Процестер мен шығындарды оңтайландыруды, бақылау мен олардың ашықтығын қамтамасыз ете отырып, 5-6 және одан көп кешенді бизнес-процестерге бір мезгілде қолдау көрсетуге мүмкіндік беретін SAP S4/HANA жүйесінде нысаналы процестерді ендіру

Жоба «АлЭС» АҚ-да іске қосылды.



# 07 КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

Корпоративтік басқару аясында Компания келесі қағидаттарды ұстанады:

Акционерлердің, инвесторлар мен өзге де стейкхолдерлердің құқықтарын мүлтіксіз сақтау

Директорлар кеңесі мен оның Комитеттерінің, сондай-ақ Атқарушы орган мен оның Комитеттерінің жұмыс тиімділігін арттыру

Корпоративтік шиеленістер мен мүдделер қақтығысын болдырмау

Акционерлер мен өзге де мүдделі тараптарға қатысты ақпараттық ашықтық қағидатын сақтау (Компания басшылары мен директорларына сыйақы тағайындау рәсiмiнде нақты да ашық саясаттың қолданылуы, дивидендтік саясаттың ашықтығы, GRI және ХҚЕС стандарттарына сәйкес жыл сайынғы негізде қаржылық есептілік қамтылған жылдық есеп пен тұрақты даму саласындағы жылдық есептердің жариялануы және т.б.)

Компанияның басқару органдары мен құрылымдық бөлімшелерінің өкілеттігі пен жауапкершіліктерін нақты белгілеу

Басқару есептілігі жүйесін жетілдіру

Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін одан әрі ендіру арқылы корпоративтік басқарудың ең үздік әлемдік тәжірибесін қолдануға тырысу

Жоспарлаудың, ішкі бақылаудың, комплаенс пен ішкі аудиттің, тәуекелдерді басқару мен орнықты дамудың тиімді процестерінің болуын қамтамасыз ету

**2018 жылы өткізілген «Самұрық-Энерго» АҚ корпоративтік басқару диагностикасының нәтижелері бойынша, жоспарлы көрсеткішке қол жеткізіліп, «орташа» кемелдік деңгейіне сәйкес келетін ВВ – корпоративтік басқару рейтингі берілді, бұл Компанияның корпоративтік басқару жүйесінің белгіленген критерийлердің көпшілігінің барлық қолданылатын аспектілеріне сәйкес келетінін білдіреді.**

Есепті кезең ішінде корпоративтік басқаруды жетілдіру аясында есепті кезең үшін Компанияның 2018–2028 жылдарға арналған жаңа Даму стратегиясы бекітілді, Компанияның Директорлар кеңесінің жанындағы Қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау комитеті, Компания Басқармасының жанындағы Кадрлар және сыйақы комитеті құрылып, Компанияның барлық стейкхолдерлерінен кері байланыс алу процесі әзірленді.

Еңбекті қорғау саласындағы оқиғаларды анықтау және тексеру үшін есептіліктің ашық жүйесі, ынталандыру жүйесі ендірілді, «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының арасында 2019 жылға арналған Еңбекті және

қоршаған ортаны қорғау мәселелерін басқару жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілді.

Компанияның орнықты даму, корпоративтік басқару, еңбекті қорғау және қауіпсіздік, корпоративтік қақтығыстар мен мүдделер қақтығыстарын шешу, ақпараттық қауіпсіздік және т.б. саласындағы ішкі нормативтік құжаттары әзірленіп, бекітілді.

«Комплаенс» қызметі «комплаенстың» жұмыс бағыттары, жаңа Мінез-құлық кодексінің, Бастамашылықпен ақпарат беру саясатының талаптары бойынша Корпоративтік орталықтың қызметкерлеріне, сондай-ақ еншілес ұйымдардың қызметкерлеріне арнап оқу курстарын өткізді.


Тәуелсіз консультанттың диагностикасы мен ұсынымдарының нәтижелерін ескере отырып, Директорлар кеңесі «Самұрық-Энерго» АҚ-ның 2019–2021 жылдарға арналған Корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі өзектендірілген іс-шаралар жоспарын бекітті.

*«Самұрық-Энерго» АҚ стратегиялық міндеттерінің бірі корпоративтік басқару тиімділігін арттыру болып табылады. Бұл нәтижесінде Компанияның ұзақ мерзімді тұрақтылығына, акционерлер мен инвесторлар сеніміне, сондай-ақ инвестициялық тәуекелдер мен бизнесті қаржыландыру құнын төмендетуге ұмтылатын корпоративтік басқару тиімділігінің маңыздылығын толықтай түсінуіне байланысты.*





## «САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ҚҰРЫЛЫМЫ



## АКЦИОНЕР

«Самұрық-Энерго» АҚ-ның 100% акциясы «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тиесілі ([www.sk.kz](http://www.sk.kz)). Жалғыз акционер қызметтің басым міндеттері мен стратегиялық бағыттарын белгілеу арқылы Компанияны басқарады.



Жалғыз акционермен өзара қарым-қатынас жасау оның құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға және оған құрметпен қарауға келіп тіреледі, ол адалдыққа, есептілікке, жауапкершілік пен ашықтыққа негізделген.

Компания қызметтің ұзақ мерзімді құны мен орнықты дамуының өсуін қамтамасыз ету арқылы Жалғыз акционердің мүдделерін сақтауға ұмтылады.

Компанияда Дивидендтік саясат қабылданған, оның негізгі қағидаттары мыналар:

- 1) Жалғыз акционердің пайдасына дивидендтер төлеуді қамтамасыз ету принципі;

- 2) стратегиялық инвестициялық жобаларды қаржыландыруды, сондай-ақ активтерді сатып алуды қоса алғанда Компания қызметін қаржыландыруды қамтамасыз ету қағидаты;
- 3) инвестициялық қызметті қаржыландыру қажеттілігі қағидаты.

Сөйтіп, Компания қызметінің қорытындылары бойынша, 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жарияланған бағалы қағаздардың саны 8 602 187 данаға, орналастырылғандар саны – 5 601 687 данаға жетті. 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бір жай акцияның баланстық құны 84 839 теңгені құрады. Бір акцияның табысы 861 теңгені құрады.

Жалғыз акционердің шешімімен, 2018 жылы 2017 жылдың қорытындыларына орай жай акция бойынша 2 041 000 000 теңге дивиденд төленді.

## ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

Директорлар кеңесі басқару органы бола отырып, орнықты даму қағидаттары негізінде барлық стейкхолдерлердің мүдделері ескеріліп ойластырылған шешімдер қабылдау арқылы Компанияға стратегиялық басшылық жасауды және қызметтің ұзақ мерзімді тиімділігін қамтамасыз етеді.

Халықаралық тәжірибе көрсетіп отырғандай, Директорлар кеңесі ұйым құндылығын арттыруға айтарлықтай ықпал ете алады. Сондықтан да Кеңес құрамы құзыретінің маңыздылығы тәжірибе, білік-дағдылар, білім және ойлау сипатының әр алуандығы тұрғысынан жоғары сапалы теңгерімге деген ұмтылысты анықтайды. Директорлар кеңесі құрамының сапасына қойылатын талаптар «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесін құру қағидаларымен реттеледі.

Компанияның Директорлар кеңесінің 31.12.2018 ж. жағдай бойынша құрамы:

ДК төрағасы – Айдарбаев Алик Серікұлы  
Басқарма төрағасы – Жоламанов Бақытжан Төлеужанұлы

Жалғыз акционердің өкілі – Рахметов Нұрлан Құсайынұлы  
Тәуелсіз директор – Лука Сутера  
Тәуелсіз директор – Спицын Анатолий Тихонович  
Тәуелсіз директор – Андреас Сторзел  
Тәуелсіз директор – Хоакин Галиндо Велес

2019 жылы Жалғыз акционердің шешімімен Директорлар кеңесінің мүшесі Алик Серікұлы Айдарбаев өкілеттігін тоқтатты. Жалғыз акционердің 2019 жылғы 28 қаңтардағы шешімімен Директорлар кеңесінің төрағасы болып Бейбіт Еркінбайұлы Қарымсақов тағайындалды.

Директорлар кеңесі мүшелеріне қатысты негізгі деректер келесі бетте келтірілді. Кеңестің әрбір мүшесінің толық түйіндемесімен сайтта танысуға болады: [www.samruk-energy.kz](http://www.samruk-energy.kz).



**ҚАРЫМСАҚОВ БЕЙБІТ  
ЕРКІНБАЙҰЛЫ**

**«Самұрық-Энерго» АҚ  
Директорлар кеңесінің  
төрағасы, Жалғыз акционер  
мүдделерін қорғаушы өкіл**

Азаматтығы: Қазақстан  
Республикасы  
Туған күні: 31 қазан 1962 жыл  
Бірінші сайланған уақыты:  
28 қаңтар 2019 жыл  
Компанияның, өнім берушілер  
мен бәсекелестердің  
акцияларына иелік етпейді

**«Самұрық-Қазына» АҚ экономика  
және қаржы жөніндегі басқарушы  
директоры, «Самұрық-  
Қазына» АҚ Басқарма мүшесі**

**Стратегиялық және корпоративтік  
басқару, экономика, қаржы,  
юриспруденция және аудит  
саласы бойынша сарапшы**



**ЖОЛАМАНОВ БАҚЫТЖАН  
ТӨЛЕУЖАНҰЛЫ**

**Директорлар кеңесінің  
мүшесі, Басқарма Төрағасы**

Азаматтығы: Қазақстан  
Республикасы  
Туған күні: 23 желтоқсан 1966 жыл  
Бірінші сайланған уақыты:  
24 қыркүйек 2018 жыл  
Компанияның, өнім берушілер  
мен бәсекелестердің  
акцияларына иелік етпейді

**Стратегиялық жоспарлау, кор-  
поративтік басқару, қаржы, на-  
рықты дамыту және юриспруден-  
ция саласы бойынша сарапшы**



**РАХМЕТОВ НҰРЛАН  
ҚҰСАЙЫНҰЛЫ**

**Директорлар кеңесінің  
мүшесі, Жалғыз акционер  
мүдделерін қорғаушы өкіл**

Азаматтығы: Қазақстан  
Республикасы  
Туған күні: 24 қыркүйек 1965 жыл  
Бірінші сайланған уақыты:  
28 қаңтар 2017 жыл  
Компанияның, өнім берушілер  
мен бәсекелестердің  
акцияларына иелік етпейді

**«Самұрық – Қазына» АҚ  
трансформациялау,  
жекешелендіру және қайта  
құрылымдау жөніндегі  
басқарушы директоры**

**Стратегиялық басқару,  
экономика, қаржы және аудит  
саласы бойынша сарапшы**



**ЛУКА СУТЕРА**

**«Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар  
кеңесінің аға тәуелсіз директоры**

Азаматтығы: Италия Республикасы  
Туған күні: 07 шілде 1971 жыл  
Бірінші сайланған уақыты: 08 мамыр 2012 жыл  
Аға тәуелсіз директор болып сайланған уақыты:  
14 қазан 2016 жылы  
Қайта сайланды: 05 шілде 2016 жыл  
Компанияның, өнім берушілер мен бәсекелестердің  
акцияларына иелік етпейді

**Аудит комитетінің төрағасы, Тағайындаулар және сыйақы  
комитетінің мүшесі, Стратегиялық жоспарлау комитетінің  
мүшесі, Қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау  
комитетінің мүшесі**

**Мына салалар бойынша сарапшы:**

- Бухгалтерлік есеп, қаржы, аудит, (CPA сертификаты бар)
- Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау
- Корпоративтік стратегия
- Бірігу және жұтылу
- Инвестициялық баға
- HR және ұйымдастыру
- Өнімділікті басқару
- Корпоративтік басқару (IoD UK дипломы бар директор)
- Компанияларды пайдалануға беру, біріктіру және олардың  
айналымы.
- Компанияның ірі ауқымды трансформациялау  
бағдарламалары

**Қоса атқаратын жұмысы және ДК-ге мүшелік:**

Nebras Power Қаржы тобының вице-президенті,  
Басқарма мүшесі. (Катар мемлекеттік халықаралық  
энергетикалық компаниясы).  
2011 жылдың сәуірінен Ресей Тәуелсіз директорлары  
қауымдастығының мүшесі болып табылады.  
2014 жылдың сәуірінен Британ Директорлар  
институтының (IoD) мүшесі.  
2015 жылғы тамыздан Group Chief Financial Officer Nebras  
Power, Катар мемлекеттік халықаралық энергетикалық  
компаниясының мүшесі



**ХОАКИН ГАЛИНДО ВЕЛЕЗ**

**«Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар  
кеңесінің тәуелсіз директоры**

Азаматтығы: Испания Корольдігі  
Туған күні: 27 тамыз 1957 жыл  
Бірінші рет сайланған уақыты: 28 қаңтар 2017 жыл  
Компанияның, өнім берушілер мен  
бәсекелестердің  
акцияларына иелік етпейді

**Қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау  
комитетінің төрағасы, Тағайындаулар және сыйақы  
комитетінің мүшесі, Аудит комитетінің мүшесі;  
Стратегиялық жоспарлау комитетінің мүшесі**

**Мына салалар бойынша сарапшы:**

- Дәстүрлі және жаңартылған электр энергиясын  
өндіру: O&M және Энергетикалық менеджмент
- Инжиниринг және құрылыс
- Стратегиялық даму
- Бизнесі дамыту
- Экологиялық сұрақтар
- Интеграция және трансформация бағдарламалары

**Қосалқы атқаратын жұмысы және ДК мүшелігі:**

Испания Директорларлар Институтының мүшесі (ICA).  
Испания Энергетикалық Клубтың мүшесі





**АНДРЕАС СТОРЗЕЛ**

**СПИЦЫН АНАТОЛИЙ ТИХОНОВИЧ**

**«Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің тәуелсіз директоры**

Азаматтығы: Германия Федеративтік Республикасы  
Туған күні: 12 қазан 1963 жыл  
Бірінші сайланған күні: 05 шілде 2016 жыл  
Компанияның, өнім берушілер мен бәсекелестердің акцияларына иелік етпейді.

**«Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің тәуелсіз директоры**

Азаматтығы: Ресей Федерациясының азаматы  
Туған күні: 24 мамыр 1939 жыл  
Бірінші сайланған уақыты: 08 мамыр 2012 жыл  
Қайта сайланған уақыты: 05 шілде 2016 жыл  
Компанияның, өнім берушілер мен бәсекелестердің акцияларына иелік етпейді.

**Стратегиялық жоспарлау комитетінің төрағасы, Тағайындаулар және сыйақы комитетінің мүшесі, Аудит комитетінің мүшесі; Қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау комитетінің мүшесі.**

**Тағайындаулар және сыйақы комитетінің төрағасы; Аудит комитетінің мүшесі; Стратегиялық жоспарлау комитетінің мүшесі, Қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау комитетінің мүшесі.**

**Корпоративтік басқару, стратегиялар, қаржы, инвестициялар, бірігу және жұтылу салалары бойынша сарапшы**

**Экономика, қаржы, басқару және стратегиялық даму саласы бойынша сарапшы.**

**Қосалқы атқаратын жұмысы және ДК мүшелігі:**  
2014 жылдан бастап қазіргі кезге дейін – innogy Middle East & North Africa бас атқарушы директоры, Дубай, БАӘ  
2012 жылдан 2014 жылды қоса алғандағы мерзімде RWE Middle East Ltd бас директоры, Дубай, БАӘ.

Экономика ғылымдарының докторы, профессор, Ресей Жаратылыстану ғылымдары академиясының (РЖФА) толық мүшесі, КСРО және РФ Архитекторлар одағының мүшесі.

**Қоса атқаратын жұмысы және ДК-ге мүшелік:**  
Қазіргі кезде РФ Президенті жанындағы Ресей халық шаруашылығы және мемлекеттік қызмет академиясы экономика және қаржы қоғамдық секторының профессоры, Еуразия Экономикалық Қоғамдастығы Интеграциялық мәселелерді стратегиялық зерттеулер институтының директоры.  
Ресей Жаратылыстану ғылымдары академиясының вице-президенті, Халықаралық инвестициялар академиясының бірінші вице-президенті, ЕурАзЭҚ интеграциялық мәселелерін стратегиялық зерттеу институтының директоры.

Директор лауазымы терең практикалық білімді, тәжірибені және үнемі жетіліп отыруды талап етеді. Осы мақсатта «Самұрық-Энерго» АҚ-да корпоративтік басқару жүйесіндегі басты процестердің бірі ретінде Директорлар кеңесі қызметінің тиімділігін бағалау көзделген.

2018 жылы PricewaterhouseCoopers тәуелсіз сарапшылары корпоративтік басқару рейтингін бағалау аясында «Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің тиімділігіне талдау жүргізді, осы талдау нәтижесінде Директорлар кеңесі мен оның әрбір мүшесінің Компанияның тұрақты дамуы мен ұзақ мерзімді құнының өсуіне қосқан үлесі анықталды, сондай-ақ жұмысты жақсарту бағытындағы жаңа әдістер мен ұсыныстар айқындалды. Бағалау нәтижелері Директорлар кеңесінің мүшелері қайта сайланғанда немесе олардың өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда назарға алынатын болады.

Кеңес мүшелері Жарғыға, заңнамаға және Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес Компания алдындағы міндеттерін сапалы орындауға дербес жауапты болып табы-

лады, атап айтқанда бизнестің табыстылығына ықпал ету, Компания миссиясы мен пайымына сәйкес дұрыс шешімдер қабылдау басты талаптар болып саналады.

Кеңестің қазіргі құрамында Тәуелсіз директорлардың болуы Компания мүддесіне сай келетін объективті шешімдердің қабылдануына кепіл болып табылады.

Тәуелсіз директорларды таңдаудың басты шарты кәсіби шеберлік пен дербестікті жеткілікті дәрежеде игеру болып табылады, яғни қандай да болмасын тараптың ықпалынсыз шешімді дербес қабылдай білу дағдысы болуы шарт. Тәуелсіз директорлар Компанияда ең озық әлемдік тәжірибені қолдану үшін өз тәжірибелерімен бөліседі. Тәуелсіз директорлар Директорлар кеңесінің Комитеттерін басқару арқылы халықаралық деңгейдегі тәжірибелерін пайдаланады.

2018 жылдың қорытындысы бойынша Компанияның Тәуелсіз директорлары тәуелсіздік талаптарына толықтай сәйкес келді.

**Директорлар кеңесінің қызметі**

Директорлар кеңесі отырыстарының саны			
	2016	2017	2018
Отырыстар саны	11	11	14
Тікелей нысанда	7	9	11
Сырттай нысанда	4	3	3
Директорлар кеңесі мүшелерінің қатысуы			
	2016	2017	2018
<b>Жалпы статистика</b>	<b>100%</b>	<b>100%</b>	<b>96%</b>
Айдарбаев Алик Серікұлы	-	-	100%
Лука Сутера	100%	100%	100%

Директорлар кеңесі мүшелерінің қатысуы			
	2016	2017	2018
Спицын Анатолий Тихонович	100%	100%	93%
Андреас Сторзел	100%	100%	93%
Хоакин Галиндо Велез	-	100%	93%
Рахметов Нұрлан Құсайынұлы	-	100%	93%
Жоламанов Бақытжан Төлеужанұлы	-	-	100%

2018 жылы Компанияның Директорлар кеңесі 11 тікелей отырыс өткізді, 3-еуі сырттай нысанда. Отырыстар барысында 222 мәселе қаралды.

**Негізгі қаралған мәселелер**

Директорлар кеңесі тоқсан сайынғы негізде тәуекелдерді басқару; корпоративтік басқаруды жетілдіру; Жалғыз акционердің болжалы бойынша іс-шараларды жүзеге асыру; инвестициялық жобалар бойынша инвестицияны игеру; даму жоспарының орындалуы; Компанияны тәуекелділіктің жасыл аймағына шығару бойынша іс-шаралар жоспарының орындалуы; қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік жарақаттанушылық және қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыс туралы есептерді қарады.

2018–2028 жж. арналған Стратегия, 2018–2028 жж. арналған Кадр саясаты, Мінез-құлық кодексі, 2018–2028 жж. арналған Инновациялық-технологиялық стратегия, Бастамашылдықпен ақпараттандыру саясаты, Корпоративтік шиеленістер мен мүдделер қақтығысын реттеу саясаты, Комплаенс тәуекелін басқару саясаты бекітілді, Қауіпсіздік, еңбек және қоршаған ортаны қорғау комитеті құрылды, Тұрақты даму саласындағы басшылық, Стейкхолдерлер картасы және Тұрақты даму саласындағы бастамалар жоспары жаңартылды.

## Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы беру

Директорлар кеңесінің құрамындағы Жалғыз акционердің өкілдері мен Басқарма Төрағасы сыйақы алмайды.

«Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттерін атқарғаны үшін тәуелсіз директорлар жылдық белгіленген сыйақы, сондай-ақ комитет мүшесі ретінде Қоғамның Директорлар кеңесі комитетінің әрбір тікелей отырысына қатысқаны үшін қосымша сыйақы алады.

Тәуелсіз директорға оның тұрғылықты жерінен тыс жерде өткізілген Қоғамның Директорлар кеңесінің және Директорлар кеңесі комитеттерінің отырыстарына баруына байланысты (жол жүру, тұру, тәуелсіз шығыстар) шығыстары өтеледі.

## Тәуелсіз директорларға 2018 жылы төленген сыйақы

Тәуелсіз директорлар	Барлық төленгені
<b>Спицын Анатолий Тихонович</b>	
АҚШ доллары	87 502
<b>Лука Сутера</b>	
АҚШ доллары	87 502
<b>Андреас Сторзел</b>	
АҚШ доллары	87 502
<b>Хоакин Галиндо Велес</b>	
АҚШ доллары	86 113

Кеңес белгілі бір міндеттерді орындау үшін және келіп түскен мәселелер мен қабылданатын шешімдерге тиісті көңіл бөліп, оларды барынша тереңінен зерделеу және сапалы нәтижеге жету мақсатында өкілеттігін өз комитеттеріне береді.

Компанияның Директорлар кеңесі жанында: Аудит комитеті, Тағайындаулар және сыйақы комитеті, Стратегиялық жоспарлау комитеті, сондай-ақ Қауіпсіздік, еңбек пен қоршаған ортаны қорғау комитеті қызмет атқарады.

## Директорлар кеңесі комитеттерінің жұмыс қорытындылары бойынша есеп

Комитеттер бойынша отырыстарда қаралған мәселелер саны	2016			2017			2018		
	2016	2017	2018	2016	2017	2018	2016	2017	2018
Аудит комитеті	43	48	81						
Тағайындаулар және сыйақы комитеті	37	40	68						
Стратегиялық жоспарлау комитеті	19	30	30						
Қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау комитеті	-	-	8						

## Аудит комитеті

Комитет қызметінің мақсаты Компанияның қаржы-шаруашылық қызметіне бақылау жасаудың тиімді жүйесін белгілеуге қатысты мәселелерді тереңдете зерттеу үшін Директорлар кеңесіне жәрдемдесуге бағытталған, оның ішінде қаржылық есептіліктің толықтығы мен дұрыстығы, ішкі бақылау мен тәуекелдерді басқарудың сенімділігі мен тиімділігіне бақылау жасау, корпоративтік басқару саласындағы құжаттардың орындалуына бақылау жасау, сыртқы және ішкі аудиттің тәуелсіздігін бақылау, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамаларының сақталуын қамтамасыз ету.

### Комитет құрамы:

- Лука Сутера – аға тәуелсіз директор, Комитет төрағасы;
- Спицын Анатолий Тихонович – тәуелсіз директор, Комитет мүшесі;
- Андреас Сторзел – тәуелсіз директор, Комитет мүшесі;
- Хоакин Галиндо – тәуелсіз директор, Комитет мүшесі.

Аудит комитеті отырыстарының саны	2016			2017			2018		
	2016	2017	2018	2016	2017	2018	2016	2017	2018
Отырыстар саны	8	9	12						
Тікелей нысанда	8	9	12						
Сырттай нысанда	0	0	0						
Комитеттің дауыс беру құқығы бар мүшелерінің қатысуы	100%	100%	91%						
2018 жылы қаралған мәселелер саны			81						

## Негізгі қаралған мәселелер

Қаржылық есептілікті әзірлеу мәселелері бойынша атқарушы органмен, сыртқы аудиторлармен кездесулер өткізілді. Ішкі аудит қызметі, «Комплаенс» және «Тәуекел Менеджменті және Ішкі Бақылау» департаменті жұмыстарының бірқатар мәселелері қаралды.

Комитет туралы ереже өзектендірілді.

## Тағайындаулар және сыйақы комитеті

Тағайындаулар және сыйақы комитеті Директорлар кеңесінің консультативтік-кеңестік органы болып табылады, ол Компанияның ішкі құжаттарына сәйкес Директорлар кеңесінің мүшелерін, Басқарма құрамын, Корпоративтік хатшыны, сондай-ақ басқа қызметкерлерді тағайындау және оларға сыйақы белгілеу мәселелері бойынша ұсынымдар әзірлеуді қамтамасыз етеді.

### Комитет құрамы:

- Спицын Анатолий Тихонович – тәуелсіз директор, Комитет төрағасы;
- Андреас Сторзел – тәуелсіз директор, Комитет мүшесі;
- Лука Сутера – аға тәуелсіз директор, Комитет мүшесі;
- Хоакин Галиндо – тәуелсіз директор, Комитет мүшесі.

Тағайындаулар және сыйақы комитеті отырыстарының саны	2016			2017			2018		
	2016	2017	2018	2016	2017	2018	2016	2017	2018
Отырыстар саны	11	9	12						
Тікелей нысанда	11	9	12						
Сырттай нысанда	0	0	0						
Комитеттің дауыс беру құқығы бар	100%	100%	93%						
2018 жылы қаралған мәселелер саны			68						

## Негізгі қаралған мәселелер

Есептік мерзім ішінде Директорлар кеңесіне «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша Бақылаушы кеңес/Директорлар кеңесі мүшелерін сайлау мәселелеріне қатысты ұсыныстар берілді. «Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің құрамы бойынша Жалғыз акционерге ұсыныстар берілді.

«Казгидротехэнерго» ЖШС, «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС, «Ereymtau Wind Power» ЖШС, «Energy Solution Center» ЖШС бас директорларына, «Самұрық-Энерго» АҚ Басқарма құрамына ұсыныстар берілді.

«Самұрық-Энерго» АҚ Басқарма мүшелерінің, Ішкі аудит қызметі жетекшісінің және Корпоративтік хатшы қызметінің негізгі көрсеткіштерінің нақты мәндері, Басқарма мүшелерінің, Ішкі аудит қызметі жетекшісінің және Корпоративтік хатшы қызметінің ынталандыру НҚҚ қаралды.

Комитет туралы ереже, Таланттарды басқару қағидалары, Лауазымдарды бағалау ережелері өзектендірілді.

## Стратегиялық жоспарлау комитеті

Стратегиялық жоспарлау комитетінің мақсаты Компания қызметінің басым (даму) бағыттарын, стратегиялық мақсаттарын (даму стратегияларын) әзірлеу, Компанияның орнықты даму жүйесін басқару, инвестициялық жобаларын, ұзақ мерзімді келешектегі Компания қызметінің тиімділігін арттыруға ықпал ететін іс-шараларды әзірлеу, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау мәселелерін қоса алғанда, шеберлік-жоспарларын іске асыру мәселелері бойынша ұсынымдар беруді қамтамасыз ету болып табылады.

### Комитет құрамы:

- Андреас Сторзел – тәуелсіз директор, Комитет төрағасы;
- Спицын Анатолий Тихонович – тәуелсіз директор, Комитет мүшесі;
- Лука Сутера – тәуелсіз директор, Комитет мүшесі;
- Хоакин Галиндо – тәуелсіз директор, Комитет мүшесі.

Стратегиялық жоспарлау комитеті отырыстарының саны	2016			2017			2018		
	2016	2017	2018	2016	2017	2018	2016	2017	2018
Отырыстар саны	6	7	10						
Тікелей нысанда	6	7	10						
Сырттай нысанда	0	0	0						
Комитеттің дауыс беру құқығы бар мүшелерінің қатысуы	100%	100%	90%						
2018 жылы қаралған мәселелер саны			30						



### Негізгі қаралған мәселелер

Тоқсан сайын мынадай есептерді қарау: Қауіпсіздік және еңбекті қорғау, Өндірістік жарақаттанушылық саласындағы жұмыс туралы, «Самұрық-Энерго» АҚ-ның корпоративтік басқаруды жетілдіру және Корпоративтік басқару кодексін ендіру жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалуы туралы, «Самұрық-Энерго» АҚ Даму стратегиясын іске асыруда Жол картасының орындалуы туралы, Жалғыз акционердің болжалдарын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалуы туралы, Компанияның инвестициялық жобалары бойынша инвестициялардың игерілуі, стратегиялық НҚК-ні бекіту және оның орындалуын кейіннен бақылау туралы есептер.

Прогресс туралы есепті қарау және PricewaterhouseCoopers сыртқы консультанттарына Компанияның корпоративтік басқаруына тәуелсіз диагностика жүргізуге жіберу, 2018–2028 жж. арналған Даму стратегиясын, Цифрландыру, 2018–2028 жж. арналған Инновациялық-технологиялық стратегияны қарау.

### Қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау комитеті

Комитет 2018 жылғы 31 наурызда тұрақты даму қағидаттарын енгізу, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау, еңбекті қорғау мен қауіпсіздік мәселелеріне жеткілікті көңіл бөлу мақсатында құрылды.

Комитет қызметінің мақсаты қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша Директорлар кеңесіне ұсыныстар әзірлеу, бағалау мен талдаулар жүргізу арқылы Компания қызметінің тиімділігін арттыруды қамтамасыз ету болып табылады.

### Комитет құрамы:

- Хоакин Галиндо – тәуелсіз директор, Комитет төрағасы;
- Спицын Анатолий Тихонович – тәуелсіз директор, Комитет мүшесі;
- Лука Сутера – тәуелсіз директор, Комитет мүшесі;
- Андреас Сторзел – тәуелсіз директор, Комитет мүшесі.

Қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау комитеті отырыстарының саны	2018
Отырыс саны	4
Тікелей нысанда	4
Сырттай нысанда	0
Комитеттің дауыс беру құқығы бар мүшелерінің қатысуы	93%
2018 жылы қаралған мәселелер саны	8

### Негізгі қаралған мәселелер

Тоқсан сайынғы негізде Қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, өндірістік жарақаттанушылық саласындағы жұмыс туралы есепті қарау. Қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау комитеті туралы ережеге, Қоғамның компаниялар тобындағы 2019 жылға арналған Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу қаралды.

«Самұрық-Энерго» АҚ-ның Қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласындағы саясатына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар алдын-ала мақұлданды.

Қауіпсіздік, еңбекті қорғау саласында орын алған келеңсіз жағдайларға кінәлы тұлғаларды тәртіптік жауапкершілікке тартуға мораторий енгізу бойынша ұсыныстар берілді.



### «КОМПЛАЕНС» ҚЫЗМЕТІ

#### Ақшалов Даурен Есәліұлы «Комплаенс» қызметінің басшысы

Корпоративтік басқару, тәуекел және комплаенс бойынша International Compliance Association (ICA) халықаралық дипломы - Int.Dip. (GRC)  
International Compliance Association (MICA) мүшесі  
Іскерлік әкімшілік магистрі (MBA)  
ICA Professional ICA Postgraduate Diploma in GRC – Prof.PGDip (GRC) үміткері

#### Жедел желі

Пошталық мекенжайы:sk.hotline@deloitte.kz  
Телефон: 8 800 080 19 94

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін мейлінше азайту және болдырмау мақсатында 2017 жылы үздік әлемдік тәжірибеге сәйкес «Самұрық-Энерго» АҚ құрылымында «Комплаенс» қызметі құрылды. Қызмет Комплаенс бағдарламасын енгізу бойынша жұмыстарды жүзеге асырады, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі саясатты айқындайды, сонымен қатар «Самұрық-Энерго» АҚ мен оның еншілес тәуелді ұйымдарындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалауды қоса алғанда, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралардың іске асырылуына бақылау жасайды.

Компанияның Комплаенс бағдарламасына Директорлар кеңесі мен Басқарма толық қолдау көрсетеді, ол Компания мәдениетінің ажыратылмас бөлігі болып табылады. 2018 жылы Мінез-құлық кодексі бекітілді, онда құндылықтар мен қағидаттар, мақсаттар, қызметкерлерге қарым-қатынас, активтерді қорғау, ақпаратты басқару, комплаенс, бизнес қоғамдастықпен өзара іс-қимыл және Компаниямен қарым-қатынас мәселелері толық қамтылды.

Корпоративтік орталық пен оның еншілес және тәуелді ұйымдарының алаңдарында сыбайлас жемқорлық пен парақорлықтың байқалу фактілеріне «абсолюттік тәзбеушілік» корпоративтік мәдениетті қалыптастыру аясында еңбек шартына «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпелер» талаптарын енгізді, сондай-ақ ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінен өкіл шақыра отырып, қызметкерлер үшін таныстыру мақсатындағы комплаенс тренингтер өткізілді. Компания қызметкерлеріне тұрақты негізде комплаенс мәселелері бойынша үздік әлемдік және ұлттық тәжірибе туралы ақпарат жіберіледі. Компанияның ішкі интернет ресурсында «Комплаенс қызметі» ақпараттық парағы ашылды, онда комплаенс тәуекелдер мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамаларды сақтау мәселелері бойынша оқыту материалдары мен бейнероликтер бар. Бейімделу тренингінің бағдарламасына комплаенс талаптары туралы курс енгізілді.

Компанияның комплаенс бағдарламасының негізгі құралдарының бірі Компаниямен қарым-қатынас жасайтын үшінші тұлғалардың, серіктестердің, контрагенттердің сенімділігін тексеру болып табылады. Қызмет сыбайлас

жемқорлық тәуекелдерін және іскерлік беделді жоғалту тәуекелдерін болдырмау мақсатында үшінші тұлғалардың сенімділігін тексеру тәжірибесін енгізді. Мінез-құлық кодексі ережелерін Компаниямен жұмыс істейтін іскерлік серіктестерге, өнім берушілерге және басқа үшінші тұлғаларға қолдану мақсатында үлгілік шаруашылық шарттарға «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпелер» нормалары енгізілді.

Сонымен қатар, комплаенс бағдарламасы аясында барлық қызметкерлер мен мүдделі тараптарға нақты және болжамды заң бұзушылықтарына қатысты өз алаңдаушылықтарын хабарлау, этика және комплаенс мәселелері бойынша реттегіш талаптарға және ішкі құжаттарға байланысты өзінің алаңдаушылығы туралы хабарлай алуы үшін Бастамашылықпен хабар беру желісі (жедел желі/ Speak up) ретінде коммуникация құралдары ұсынылды. Бұзушылықтар туралы хабарлаған адамдарға хабарламаны құпия немесе иесін көрсетпей жіберу мүмкіндігі берілді, сондай-ақ олардың құқықтары мен мүдделеріне қысым жасауды болдырмау және қорғауға кепілдік беріледі. Үздік халықаралық тәжірибелерге сәйкес және хабарлаушылардың мүдделерін қорғау үшін жедел желіге «Делойт» тәуелсіз компаниясы әкімшілік етеді, жедел желіге келіп түскен барлық арыздар мен шағымдар тіркеліп, кәсіби және құпия тексеруді қамтамасыз ететін «Комплаенс» қызметіне беріледі. Хабарламаларды неғұрлым тиімді өңдеу мақсатында байланыс ақпаратын ұсыну функциясы бар, сонымен қатар иесін көрсетпей хабарлама қалдыруға болады. Иесі көрсетілмеген шағымдар бойынша жауаптар кейіннен өтініш берушіге жолдау үшін тәуелсіз компанияға беріледі.

Қызмет тоқсан сайынғы негізде Директорлар кеңесіне Бастамашылықпен хабар беру желісі бойынша есеп ұсынады. 2018 жылдың қорытындысы бойынша Компанияның жедел желісіне 31 арыз түсті, оның 8-інің иесі көрсетілмеген. Барлық түскен арыздар бойынша тексеру/тергеу жүргізілді, олардың нәтижелері бойынша өтініш берушілерге жауаптар берілді. Арыздарды объективті қарау және шешім қабылдау үшін Компания бастамашылықпен хабар беру желісі бойынша келіп түскен арыздарды/шағымдарды қарау жөніндегі комиссияны құрды.



## ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ

### Сейдіғалиева Ақмарал Кәкімқызы Ішкі аудит қызметінің басшысы

CIA Ішкі аудитордың халықаралық сертификаты (Certified Internal Auditor).  
Халықаралық аудит және басқару институтының дипломы IFA «Ішкі аудит» (DiplIFA).  
CAP ЕССБА тәжірибелік бухгалтер сертификаты (Certified Accounting Practitioner).  
Іскерлік әкімшілік магистрі Executive Master of Business Administration of SBS Swiss Business School.

Қызмет тәуелсіз және объективті кепілдіктер мен кеңестер беру арқылы стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге жетуге көмектеседі.

2018 жылы Қызмет аудиторлық тексерістер жүргізуде жаңаша бағыттар қолданды. Өткен жылдарда Қызмет Компанияның еншілес және бағынысты ұйымдарында жекелей кешенді аудиттер жүргізуге ден қойса, 2018 жылы корпоративтік орталық пен оның еншілес және бағынысты компанияларындағы бизнес-процестерін біртұтас процесс ретінде қарастыратын толассыз аудит жүргізді.

Қызмет құрамында 7 адам жұмыс істейді, 2018 жылы 21 жоспарлы және 2 жоспардан тыс аудиторлық тапсырма орындалды.

Аудиторлық тапсырыстардың басымдық сипаты тәуекелділік деңгейі жоғары процестерді таңдау жолымен анықталады, сондай-ақ Жалғыз Акционер мен «Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің аудит жүргізуге берген сұраныстары басымдыққа ие.

Қызметтің 2018 жылы атқарған маңызды жұмыстарының қатарында:

- Компаниядағы Трансформациялау бағдарламасының іске асырылу барысын бағалауды;
- инвестициялық жобалардың жүзеге асырылуын бағалауды;
- адам ресурстарын басқару процестерін бағалауды атап өтуге болады.

## МЕНЕДЖМЕНТ САПАСЫ ЖҮЙЕСІНІҢ АУДИТІ

Өнім мен қызметтер сапасының тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында «Самұрық-Энерго» АҚ-да 2011 жылдан бастап жыл сайын ISO 9001 халықаралық стандарт талаптарына сәйкестігіне аудит жүргізетін сапа менеджменті жүйесі ендірілді.

Компания халықаралық стандарттар негізінде менеджмент жүйесін жетілдіру қарқынды даму мен еліміздің энергетика нарығындағы жайғасымын күшейтудің маңызды факторы болып табылатынын сезінеді. Ішкі аудитпен

Бұған қоса 2018 жылы Қызметтің өз жұмысын жетілдіру бағытында бірқатар шаралар іске асырылды, соның ішінде:

- Сапаны қамтамасыз ету және арттыру бағдарламасы – ішкі аудиттің тиімділігі мен нәтижелілігін бағалауға мүмкіндік беретін және оның қызметін одан әрі жетілдіру мүмкіндіктерін анықтайтын құжат.
- Кепілдік картасы – бизнестің негізгі тәуекелдерін айқындайды, осы тәуекелдерді азайтуға кепілдік береді.
- Ішкі бақылауды тестілеуге негізделген аудиторлық тексерістерге көшудің 3 жылдық жоспары.

Кәсібилікті арттыру қажеттігін түсіне отырып, Қызмет қызметкерлердің үздіксіз оқуы мен кәсіби дағдылары мен құзыреттерін дамыту жұмыстарын жалғастыруда. Қызмет жетекшісі мен қызметкерлері тұрақты негізде Ішкі аудит институты мүшелерінің кездесуіне, кәсіби сертификаттау оқуларына қатысып тұрады. Қазіргі уақытта Қызметте CIA ішкі аудитор халықаралық сертификатының, Халықаралық Аудит және Менеджмент институты дипломының IFA (DiplIFA), CAP ЕССБА халықаралық сертификатының, Ұлыбритания қаржылық менеджерлері институты дипломдарының (DipPIA и DipCPIA) иегерлері жұмыс істейді.

Қызметтің 2018 жылғы жұмыс қорытындылары бойынша Директорлар кеңесі Қызметтің жұмысын «Тиімді» деп таныды.

Сондай-ақ «ПрайсУотерхаусКуперс» ЖШС тәуелсіз консультанттары 2018 жылы корпоративтік басқару деңгейін бағалау аясында Қызмет жұмысын «BBB» деңгейінде бағалады.

қатар, 2018 жылы Компания ISO 9001:2015 халықаралық талаптарына сәйкестікке Сыртқы Бақылау аудитінен өтті. Сыртқы Қадағалау аудиті менеджмент жүйесін энергетикалық активтерді корпоративтік басқару қызметі бөлігінде қолдану саласында растай отырып, TÜV NORD CERT рәсімдеріне сәйкес өткізілді. Өткізілген Сыртқы Бақылау аудитінің қорытындылары бойынша Компанияда корпоративтік менеджмент жүйесінің дамуы мен жұмыс істеуінің жағымды тұстары атап өтілді.



## ОМБУДСМЕН

### Бекбас Оразбек Телібайұлы

ОК БҰ «Қазақстандық салалық энергетиктер кәсіподағы» төрағасы  
Қазақстан Республикасы Энергетика Министрлігінің «Еңбек сіңірген энергетигі»  
Қазақстан электр энергетикасы қауымдастығының еңбек сіңірген энергетигі  
«Энергетиктердің кәсіподақтар федерациясы» ҚБ Кеңесінің мүшесі, «Құрмет» орденінің иегері

Пошталық мекенжайы: o.bekbas@samruk-energy.kz  
Телефон: +7 (7172) 69-23-56

Іскерлік этика қағидаттарын сақтау және әлеуметтік-еңбек сипатындағы дауларды оңтайлы реттеу мақсатында Компанияда Омбудсмен сайланды. Омбудсмен тәуелсіз тарап ретінде әрекет ете отырып, Компанияда корпоративтік құндылықтар мен мәдениетті, кәсіби мінез-құлық пен іскерлік этиканың жоғары стандарттарын дамытуға және орнықтыруға ықпал етеді.

Омбудсменнің рөлі өзіне жүгінген қызметкерлерге кеңес беру және еңбек дауларын, қақтығыстарды, әлеуметтік-еңбек сипатындағы проблемалық мәселелерді шешуге, сондай-ақ қызметкерлердің іскерлік этика қағидаттарын сақтауына ықпал ету.

Омбудсмен жұмысының негізгі принциптері тәуелсіздік, бейтараптық, туралық және құпиялылық болып табылады.

#### 1. Тәуелсіздік:

- 1) Омбудсмен өз қызметі және өзінің көзқарастары тұрғысынан тәуелсіз;
- 2) Омбудсмен өзі жетекшілік ететін Компаниясында өзінің тәуелсіздігі мен бейтараптығына нұқсан келетін басқа лауазымдарды атқара алмайды.

#### 2. Бейтараптық және туралық:

- 1) Омбудсмен өтініштерді қараған кезде өзін бейтарап, тура әрі тәуелсіз ұстайды;

- 2) Омбудсмен қақтығысушы (дауласушы) тараптардың ешқайсысына жақтаспайды;
- 3) Омбудсменнің арыздарды қарау нәтижелеріне байланысты жеке материалдық және (немесе) материалдық емес мүдделері болмауы тиіс.

#### 3. Құпиялылық:

- 1) Омбудсмен өтініш білдірген адамнан рұқсатынсыз ақпаратты ашпайды, тіпті бұл жағдайда да түпкілікті шешімді өз қарауы бойынша қабылдайды. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларында белгіленген жағдайлар айрықша жайттар болып табылады;
- 2) Омбудсмен саясатта бар және тәжірибеде қалыптасқан негізгі үрдістер, анықталған проблемалар туралы ұсынымдар қабылдаған кезде өзіне өтініш білдірген тұлғалардың аттарын атамайды.

Омбудсменнің түсіндірмелері ұсынымдық сипатта болады. Омбудсменге жүгіну ерікті. 2018 жылы Омбудсменге түрлі сипаттағы өтініштер, барлығы 39 өтініш келіп түсті. Барлық өтініш білдірушілер өз сауалдары бойынша толық та тиянақты жауап алды. Өтініштер мен оларға берілген жауаптар тұтастай алғанда Компанияның әлеуметтік тұрақтылығына жағымсыз әсерін тигізбеді. Омбудсменге нәсілдік, діни ұстаным, ұлттық, жыныстық, жас ерекшелік, саяси және басқа да кемсітушіліктерге қатысты ешбір өтініш жасалған жоқ. Осыған орай жазбаша өтініштер де жасалмады.

## АТҚАРУШЫ ОРГАН

Компанияның ағымдағы қызметіне Басқарма нысанындағы алқалық атқарушы орган басшылық жасайды.

Басқарма Директорлар кеңесімен, барлық мүдделі тараптармен ынтымақтаса өзара іс-қимыл жасай отырып, Компания қызметінің даму стратегиясына, даму жоспарына және Жалғыз акционер мен Басқарушы орган қабылдаған шешімдерге сәйкестігін қамтамасыз етеді.


Атқарушы органның төрағасы мен мүшелерінің өз қызметтерін атқаруы үшін жеткілікті білімі, дағдылары,

тәжірибелері бар, сонымен қатар мінсіз іскерлік және жеке беделге ие.

Компания Басқармасы мүшелерінің лауазымдарына қойылатын біліктілік критерийлері Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілді және Компанияның ұйымдық құрылымына сәйкес стратегиялық мақсаттарды, бизнес-процестерді, міндеттемелерді және жауапкершіліктерді басқарудың, үйлестірудің тиімділіктерін арттыру талаптарына сәйкес келеді.



## «САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ-НЫҢ ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ



## Басқарма құрамы



**ЖОЛАМАНОВ БАҚЫТЖАН  
ТӨЛЕУЖАНҰЛЫ**

**Басқарма Төрағасы**

Туған күні: 1966 жылы 23 желтоқсанда  
Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Түйіндеменің толық нұсқасымен мына  
сайтта танысуға болады:  
[www.samruk-energy.kz](http://www.samruk-energy.kz)



**ӘЛИЕВ ЕРЛАН ЖЕҢІСҰЛЫ**

**Экономика және қаржы  
жөніндегі басқарушы  
директор, Басқарма мүшесі**

Туған күні: 1969 жылы 11 ақпанда  
Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Түйіндеменің толық нұсқасымен мына  
сайтта танысуға болады:  
[www.samruk-energy.kz](http://www.samruk-energy.kz)



**ТҮЙТЕБАЕВ СЕРІК СҮЙІНБЕКҰЛЫ**

**Өндіріс және активтерді  
басқару жөніндегі басқарушы  
директор, Басқарма мүшесі**

Туған күні: 1958 жылы 27 мамырда  
Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Түйіндеменің толық нұсқасымен мына  
сайтта танысуға болады:  
[www.samruk-energy.kz](http://www.samruk-energy.kz)

### 2018 жылғы 31 желтоқсан жағдайы бойынша Басқарма құрамы:

1. Жоламанов Б.Т. - Басқарма төрағасы;
2. Әлиев Е.Ж. - Экономика және Қаржы жөніндегі басқарушы директор, Басқарма мүшесі;
3. Ақбердин Р.О. - Даму және Сату жөніндегі басқарушы директор, Басқарма мүшесі;
4. Түйтебаев С.С. - Өндіріс және Активтерді басқару жөніндегі басқарушы директор, Басқарма мүшесі;
5. Сәулебай М.О. - Тәуекелдерді және Құқықтық мәселелерді басқару жөніндегі директор, Басқарма мүшесі.

2019 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен, Ақбердин Ринат Олегович және Сәулебай Мәлік Оралұлы Басқарма мүшесі ретіндегі өкілеттіліктерін тоқтатты.

## Басқарма мүшелеріне сыйақы беру

Компания Басқармасының қызметін бағалау шарттары мен тәртібін белгілеу және сыйақы төлеу мақсатында «Самұрық-Энерго» АҚ «Басшы және басқарушы қызметкерлерінің қызметін бағалау және оларға сыйақы беру ережелері» жұмыс істейді.

Ереже мынадай қағидаттарға сүйенеді:

- 1) сыйақының Компания мен оның акционерінің мүдделеріне сәйкес келетін міндеттердің орындалуымен өзара байланыстылығы;
- 2) сыйақы мөлшерін анықтау қағидаттарының қарапайымдылығы мен ашықтығы;

## Басқарманың қызметі

2018 жылы Компания Басқармасының 30 тікелей отырысы өткізіліп, 381 мәселе қаралды.

### Негізгі қаралған мәселелер

«Самұрық-Энерго» АҚ қызметкерлерінің қызметін бағалау қағидалары, «Самұрық-Энерго» АҚ Салық есебі саясаты, «Самұрық-Энерго» АҚ қызметкерлерін кәсіби оқыту және бейімдеу қағидалары, «Самұрық-Энерго» АҚ тәуекелдер және есеп жүргізу мен қаржылық есептілікті дайындау процестерін бақылау матрицасы, «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша ішкі нормативтік құжаттар, «Самұрық-Энерго» АҚ Трансформациялау бағдарламасының Жарғысы; еншілес және тәуелді ком-

- 3) сыйақы мөлшерінің Компания қызметінің нәтижелеріне және қызметкерлердің нәтижелілігіне тәуелділігі.

Атқарушы органның басшысы мен мүшелерін Директорлар кеңесі бағалайды. Бағалаудың негізгі критерийі алға қойылған ҚНҚ-ге қол жеткізу болып табылады.

2018 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ басшылық қызметкерлеріне төленген сыйақының жиынтық мөлшері 104 896 000 теңгені құрады, ол сомаға алты негізгі қызметке төлеген жалақылары және басқа да қысқа мерзімді сыйақылар жиынтығы кірді.

паниялардың бюджеттері/ Даму жоспарлары, лауазымдық жалақыларының сызбалары, штаттық кестелері бекітілді. Іске асырылатын жобалардың инвестициялық кезеңдері, Ішкі Аудит Қызметінің, «Комплаенс» қызметінің мәселелері қаралды.

«Самұрық-Энерго» АҚ Басқармасы отырыстарының саны			
	2016	2017	2018
Отырыстар саны	27	19	30
Ашық отырыстардың үлесі	100%	100%	100%
Қатысуы	100%	100%	84%
Қаралған мәселелер саны	430	344	381

## Басқарма Комитеттері

Басқарманың жанында сарапшылардың Басқарма мүшелерінің неғұрлым күрделі міндеттерді шешуіне көмек көрсетуі үшін құрылған консультативтік-кеңес органдары жұмыс істейді.

### ТӘУЕКЕЛДЕР ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ

Комитет Компанияның тәуекелдерін және ішкі бақылауды басқару саласында шешімдер қабылдаған кезде Басқармаға көмек көрсетеді, тәуекелдерді анықтауға, өлшеуге, қадағалауға, бақылауға тартылған процестердің дамуын қамтамасыз ете отырып, тәуекелдерді басқару жүйесін, ішкі бақылау мен менеджмент жүйесін ұйымдастыру, сондай-ақ оны тиімді қолдау бойынша ұсыныстарды, ұсынымдарды әзірлейді. Комитет осы салалардағы жұмысты үйлестіруге бақылау жүргізу бойынша ұсыныстар әзірлейді.

Барлық комитеттер Компания Басқармасына есеп береді және осы органдар туралы ережелерге сәйкес өздеріне Басқарма берген құзырет аясында әрекет етеді.

### Комитет құрамы:

**Комитет төрағасы** – Тәуекелдер және Құқықтық мәселелер жөніндегі басқарушы директор;

**Комитет төрағасының орынбасары** – Бизнесі трансформациялау жөніндегі басқарушы директор;

**Комитет мүшелері** – Дамыту және Сату жөніндегі басқарушы директор; Экономика және Қаржы жөніндегі басқарушы директор; Өндіріс және Активтерді басқару жөніндегі басқарушы директор; Қамтамасыз ету жөніндегі басқарушы директор;



дегі басқарушы директор; Қаржы контролері; «Тәуекел Менеджменті және Ішкі Бақылау» департаментінің директоры; Ішкі Аудит Қызметінің жетекшісі (дауыс беру құқығынсыз); «Комплаенс» қызметінің жетекшісі (дауыс беру құқығынсыз).

2018 жылғы есеп	
Отырыстар саны	4
Қаралған мәселелердің саны	11
Қатысуы, %	94%
Негізгі мәселелер	«Самұрық-Энерго» АҚ-ның тәуекелдерді басқару бойынша кейбір ішкі нормативтік құжаттарды өзектендіруді алдын ала мақұлдау туралы Негізгі тәуекелдердің сипаттамасы мен талдауы, сондай-ақ «Самұрық-Энерго» АҚ-ның 2017 жылғы 4 тоқсандағы, 2018 жылғы 1, 2 және 3 тоқсандағы тәуекелдерді мейлінше азайту бойынша жоспарлар мен бағдарламаларды іске асыру туралы мәліметтері көрсетілген Тәуекелдерді басқару жөніндегі есепті алдын ала мақұлдау туралы «Самұрық-Энерго» АҚ-ның 2018 ж. арналған Тәуекел-мәдениетті бағалау жөніндегі есебін қарау туралы «Самұрық-Энерго» АҚ-ның 2019 жылға арналған шоғырландырылған Тәуекелдер тіркелімін, шоғырландырылған Тәуекелдер картасын, әрбір негізгі тәуекелге қатысты төзімділік деңгейлерін анықтай отырып, Негізгі тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарын, Негізгі тәуекелдік көрсеткіштерінің паспорттарын алын ала мақұлдау туралы «Самұрық-Энерго» АҚ-ның 2019 жылға арналған тәуекел-тәбетін алдын ала мақұлдау туралы Департаменттің 2018 жылға арналған Жұмыс жоспарының орындалуы бойынша есепті қарау туралы Тәуекелдер және менеджмент жүйесі комитетінің 2018 жылға арналған Жұмыс жоспарының орындалуы туралы есепті қарау және Тәуекелдер жөніндегі комитеттің 2019 жылға арналған Жұмыс жоспарын бекіту туралы

### ҚЫЗМЕТТІ ЖОСПАРЛАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ КОМИТЕТІ

Комитеттің негізгі мақсаты «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы қызметінің тиімділігін арттыру, оның ішінде олардың активтері мен шығындарының құрылымын оңтайландыру, ҚНҚ-ге мониторинг жүргізу, Даму жоспарларын, қаржылық есептілікті қарау.

#### Комитет құрамы:

**Комитет төрағасы** – Экономика және Қаржы жөніндегі басқарушы директор;

**Комитет төрағасының орынбасары** – Дамыту және Сату жөніндегі басқарушы директор;

**Комитет мүшелері** – Өндіріс және Активтерді басқару жөніндегі басқарушы директор; Бизнесі трансформациялау жөніндегі басқарушы директор; Қамтамасыз ету жөніндегі басқарушы директор; Тәуекелдер және Құқықтық мәселелер жөніндегі басқарушы директор; «Қаржылық Бақылау» департаментінің директоры; «Баға Мониторингі және Санаттарды Басқару» департаментінің басшысы; Ішкі Аудит Қызметінің аудиторы (дауыс беру құқығынсыз).

2018 жылғы есеп	
Отырыстар саны	35
Қарастырылған мәселелер саны	88
Қатысуы, %	100%
Негізгі мәселелер	«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының қаржы-шаруашылық қызметінің қорытындылары туралы Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының 2019–2023 жылдарға арналған Даму жоспарының жобасын қарау туралы Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының Жылдық бюджетінің жобасын қарау туралы Бекітілген бюджеттің түзетулерін келісу туралы

### ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ-ИННОВАЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

Кеңес «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша инвестициялық және инновациялық қызметтің тиімділігін арттыруға ықпал етеді.

Осы мақсаттар үшін Кеңес инвестициялық және инновациялық қызмет, инвестиция алды және инвестициялық жобалар сатысының белгіленген кезеңдерін іске асыру бойынша ұсынымдар әзірлейді, келесі сатыға көшуге қатысты ұсыныстар әзірлейді, Компанияның басқа заңды тұлғаларының акцияларын (қатысу үлестерін), оның ішінде жер қойнауын пайдаланумен байланысты объектінің жер қойнауын пайдалану құқығын сатып алудағы басымдық құқығын іске асыру аясында сатып алу және иеліктен шығару, «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобын сыртқы заңды тұлғалармен біріктіру, инвестициялық жобалар аясында заңды тұлғаларды құру бойынша ұсынымдар әзірлейді.

2018 жылғы есеп	
Отырыстар саны	7
Қарастырылған мәселелер саны	23
Қатысуы, %	90
Негізгі мәселелер	«Алматы энергия кешенін газдандыру. Алматы ЖЭО-2-ні қоршаған ортаға тигізетін әсерін мейлінше азайта отырып жаңғырту» жобасының инвестиция алды кезеңін мақұлдау туралы Кеңсу өзенінің ағысын Мойнақ СЭС Бестөбе су қоймасына бұру Қапшағай қаласында қуаты 416 кВт күн электр станциясын салу» жобасының инвестициялық кезеңін іске асыру туралы

### АКТИВТЕР МЕН ПАССИВТЕРДІ БАСҚАРУ КОМИТЕТІ

Комитеттің мақсаты Компанияның уақытша бос ақша қаражатын орналастыру туралы инвестициялық шешімін алдын ала мақұлдаумен байланысты мәселелер бойынша шешімдердің уақытылы және сапалы қабылдануын қамтамасыз ету болып табылады. Комитет қаржылық активтерге қатысты ұсыныстардың әзірленуін, оның ішінде ақшаны қаржылық құралдарға инвестициялауды жүзеге асырады, құралдарды орналастырған кезде жоспарлы және нақты іс жүзіндегі нормативтердің сақталу жағдайына бақылау жасайды. Сонымен бірге, Комитет инвестициялық портфельдің ағымдағы және болжана-тын нарықтық жағдайға сәйкес келу мәніне талдау жасайды, тәуекелдерді мейлінше азайту мақсатында оларды хеджирлеу бойынша ұсыныстар әзірлейді, сондай-ақ қазынашылық портфельді қайта инвестициялау, әртарап-тандыру және жіктеу бойынша ұсыныстар әзірлейді.

#### Комитет құрамы:

**Комитет төрағасы** – Басқарма Төрағасы;

**Комитет төрағасының орынбасары** – Өндіріс және Активтерді басқару жөніндегі басқарушы директор;

**Комитет мүшелері** – Дамыту және Сату жөніндегі басқарушы директор; Экономика және Қаржы жөніндегі басқарушы директор; Бизнесі трансформациялау жөніндегі басқарушы директор; Қамтамасыз ету жөніндегі басқарушы директор; Тәуекелдер және Құқықтық мәселелер жөніндегі басқарушы директор; Жобалау Офисінің Басшысы; «Комплаенс» қызметінің басшысы – сарапшы ретінде дауыс беру құқығынсыз; «Самұрық-Энерго» АҚ Ішкі Аудит Қызметінің бас аудиторы – сарапшы ретінде дауыс беру құқығынсыз;

Тәуелсіз сарапшы – «Алматы энергетика және байланыс университеті» ҰАҚ өкілі.

#### Комитет құрамы:

**Комитет төрағасы** – Экономика және Қаржы жөніндегі басқарушы директор;

**Комитет төрағасының орынбасары** – Өндіріс және Активтерді басқару жөніндегі басқарушы директор;

**Комитет мүшелері** – «Тәуекел Менеджменті және Ішкі Бақылау» департаментінің директоры; «Қазынашылық және Корпоративтік Қаржы» департаментінің директоры; «Бухгалтерлік және Салық Есебі» департаментінің директоры; «Стратегиялық Жоспарлау және Экономикалық Талдау» департаментінің директоры; Қаржы контролері.

2018 жылғы есеп	
Отырыстар саны	2
Қарастырылған мәселелер саны	2
Қатысуы, %	100%
Негізгі мәселелер	Жаңа банктік салым ашу туралы «Самұрық-Энерго» АҚ-ның банк-контрагенттерге баланстық және баланстан тыс міндеттемелері бойынша шоғырландырылған шектелімдерін бекіту туралы

«Самұрық-Энерго» АҚ Басқармасының 2018 жылғы 13 тамыздағы № 15 шешімімен «Самұрық-Энерго» АҚ Ак-

тивтерді және пассивтерді басқару комитеті мен Кредит комитетін біріктіру туралы шешім қабылданды.

### «САМУРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ КРЕДИТ КОМИТЕТІ

Кредит комитетінің негізгі міндеттері кредит (заемдар), қаржылық көмек және кепілдік бере отырып тартумен, «Самұрық-Энерго» АҚ активтері мен пассивтерінің құрылымын тиімді басқару бойынша ұсынымдар әзірлеумен байланысты мәселелер бойынша уақытылы және сапалы шешімдер қабылдауды қамтамасыз ету болып табылады.

### Комитет құрамы:

**Комитет төрағасы** – Экономика және Қаржы жөніндегі басқарушы директор;

**Комитет мүшелері** – Өндіріс және активтерді басқару жөніндегі басқарушы директор; Тәуекелдер және Құқықтық мәселелер жөніндегі басқарушы директор; «Қазынашылық және Корпоративтік Қаржы» департаментінің директоры; «Тәуекел Менеджменті және Ішкі Бақылау» департаментінің директоры; Жобалау Офисінің басшысы; Қаржы контролері.

**Тәуелсіз сарапшы** – «Комплаенс» қызметінің басшысы

2018 жылғы есеп	
Отырыстар саны	8
Қарастырылған мәселелер саны	8
Қатысуы, %	94%
Негізгі мәселелер	«Жинақбанкі» АҚ ЕБ-мен 2016 жылғы 16 маусымдағы № 16-14285-01-КЛ (Транштер) Кредиттік желі ашу туралы шартқа № 4 қосымша келісімді жасау туралы Азия Даму Банкімен Кредиттік келісім жасау арқылы «Самұрық-Энерго» АҚ-ның меншікті капиталын екі пайыздан (қоса алғанда) он пайызға дейін құрайтын шамаға міндеттемелерін ұлғайту туралы

### СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЛАУ КОМИТЕТІ

Комитет 2018 жылы құрылды.

Комитетті құру мақсаты ұзақмерзімді болашақта Компания қызметінің тиімділігін арттыруға әсер ететін шараларды әзірлеу жөніндегі мәселелерді қоса алғанда стратегиялық дамыту саласындағы ұсыныстарды әзірлеу болып табылады.

### Комитет құрамы:

**Комитет Төрағасы** – Басқарма Төрағасы;

**Комитет Төрағасының орынбасары** – Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор;

**Комитет мүшелері** – Өндіріс және Активтерді басқару жөніндегі басқарушы директор; Дамыту және Сату жөніндегі басқарушы директор; Тәуекелдер және Құқықтық

мәселелер жөніндегі басқарушы директор; Бизнесі трансформациялау жөніндегі басқарушы директор; «Стратегиялық Жоспарлау және Экономикалық Талдау» департаментінің директоры; «Қазынашылық және Корпоративтік Қаржы» департаментінің директоры; «Активтерді Қайта құру және Сату» департаментінің директоры; «Генерация және Отын» департаментінің директоры; «ЖЭК және Тарату» департаментінің директоры; «Өндірістік Тиімділік» департаментінің директоры; Сауда Үйінің басшысы; «Нарықты Дамыту» департаментінің директоры; Жобалау Офисінің басшысы; «Инвестициялық Талдау» департаментінің директоры; «Адам Ресурстарын Басқару» департаментінің директоры; Трансформация Офисінің басшысы; Цифрландыру Офисінің басшысы; «Корпоративтік Басқару және Орнықты Даму» департаментінің директоры; «Ақпараттық Технологиялар» департаментінің директоры; «Стратегиялық Жоспарлау» бөлімінің басшысы.

2018 жылғы есеп	
Отырыс саны	4
Қарастырылған мәселелер саны	17
Қатысуы, %	100%
Негізгі мәселелер	Э/ә өндіру және сату көлемдері туралы, оның ішінде экспорттық бағыттар бойынша (CASA-1000, РФ, Қырғызстан, Өзбекістан, ҚХР және т.б.) Көмірді өндіру және сату көлемдері туралы, оның ішінде экспорттық бағыттар бойынша Э/ә сату бойынша жаңа өнімдердің портфелін дамыту туралы Перспективті инвестициялық жобалар тізімі туралы Сыртқы ортамен байланысты мүмкін болатын қауіптер мен тәуекелдерді талдау туралы (PESTEL-талдау) Компанияның миссиясы, пайымдауы, бірінші және екінші деңгейдегі стратегиялық мақсаттар туралы Ішкі және сыртқы нарықтарда э/ә мен көмірді сату көлемдері бойынша болжалдар туралы Бизнес-бағыттар бөлігінде стратегиялық бастамалар туралы

### КАДРЛАР ЖӘНЕ СЫЙАҚЫЛАР КОМИТЕТІ

Комитет 2018 жылы құрылды.

Комитет қызметінің мақсаты адам ресурстарын басқару мәселелері бойынша ұсыныстарды әзірлеу, қардлық саясаттың Компанияның Стратегиясына сәйкес келуін талдау, бағалау және мониторингілеу, Компанияның еншілес және тәуелді ұйымдардың басшылық ететін және басқарушы қызметкерлер лауазымының тізімін қарастыру, тағайындау немесе Басқарма жүзеге асыратын тағайындауларды келісу болып табылады.

### Комитет құрамы:

**Комитет Төрағасы** – Бизнесі трансформациялау жөніндегі басқарушы директор;

**Комитет Төрағасының орынбасары** – Басқарма Төрағасы офисінің басшысы;

**Комитет мүшелері** – Өндіріс және Активтерді басқару жөніндегі басқарушы директор; Тәуекелдер және Құқықтық мәселелер жөніндегі басқарушы директор; Басқарма Төрағасының кеңесшісі (қауіпсіздік бойынша); «Адам Ресурстарын Басқару» департаментінің директоры.



2018 жылғы есеп	
Отырыс саны	10
Қарастырылған мәселелер саны	57
Қатысуы, %	100%
Негізгі мәселелер	Адам ресурстарын басқару мәселелері бойынша ұсыныстарды әзірлеу (штаттық кестені/лауазымдық жалақы схемасын, кадрлық саясатты бекіту жөніндегі ұсыныстар беру) Басқарма жүзеге асыратын лауазымдарды тағайындау немесе келісу

### ӨНДІРІСТІК ҚАУІПСІЗДІК, ЕҢБЕКТІ ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ КОМИТЕТІ

Комитет 2018 жылы құрылды.

Комитет қызметінің мақсаты еңбекті және қоршаған ортаны қорғаумен байланысты тәуекелдерді сәйкестендіру және басқару саясаттары мен жүйелердің тиімділігін бағалау мәселелері бойынша тиісті ұсыныстарды ұсыну жолымен Компанияның еңбекті және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі мәселелерді шешуде тиімді жұмысты қамтамасыз ету; өлімге әкелген барлық жазатайым оқиғаларды, сондай-ақ маңызды инциденттерді және бұндай оқиғалар мен инциденттер нәтижесінде қамданытын шараларды талдау; еңбекті және қоршаған ортаны қорғау бөлігінде кез келген тәуеліз аудиторлық тексерістердің нәтижелерін зерттеу, қозғалатын мәселелерге жауап ретінде әзірленген кез келген стратегияларға және жоспарларға шолу және мүмкін болған жағдайда аталған

мәселелерге қатысты Директорлар кеңесіне ұсыныстар беру болып табылады.

#### Комитет құрамы:

**Комитет Төрағасы** – Тәуекелдер және Құқықтық мәселелер жөніндегі басқарушы директор;

**Комитет Төрағасының орынбасары** – Бизнесі трансформациялау жөніндегі басқарушы директор;

**Комитет мүшелері** – «Генерация және Отын» департаментінің директоры; «ЖЭК және Тарату» департаментінің директоры; «Еңбекті және Қоршаған Ортаны Қорғау» департаментінің бас менеджері; «Корпоративтік Басқару және Орнықты Даму» департаментінің бас менеджері.

2018 жылғы есеп	
Отырыс саны	4
Қарастырылған мәселелер саны	9
Қатысуы, %	95
Негізгі мәселелер	«Орын алған оқиғалар үшін тәртіптік жауапкершілік тартуға мораторий» енгізу қажеттігі туралы мәселелерін қарастыру (өлімге әкеп соққан және ауыр салдарлы жазатайым оқиғаларды қоспағанда) «Самұрық-Энерго» АҚ-ның кешенді қауіпсіздігін басқару бойынша жаңа моделін ендіру» SKE.06 жобасы аясында әзірленген стандарттарды бекіту тәртібі туралы мәселені қарастыру


## ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

Қазақстан Республикасы экономикасының өсу қарқынының төмендеуі, ұлттық валютаның әлсіреуі, электр энергетикалық нарығы құрылымының өзгеруі және тарифті оңтайландыру Компанияның қызмет етуінің жағдайына негізгі ықпалын тигізеді. Бұл ретте, өндірудің төмен құнды электр энергетикалық көмірдің үлкен қорларының, тиімді энергетикалық қуаттардың және мемлекет пен Жалғыз акционердің тарапынан қолдаудың болуы экспорттық әлеуеттің дамуы және ішкі нарықта бәсекелестікті арттыру үшін мүмкіндік береді.

бағаланды, НҚК-ның шекті мағыналары жаңартылды, тәуекелдер иелері тәуекелдер факторларын және оларды төмендету жөніндегі шараларды өзектендірді. 2017 жылы болып өткен іске асырылған кейбір жағдайларға байланысты, сондай-ақ Компанияның ішкі аудит қызметінің тексеріс нәтижелері бойынша есептердің негізінде, Тәуекелдер тіркеліміндегі тәуекелдерге қайта бағалау жүргізілді. 14 тәуекел 2018 жылғы Тәуекелдер картасының негізгі аймағына енді:

2018 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының қызметіне тиісті 32 тәуекел сәйкестендірілді және

Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін ендіру және жетілдіру компания тобының стратегиялық және операциялық мақсаттарға қол жеткізуінің қажетті шарты




1. ЕТУ-лардың іске асырылатын/перспективалық жобалар мен инвестициялық жобалардың тәуекелдері
2. Қызметтік міндеттемелерді орындау барысында қызметкерлердің денсаулығы мен өміріне зақым келтірген өндірісте-гі жазатайым оқиғалардың тәуекелі
3. Валюталық тәуекел
4. Кредиттік тәуекел
5. Қоғамның ұзақ мерзімді даму стратегиясын орындамау/уақытылы өзектендірмеу тәуекелі
6. Сыртқы кредиторлардың ковенантын және листингтік талаптардың бұзу тәуекелі
7. Электр энергиясын іске асыру жоспа-рын орындамау тәуекелі
8. Трансформациялау бағдарламасын іске асырумен байланысты тәуекел
9. Активтердің құнсыздану тәуекелі
10. Операциялық, инвестициялық, қаржылық қызметті жүзеге асыру үшін өтімділіктің жеткіліксіздік тәуекелі
11. Өндірістегі авариялар және апаттар тәуекелі
12. Активтерді сатып алумен, қайта құрумен және іске асырумен байланысты тәуекелдер
13. Тарифті құру тәуекелі
14. Қоғамдар тобының адам ресурстары тәуекелі

және таяу болашақтағы маңызды тапсырмалардың бірі болып табылады.

Компания «Үш қорғаныс желісі» моделін пайдалана отырып, COSO стандартын ұстанады:

## 2018 жылғы негізгі өзгерістер (негізгі тәуекелдерді митигациялау)



### ЕТҮ-лардың іске асырылатын/перспективалық жобалары мен инвестициялық жобаларының тәуекелдері (өзгеріссіз)

- ▶ Инвестициялық жобалар бойынша игерілмеу жөніндегі негізгі ауытқу "РУСАЛ" БК ("Богатырь Көмір" ЖШС-ның тең акционер (50%) ресей компаниясына қатысты АҚШ-тың санкциялары себебінен ЕАДБ-ның циклдық-ағындық технологияларға көшу жобасын іске асыру үшін заемдық қаржыландыруға рұқсатты уақытша тоқтату себебі бойынша "Богатырь Көмір" ЖШС бойынша туындады.
- ▶ Шаралар: жобаны іске асыру үшін баламалы заемдық қаржыландыруды іздеу жүргізіледі.

### Қызметтік міндеттемелерді орындау барысында қызметкерлердің денсаулығы мен өміріне зақым келтірген өндірістегі жазатайым оқиғалардың тәуекелі (өзгеріссіз)

- ▶ 2018 жылдан бастап еңбек қызметіне байланысты 10 жазатайым оқиға, оның ішінде өлімге әкеп соққан 2 жағдай тіркелді.
- ▶ Шаралар: "Еңбекті және Қоршаған Ортаны Қорғау" департаментінің Жұмыс жоспарына сәйкес.

### Валюталық тәуекел (сарғылт аймаққа митигациялау)

- ▶ Валюталық міндеттемелерді төмендету.
- ▶ Шаралар: валютаның құнын белгілеудің өзгерістерін мониторингілеу, ағымдағы заемды қайта қаржыландыру жөніндегі шаралар.

### Кредиттік тәуекел (өзгеріссіз)

- ▶ Екінші деңгейдегі банктердегі тұрақсыз жағдай
- ▶ Шаралар: банк-контрагенттер үшін шектеулердің сақталуын мониторингілеу, ҚР Үкіметінің 19.09.2018ж. қаулысын іске асыру

### Компанияның ұзақ мерзімді даму стратегиясын орындамау/уақытылы өзектендірмеу тәуекелі (сарғылт аймаққа митигациялау)

- ▶ Компанияның 2018-2028 жылдарға арналған ұзақ мерзімді даму стратегиясын өзектендіру
- ▶ Шаралар: Компанияның Даму стратегиясын және белгіленген НҚК-ларын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалуын мониторингілеу

### Сыртқы кредиторлардың ковенантын және листингтік талаптарды бұзу тәуекелі (өзгеріссіз)

- ▶ Шаралар: ковенанттың, сондай-ақ қаржылық тұрақтылық коэффициенттерінің сақталуын мониторингілеу, қарыздық жүктеменің және пайыздық төлемдердің деңгейін төмендету жөніндегі шаралар

### Электр энергиясын сату жоспарын орындамау тәуекелі (ықтималдылық бойынша төмендету)

- ▶ 2018 жылғы электр энергиясын сату жоспары - 28,7 млрд кВт·сағ. 2019 жылғы электр энергиясын сату фактісі - 29,9 млрд кВт·сағ. Жоспардың сандық түріндегі орындалуы - 104%
- ▶ Шаралар: электр энергиясын көтерме нарығына жеткізудің тәуелсіз кестелерін қалыптастыруға күн сайын қатысу және орталықтандырылған сауда-саттықтарға қатысу, ҚР-ның көтерме нарығының тұтынушыларын тарту

### Трансформациялау бағдарламасын іске асырумен байланысты тәуекел (өзгеріссіз)

- ▶ Мердігерлік компаниямен шарттық міндеттемелер тәуекелін іске асыруға байланысты Бизнесі трансформациялау бағдарламасының Жол картасының мерзімдерінен қалу
- ▶ Шаралар: көшірілген мерзімдерге сәйкес Жол картасын бекіту, Жол картасының орындалуын мониторингілеу

### Активтердің құнсыздану тәуекелі (сары аймаққа митигациялау)

- ▶ Жақсаруына байланысты компанияның қаржылық тұрақтылықтың көрсеткіштері Компания активтерінің құнсыздану факторлары төмендеді
- ▶ Шаралар: күрделі шығындардың азаюы, жоспарланатын күрделі жөндеулердің негізділігіне талдау жүргізу, құнсыздануға тест жүргізу (құнсыздану белгілері туындаған жағдайда)

### Операциялық, инвестициялық, қаржылық қызметті жүзеге асыру үшін өтімділіктің жеткіліксіздік тәуекелі (сары аймаққа митигациялау)

- ▶ Шаралар: тәуекелдің жасыл аймағына шығару жөніндегі Компанияның Іс-шаралар жоспарына сәйкес

### Өндірістегі авариялар және апаттар тәуекелі (ықтималдық бойынша төмендеуі)

- ▶ Өндірісте авариялар мен апаттардың болмауы
- ▶ Шаралар: күрделі және ағымдағы жөндеулерді орындау, құралдардың техникалық жағдайын мерзімдік куәландыру, кәсіпорындардың оперативтік персоналына нұсқаулықтар мен аварияға қарсы оқыту жүргізу

### Активтерді сатып алумен, қайта құрумен және іске асырумен байланысты тәуекелдер (өзгеріссіз)

- ▶ Жекешелендіру жөніндегі шараларды іске асыру мерзімдерінен кешігулер жоқ
- ▶ Шаралар: "Активтерді сатып алумен, қайта құрумен және іске асырумен байланысты тәуекелдерді" мониторингілеу

### Тариф белгілеу тәуекелі (ықтималдылық бойынша арттыру)

- ▶ Шаралар: ЕТҮ-ның тарифтік саясатын мониторингілеу, уәкілетті органдарда тариф деңгейін мониторингілеу (келісу), заңнамаға өзгерістер енгізу бойынша жұмыс топтарына қатысу

### Компания тобының адам ресурстары тәуекелі (ықпалы бойынша арту және ықтималдылық бойынша азаю)

- ▶ Шаралар: Кадрлық резервпен жұмыс істеу, электр энергетикалық және көмір салалары үшін басым мамандықтар бойынша мамандарды даярлау мәселелері бойынша білім беру ұйымдарымен өзара іс-қимыл жасау, Компания қызметкерлері үшін оқыту семинарлары мен тренингтерді ұйымдастыру, меритократия қағидаттарын ендіру, мотивация жүйесін дамыту



## Корпоративтік басқару тәжірибесінің Корпоративтік басқару кодексі қағидаттарына сәйкес келуі туралы

Компания ережелері мен нормалары барлық органдар, барлық лауазымды тұлғалар мен жұмыскерлер үшін қадағалануы міндетті болып табылатын Корпоративтік басқару кодексінің басшылыққа алады. Осы мақсатта Корпоративтік хатшы Кодекстің тиісті деңгейде қадағалануы бойынша мониторинг жүргізіп, Директорлар кеңесі мен Атқарушы органға ақпарат беріп отырады, сондай-ақ жыл сайын оның қағидаттары мен ережелерінің сақталуы/сақталмауы туралы есеп дайындайды.

Компания 2018 жылы Кодекс қағидалары мен ережелеріне сәйкестік деңгейіне бағалау жүргізіп, соның негізінде өз Есебін әзірледі. Компанияның Ішкі аудит қызметі GAP-талдауына бағалау және Есепке тексеру жүргізді.

**Компания өз қызметінде Корпоративтік басқару кодексінің талаптары мен ұсыныстарын орындайды, соның ішінде келесі тарауларды есепке алмағанда:**

### № «Самұрық-Энерго» АҚ Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары

#### 1-ТАРАУ. ҮКІМЕТ ҚОРДЫҢ АКЦИОНЕРІ РЕТІНДЕ

2 Қазақстан Республикасының Үкіметі Қордың жалғыз акционері болып табылады. Қор мен оның ұйымдарының негізгі стратегиялық міндеті – Қор мен оның ұйымдарының ұзақ мерзімді құнының өсуі және орнықты дамуы болып табылады, бұл Қор мен компаниялардың даму стратегиясында көрсетіледі. Қабылданатын барлық шешімдер мен іс-әрекеттер даму стратегиясына сәйкес келуі тиіс. Қор мен компанияларда активтердің оңтайлы құрылымы құрылуы тиіс. Қор мен компаниялар өз активтерінің құрылымын және ұйымдастырушылық-құқықтық нысандарын барынша жеңілдетуге тырысуы тиіс. Ұйымдар қызметтерін өзінің негізгі (бейінді) қызметінің аясында жүзеге асырады. Қызметтің жаңа түрлерін жүзеге асыруға аталған нарықта бәсекелес жоқ немесе Қор мен ұйымдардың қатысуы шағын және орта бизнестің дамуына ықпал етеді деген шартпен жол беріледі. Қор ұйымдарында бақылау акцияларының (қатысу үлесінің) болуы мен оларды сақтау ұсынылады.

15 Іскерлік этика қағидаттарын сақтау және әлеуметтік-еңбек сипатындағы Қорда және оның ұйымдарында туындаған дауларды оңтайлы реттеу мақсатында Омбудсмен тағайындалады. Омбудсмен лауазымына тағайындалатын тұлғаның мінсіз іскерлік беделі, жоғары беделі және әділ шешімдерді қабылдау мүмкіндігі болуы шарт. Омбудсмен Қордың Директорлар кеңесінің шешімімен тағайындалады және әрбір екі жыл сайын қайта сайлауға жатады. Омбудсмен өзіне жүгінген қызметкерлерге, еңбек дауларының, қақтығыстардың қатысушысына кеңес беріп, және Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын (оның ішінде қажет болған жағдайда құпиялылықты) сақтай отырып қолайлы, сындарлы және оңтайлы шешім қабылдауына ықпал ету, сондай-ақ Қор мен ұйым қызметкерлеріне әлеуметтік-еңбек сипатындағы проблемалық мәселелерді шешуге, қызметкерлердің іскерлік этика қағидаттарын сақтауына жәрдемдесу болып табылады. Омбудсмен өзі анықтаған проблемалық, оның ішінде жүйелік сипатқа ие және тиісті шешімдерді (кешенді шараларды) қабылдауды талап ететін мәселелерді Қордың және/немесе оның ұйымдарының тиісті органдары мен лауазымды тұлғаларының қарауына енгізіп, оларды шешу үшін сындарлы ұсыныстар береді. Омбудсмен жылына кемінде бір рет белгіленген тәртіпте Қордың Директорлар кеңесінің Аудит комитетіне және Тағайындаулар мен сыйлықақылар комитетіне жүргізілген жұмыс нәтижелері туралы есеп береді. Қордың Директорлар кеңесі Омбудсменнің қызмет қорытындыларын бағалап, және омбудсмен лауазымындағы тұлғаның қызметін ұзарту немесе тоқтату туралы шешім қабылдайды. Омбудсменнің жұмыс істеу орны, еңбек шарты Қор Басқармасының шешімімен белгіленеді.

#### 5-ТАРАУ. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ЖӘНЕ АТҚАРУШЫ ОРГАННЫҢ ТИІМДІЛІГІ

5 Директорлар кеңесінің құрамында тәжірибесі, жеке басының сипаттамалары мен гендерлік құрамы бойынша әртүрлілікті қамтамасыз ету қажет. Директорлар кеңесі тарапынан қабылданатын шешімдердің тәуелсіздігін және барлық акционерлерге әділ қарым-қатынастың болуын қамтамасыз ету үшін ДК құрамына тәуелсіз директорлар жеткілікті мөлшерде кіруі тиіс. Компанияның Директорлар кеңесінің құрамындағы тәуелсіз директорлардың ұсынылатын саны Директорлар кеңесінің жалпы сандық құрамының елу пайызын құрайды.

Сақталады/  
Сақталмайды/  
Ішінара сақталады

Кодекс ережелерінің сақталу/сақталмауы туралы ақпарат

#### 1-ТАРАУ. ҮКІМЕТ ҚОРДЫҢ АКЦИОНЕРІ РЕТІНДЕ

Ішінара сақталады

Директорлар кеңесі 2018 жылғы 25 тамызда «Самұрық-Энерго» АҚ-ның 2028 жылға дейінгі кезеңге арналған Даму стратегиясын бекітті, оның стратегиялық мақсаттары мыналар болып табылады: қатысу нарықтарында энергия ресурстарының сенімді және бәсекеге қабілетті жеткізілуін қамтамасыз ету; орнықты дамуын қамтамасыз ету; акционерлік капиталдың құнын арттыру. Қабылданатын барлық шешімдер мен қызметтер Стратегияға сәйкес келеді. Стратегияның іске асырылуын мониторингілеу мақсатында Компанияның Директорлар кеңесі және Басқармасы стратегиялық сессияларды өткізеді (Стратегияның жүзеге асырылуы бойынша есептерді қарау барысында), олардың барысында қызметтің негізгі бағыттары, міндеттері, проблемалық мәселелер, тәуекелдер, түзету шаралары талқыланады. Компанияның инвестициялық қызметі Стратегияны іске асыру аясында жүзеге асырылады.

Компанияның компаниялар тобына әртүрлі ұйымдастырушылық-құқықтық нысанды ЕТҮ-лар кіреді: акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер. Кодекс «Қор мен компанияларда активтердің оңтайлы құрылымы құрылуы тиіс. Қор мен компаниялар өз активтерінің құрылымын және ұйымдастырушылық-құқықтық нысандарын барынша жеңілдетуге тырысуы тиіс» деп ұсынады.

Дәл қазіргі кезеңде Компания «Жекешелендірудің 2016-2020 жылдарға арналған кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 30 желтоқсандағы №1141 қаулысына сәйкес, Қоғам өзінің 3 активін сату шараларын жүргізді: құрамында «Маңғышлақ-Мұнай» ЖШС және «Энергия Семиречья» ЖШС-ның 26% қатысу үлесі бар «Тегіс - Мұнай» ЖШС. 2018 жылы құрамында «Маңғышлақ-Мұнай» ЖШС бар «Тегіс - Мұнай» ЖШС-ны сату мақсатындағы конкурс екінші рет өткізілді. Өтінім түспеуіне байланысты конкурс өтпеді. 26% қатысу үлесі бар «Энергия Семиречья» ЖШС-ның меншік құқығын қайта тіркеу рәсімі өткізілді.

«Өскемен ГЭС» АҚ, «Шұлбі ГЭС» АҚ және «Бұқтырма ГЭС» АҚ өндірістік қызметпен айналыспайды; «Мойнақ ГЭС» АҚ және «Шардара ГЭС» АҚ инвестициялық жобаларды жүзеге асыру аясында ұзақ мерзімді кредит шартына отырған, сондықтан олардың ұйымдық-құқықтық нысанын жауапкершілігі шектеулі серіктестік нысанына өзгерту қарызды мерзімінен бұрын талап ету тәуекелін тудырып, ең тиімді мемлекеттік кепілдіктен айырылуға әкеліп соғуы мүмкін. Соның салдарынан қарыз құны қымбаттап, ковенанттық пакет пен кредиттің басқа да талаптары күшейтіліп, қолданыстағы кредиттік және кепілдік құжаттаманың қайта бекітілуі үшін консультанттар жалдауға қосымша шығын жұмсалыуы мүмкін. Соған орай кредиторлармен осы аталған компаниялардың ұйымдық-құқықтық нысанын ЖШС ретінде өзгертілуін келісуді қарыз портфелі оңтайланған соң немесе тартылған қарыздар толық өтелгеннен кейін жүргізу ғана тиімді.

Ішінара сақталады

Іскерлік этика қағидаттарын сақтау және Компанияда туындаған әлеуметтік-еңбек сипатындағы дауларды оңтайлы реттеу мақсатында 2017 жылғы 16 маусымда Қоғамның Директорлар кеңесі екі жыл мерзімге «Самұрық-Энерго Жергілікті кәсіподағы» ҚБ-ның төрағасы, іскерлік беделі мінсіз, жоғары мәртебесі және әділ шешімдерді қабылдау мүмкіндігі бар тұлға - О.Т.Бекбасты Компанияның Омбудсмені етіп сайлады және тағайындады (№07/17 хаттама).

2015 жылғы 20 қарашада Қоғамның омбудсмені туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) бекітілді (№07/15 хаттама). Ережеде Омбудсменнің міндеттері, құқықтары мен атқаратын қызметі толық айқындалды.

Омбудсмен тоқсан сайын Директорлар кеңесінің мүшелеріне атқарылған жұмыстар туралы есеп жіберіп отырады. Омбудсмен әзірленген есебін ТСК және АҚ-ға емес, тек ДК мүшелеріне ғана ұсынады.

#### 5-ТАРАУ. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ЖӘНЕ АТҚАРУШЫ ОРГАННЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Ішінара сақталады

Директорлар кеңесінде гендерлік құрам бойынша әртүрлілік жоқ.

**№ «Самұрық-Энерго» АҚ Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары**

- 7 Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелері үшін қызметке кіріспе бағдарламасын және Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі үшін кәсіби даму бағдарламасын бекітеді. Корпоративтік хатшы аталған бағдарламалардың іске асырылуын қамтамасыз етеді.
- 12 Директорлар кеңесінің отырыстарын әзірлеу және өткізу оның қызметінің ең жоғарғы нәтижелілігіне ықпал етуі тиіс. Өз міндеттерін орындауы мақсатында Директорлар кеңесінің мүшелері үшін толық, өзекті және ағымдағы ақпарат қол жетімді болуы тиіс. Директорлар кеңесі өз міндеттерін тиімді түрде орындау үшін отырыстарын тұрақты негізде өткізіп тұрады. Директорлар кеңесінің отырыстары күнтізбелік жыл басталғанға дейін бекітілетін жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі. Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің отырыстары сырттай немесе тікелей қатысу арқылы дауыс беру нысанында өткізіледі, бұл ретте сырттай нысанда өткізілетін отырыстар саны мейлінше аз болуы шарт. Маңызды және стратегиялық сипаттағы мәселелерді қарау және шешім қабылдау Директорлар кеңесінің тікелей қатысу арқылы дауыс беру нысанында өткізілетін отырыстарда жүзеге асырылады. Кейбір ерекше жағдайларда Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің отырыстарын екі нысанда да бірлесе өткізуге мүмкіндік бар. Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің отырыстарында корпоративтік хатшы тиісті ретпен хаттама әзірлеп, талқыланған мәселелер мен қабылданған шешімдерді толық көрсетеді.

**7-ТАРАУ. АШЫҚТЫҚ**

- 2 Қор және оның ұйымдары Қазақстан Республикасының заңнамасында және ішкі құжаттарда көзделген ақпаратты дер кезінде ашық жариялап отырады. Қорда және ұйымдарда ақпаратты жария ету және сақтау қағидаттары мен ережелерін айқындайтын, және мүдделі тұлғаларға жариялауға жататын ақпараттар тізімі көрсетілген ішкі құжаттар әзірленіп, бекітілуі тиіс. Қор және ұйымдар ақпараттың қол жетімді мәлімет санатына жатқызылу тәртібін, ақпаратты сақтау және пайдалану талаптарын, оның ішінде коммерциялық және қызметтік құпия ақпаратқа еркін қол жеткізуші тұлғалар тобын айқындайды, және оның құпия сақталуы үшін тиісті шараларды қабылдайды.

**Сақталады/ Сақталмайды/ Ішінара сақталады**      **Кодекс ережелерінің сақталу/сақталмауы туралы ақпарат**

- Ішінара сақталады      Компанияда Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелері үшін Қызметке кіріспе бағдарламасы әрекет етеді. Сонымен қатар, аталған бағдарламаның орындалуын мониторингілеу механизмін ендіру мақсатында 2016 жылы ол аталған рәсім рәсімдеу бөлігінде өзектендірілді. Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелерінің Қызметке кіріспе бағдарламасынан өтуін қамтамасыз етті. Кәсіби даму бағдарламасы Директорлар кеңесінің тек кейбір мүшелері үшін бекітілді.
- Ішінара сақталады      Директорлар кеңесі Жұмыс жоспарын бекітіп, алдағы жылы өткізілетін отырыстардың болжамды мерзімін көрсетеді. Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің барлық отырыстарын Корпоративтік хатшы және Аудит комитетінің хатшысы толық хаттамаға енгізеді. Директорлар кеңесінің алдағы уақытқа жоспарланған отырысында қаралатын мәселелер бойынша материалдар мен ақпаратты Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесінің мүшелеріне алдын ала (отырыс болатын күннен 10 күн бұрын) жібереді. Бірақ Директорлар кеңесінің отырысы болып жатқанда күн тәртібіне қосымша мәселелерді енгізу жағдайлары (Директорлар кеңесі отырыстарының 2018 жылғы 25 қаңтардағы, 2018 жылғы 27 сәуірдегі, 2018 жылғы 25 мамырдағы, 2018 жылғы 29 маусымдағы хаттамалары) байқалады, тиісінше материалдарды ұсыну мерзімі сақталмаған. Кейбір жағдайларда ДК мүшелерінің Директорлар кеңесінің қарауына ұсынылатын материалдардың сапасын жақсартуға қатысты ескертпелері болады.

**7-ТАРАУ. АШЫҚТЫҚ**

- Ішінара сақталады      Компанияда ақпаратты жария ету және сақтау қағидаттары мен ережелерін реттейтін нормативтік құжаттар бекітілген. Компанияда: Мүдделі тұлғаларға жария ету санатына енгізілген ақпараттар тізбесі, Қоғамның web-сайтына ақпарат әзірлеу және орналастыру тәртібі қолданылады, бұл құжатта ақпараттың жариялануына және ұсынылуына жауапты лауазымды тұлғалар мен тиісті құрылымдық бөлімшелер, есептілік нысаны анықталған; Ақпараттық қауіпсіздік саясаты; «Самұрық-Энерго» АҚ-та құпия ақпараттың сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулық; Қаржылық есептілік және қор биржасы депозитариінің интернет ресурстарына ақпарат әзірлеу және орналастыру тәртібі секілді құжаттар қолданылады. Сондай-ақ Компанияда ақпаратты жария ету қағидаттары мен ережелерін айқындайтын Ақпараттық саясат қолданылып келеді, бұл құжат қазіргі уақытта өзектендіруді қажет етеді.



Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерінің сәйкестігі туралы толық есеппен мына сайтта танысуға болады:  
<https://www.samruk-energy.kz/ru/shareholder/other-statements>.



# ОРНЫҚТЫ ДАМУ



Қазіргі әлемде, компания табысты болуы үшін өзінің бар ықыласын тек қаржылық жағдайына бөлуі жеткіліксіз, біз қоғамда өсіп сүріп жатқанымызды, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғауға және келешек ұрпаққа қамқорлық жасауға тиіспіз, өйткені Компаниямыздың қызметі еліміздің экономикасын дамытумен, электр энергиясы мен жылудың сапалы жеткізілуін қамтамасыз етумен тікелей байланысты.

Компания өзінің экономикаға, экологияға, қоғамға тигізетін әсерінің маңызын толық сезінеді және ұзақмерзімді құнның өсуіне ұмтыла отырып, мүдделі тараптар мүдделерінің теңгерімін сақтай отырып, ұзақмерзімді перспективада орнықты дамуды қамтамасыз етеді.

## Орнықты даму қағидаттары:

1 ашықтық	6 заңдылық
2 есеп берушілік	7 адам құқықтарын сақтау
3 айқындық	8 сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік
4 этикалық мінез-құлық	9 мүдделер қақтығысына жол бермеушілік
5 мүдделі тараптардың мүдделерін құрметтеу	10 жеке бастың үлгісі

## Орнықты даму қағидаттары үш деңгей бөлігінде ендірілді:

1. Стратегиялық бірігу – Орнықты даму қағидаттары Стратегияға ендірілді (миссияға, құндылықтарға және стратегиялық мақсаттарға);
2. Операциялық бірігу – Компания басшылығы барлық корпоративтік шешімдерді орнықты даму саласындағы қағидаттар мен мақсаттарға сәйкестік критерийлеріне сүйене отырып қабылдайды;
3. Мәдени бірігу Компанияда оқыту, Компанияның корпоративтік порталына мақалалар орналастыру, сондай-ақ Мінез-құлық кодексі аясында іске асырылады.

Компания өз қызметіне орнықты даму қағидаттарын біріктіре отырып, оның ішінде өз стратегиясында және күнделікті қызметінде БҰҰ Жаһандық шартының 10 қағидатын ұстанатынын хабарлайды.

## Компания төмендегі қағидаттардың орындауды өз міндетіне алды:

- 1) Адам құқықтарын сақтау саласында: халықаралық қоғамдастық жариялаған адам құқықтарына қолдау көрсету және сақталуын құрметтеу; адам құқықтарының бұзылуына өзінің қатысы жоқтығын қамтамасыз ету.
- 2) Еңбек қатынастары саласында: қауымдастықтардың бостандығын қолдау және ұжымдық шарттар жасау құқығын іс жүзінде тану; мәжбүрлі еңбектің барлық нысандарын жоюды жақтау; балалар еңбегін қанауды толығымен жоюды жақтау; еңбек және жұмыспен

қамтамасыз ету саласында кемсітушілікті жоюды жақтау.

- 3) Қоршаған ортаны қорғау саласында: қоршаған ортаға тигізетін теріс әсерлердің алдын алуға ықпал ету; қоршаған ортаның жағдайы үшін жауапкершілікті арттыруға бағытталған бастамаларды қабылдау; экологиялық таза технологиялардың дамуы мен таралуына жәрдемдесу.
- 4) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласында: бопсалаушылықты және пара алуды қоса алғанда, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің барлық нысандарына қарсы тұру.

БҰҰ Жаһандық шартына қосылу аясында, Компания жыл сайын қол жеткізілген прогресс туралы хабарламаларды <https://www.unglobalcompact.org/> сайтында және Компанияның <https://www.samruk-energy.kz/ru/sustainability/soobshchenie-o-dostignutom-progresse-v-2018-godu-ao-samruk-energo> корпоративтік сайтына орналастырып жариялайды.

Компанияның қағидаттары, бағдарламалары, әлеуметтік, экономикалық және экологиялық салаларының есептері және жаңа жобалары туралы барлық ақпарат корпоративтік сайттың «орнықты даму» бөліміне орналастырылады: <https://www.samruk-energy.kz/ru/sustainability>.

Компанияның орнықты даму саласындағы қызметі озық халықаралық стандарттар тәжірибесіне негізделген.

Компанияның орнықты дамуының экономикалық құрамдасы ұзақ мерзімді құнның өсуіне, акционерлердің және инвесторлардың мүдделерін қамтамасыз етуге, рәсімдердің тиімділігін арттыру, барынша жетілдірілген технологияларды құру мен дамытуға салынатын инвестициялардың өсуіне, еңбек өндірісін арттыруға бағытталған.

Экологиялық құрамдасы биологиялық және физикалық табиғи жүйелерге әсерін азайтуға, органикалық ресурстарды оңтайлы пайдалануға, экологиялық, энергия және материал үнемдеуші технологияларды қолдануға, экологиялық лайықты өнімді құруға, қалдықтарды азайтуға, өңдеуге және жоюға бағытталған.

Әлеуметтік құрамдас әлеуметтік жауапкершілік қағидаттарына бағытталған, соған қоса мыналарды қамтиды: еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету және қызметкерлердің денсаулығын сақтау, қызметкерлерге әділ сыйлықақы беру және құқықтарын құрметтеу, персоналды жеке да-



мыту, персонал үшін әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру, жаңа жұмыс орындарын құру, демеушілік және қайырымдылық, экологиялық және білім беру акцияларын өткізу.

Компания мерзімді түрде аталған үш аспект бойынша өз қызметіне және тәуекелдерге талдау жүргізеді, сондай-ақ өз қызметі нәтижелерінің мүдделі тараптарға жағымсыз әсерін болдырмауға немесе азайтуға тырысады.

Компания орнықты дамуға әсер ететін жаһандық факторлар жалпы бизнесті жүргізу процесінде шектеулерге, қиындықтарға және тәуекелдерге сөзсіз әкеп соғатынын түсінеді. Компанияның негізгі міндеті – тиісті болжалдау мен жоспарлау көмегімен жоғары тәуекелді жағдайларда өмір сүруді қамтамасыз ету ғана емес, сондай-ақ тәуекелдерді мүмкіндіктерге айналдыру және белгісіз болашаққа дайындалу.

Компания өзінің операциялық қызметінде тәуекелге бағдар ұстаған тәсілді қолдана отырып, құнның орнықты

артуына қол жеткізуге және ұзақ мерзімді перспективада бәсекеге қабілеттілікті арттыруға тырысады.

Осы мақсаттар үшін, тұрақты негізде тәуекелдерді басқару құралдарын және орнықты дамуға жүйелік тәсілді қолдана отырып, тәуекелдерге кешенді бағалау жүргізеді:

- 1) орнықты дамудың жаһандық факторларының әрекетімен байланысты ағымдағы және келешек тәуекелдерді бағалау;
- 2) экономикалық, әлеуметтік-демографиялық және экологиялық трендтерді болжалдау;
- 3) компанияның қатысатын өңірге ағымдағы әсерінің әлеуметтік, экологиялық және экономикалық аспектілерін талдау;
- 4) компанияның қатысу өңіріне тигізетін әсерін басқару жөніндегі шараларды әзірлеу, тәуекелдерді азайту және мүмкіндіктерді іске асыру;
- 5) жалпы тәуекел мәдениетін арттыру, тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралардың тиімділігіне талдау жүргізу, ағымдағы және келешек тәуекелдермен байланысты мүмкіндіктерді анықтау.

## Компания үшін орнықты даму саласындағы негізгі трендтер мен тәуекелдер

Үрдістер	Тәуекелдер	Мүмкіндіктер
<b>Экономикалық аспект</b>		
Электр энергиясын тұтынудың өсу қарқынының баяулауы	Макроэкономикалық жағдайдың нашарлауы, электр энергиясына сұраныстың өсу қарқынының азаюы; жаңа қуаттарды енгізудің сұраныстың нақты өсімінен артық жоспарланатын қарқынының жоғары болуы	Активтердің қалыптастырылған портфелін тиімді пайдалану
Бағалардың жаһандық құбылмалылығына қарай ресурстардың өндіретін салалардың дағдарысқа ұшырағыштығына байланысты экономикалық жүйенің тұрақсыздығының өсуі	Жаңа жобаларды қаржыландыруға қол жеткізуді қиындататын дағдарыстардың пайда болуы ықтималдығының артуы	Өндіріс тиімділігін жақсарту, қолда бар активтерді жаңғырту
Энергия үнемдеуді арттыру және экономиканың энергия тиімділігінің өсуі	Дәстүрлі түрде өндірілетін электр энергиясына сұраныстың азаюы	Көмірді көмірдің «таза» озық технологияларымен үйлестіре отырып, пайдалану
<b>Экологиялық аспект</b>		
Экономиканы көміртексіздендіруге бағытталған тренд	Газға, СЭС-ке, АЭС-қа, ЖЭК-қа қатысты көмір өндірісі бәсекелестігінің азаюы	Жаңа жобаларды әзірлеу үшін пайдалы болатын жағдайларда қарыз алу («таза көмір», көмірді жер асты газдандыру, метан өндіру, ЖЭК-өндірісін дамыту); пайдаланылатын отынның сапасын арттыру

Экологиялық заңнамаларды қатайту	Экологиялық нормативтерді және стандарттарды қатайту; эмиссиялар үшін төлем мөлшерлемелерін арттыру; суды тұтынуға қойылатын талаптарды қатайту – айналмалы сумен жабдықтауға көшу, парниктік газдар шығарындыларын реттеуді күшейту; қалдықтарды кәдеге жаратуға жұмсалатын шығындар	«Жасыл» технологияларды қолдануды кеңейту
----------------------------------	---	---

Жергілікті қоғамдастықтардың экологиялық талаптарын көтеру	Жеткілікті кәсіби талдау жасалмаған жағдайда БАҚ-тың экологиялық ақпараттандырудағы белсенділігі, Компанияның теріс имиджін қалыптастыру	«Жасыл» көшбасшы және жауапты табиғатты пайдалану субъектісі ретіндегі PR, қоғамның адалдығын арттыру
--	--	---

Әлеуметтік аспект		
Халық санының өсу қарқынының баяулауы	Электр энергиясына сұраныстың өсу қарқынының баяулауы	Мақсатты болған жағдайда экспорттық әлеуетті дамыту
Жоғары білікті мамандарға қажеттіліктің артуы	Тиісті біліктілігі бар мамандардың жеткіліксіздігі, еңбек құнын «озық» арттыру және шығындардағы ЕТҚ үлесінің өсуі	Еңбек өндірісін арттыру; өндіріс сапасын жақсарту; білім беру және мамандарды даярлау сапасын арттыру
Индустриялық сектордағы жұмыс тартымдылығының азаюы	Компаниядағы бос орындарға орналасудағы қиындықтардың артуы	Кадр резервін, Компания ішіндегі лауазымдар сабақтастығын дамыту

Көрсетілген қағидаттардан, Компанияның қызметін ішкі және сыртқы бағалаудан, орнықты дамудағы, экономикалық, экологиялық және әлеуметтік аспектілерді тиімді және табысты басқару мақсатындағы тәуекелдерге сүйене отырып, Компания төмендегі бағыттарда орнықты даму саласындағы бастамаларды іске асырады:

- 1) жоғары этикалық стандарттарды ендіру және сенімге негізделген корпоративтік мәдениетті құру;
- 2) орнықты даму қағидаттарын ендіру және барлық инвестициялық кезеңдерде жобалық басқару тәжірибесіне тәуекелге бағдар ұстаған тәсілді қолдану: Компанияның Орнықты даму саласындағы нұсқаулығына сәйкес, әлеуметтік, экологиялық және экономикалық салаларға ықпал етуін бағалау және басқару (мәжбүрлі жер аудару, биоәртүрлілік, мәдени мұра және т.б.);
- 3) қаржылық тұрақтылықты арттыру;
- 4) адал және еркін бәсекелестік, өзара тиімділік, ашықтық және өзіне алған міндеттемелер үшін толық жауапкершілік қағидаттарында негізделген жауапты сатып алуларға жәрдемдесу, сондай-ақ өнім берушілердің Компанияның Орнықты даму саласындағы нұсқаулығында бекітілген Компанияның өнім берушілері үшін этикалық нормаларды және Басқарушылық қағидаттарды сақтау жөніндегі талаптарды енгізу;
- 5) қызметкерлерді еңбекті қорғауды басқару жүйесіне қатыстыру және халықаралық стандарттарды қолдана отырып, еңбекті қорғауды басқару жүйесіне тиімді бақылау жасауды көтеру арқылы қауіпсіздік мәдениетін арттыру;
- 6) әлеуметтік жауапкершілік деңгейін арттыру, БҰҰ Жаһандық шартының қағидаттарын ұстану, адам капиталына инвестициялар салу;

7) экологиялық және экономикалық тұрғыдан озық технологияларды ендіруді іздеу мен ендіруді, өндірістік процестерлі оңтайландыруды, ЖЭК-ті пайдалана отырып, жобаларды іске асыруды, әлеуетті авариялық жағдайларды анықтау мен алдын алуды қамтитын экологиялық орнықтылықты қамтамасыз ету.

Компания «жасыл» экономика қағидаттарын ұстануға бағытталған және Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» ауысу жөніндегі шаралар мен Тұжырымдаманың индикаторларын іске асырады.

Алғаш рет 2018 жылы ендірілген бастамаларға барлық негізгі стейкхолдерлер үшін осы немесе басқа бастамалардың маңыздылығына сүйене отырып басымдық орнатылды. Орнықты даму саласында бастамалар қызметінің негізгі көрсеткіштері стратегиялық, орта жоспарлы жоспарлау жүйесіне және еншілес ұйымдардың НҚК ағашына біріктірілді. Негізгі қызмет көрсеткіштерін әзірлеген кезде әрбір еншілес ұйымның қызмет ерекшелігі ескеріліп, тиісінше акценттер орын-орнына қойылды және шекті мағыналар белгіленді.

Төмендегі Есепте көрсетілгендей жоспар бойынша көрсеткіштерге қол жеткізудің жалпы арақатынасы 80%-ға жетті. Негізгі көрсеткішке қол жеткізе алмау факторлары негізінде орындалмаған шаралар бойынша оларды жақсарту үшін 2019 жылға арналған шаралар әзірленіп, ендірілді.



**2018 жылғы Орнықты даму саласындағы бастамалар жоспарын орындау жөніндегі есеп**

	№	НТК/шаралар	НТК-ні есептеу	Қоғамның стратеги- ялық тапсырмала- рымен байланыс	Маңызды аспектілер	Мақсатты мәні	Нақты мәні, 2018 ж.
Экономикалық санат	1	Қалыптастырылған үйлестірілген экономикалық құны	Операциялық шығындар + жалақы және қызметкерлерге төленетін өзге төлемдер мен жеңілдіктер + капитал өнім берушілеріне төлемдер (Акционерлердің барлық санаттарына берілетін дивидендтер, кредиторларға төленетін пайыздар) + мемлекетке төленетін төлемдер + жергілікті қоғамдастықтарға инвестициялар	Тиімділікті арттыру, орнықты даму: беделді нығайту	Экономикалық нәтижелілік	Конс: 221 602 240 мың теңге ҚБ: БК: 31 244 904 мың теңге ГРЭС-2: 18 053 969 мың теңге	Орындалды Аудит жүргізілмеген ҚЕ: Конс – 257 892 987 мың теңге ҚБ: БК: 31 368 756 мың теңге ГРЭС-2: 18 974 282 мың теңге
	2	Ұйымның қызметті жүзеге асыратын өңірлерінде жергілікті халық өкілдерінің арасынан жұмысқа қабылданған жоғары дәрежелі басшылардың үлесі	Жергілікті халық өкілдерінің арасынан жұмысқа қабылданған жоғары дәрежелі басшылардың үлесі / Жоғары дәрежелі басшылардың лауазымына бос орындардың саны	Әлеуметтік жауапкершілік	Нарыққа қатысу	Кемінде 40 %	Орындалды 98 %
	3	Әр жынысты қызметкерлердің бастапқы деңгейлі стандартты жалақының ұйым қызметінің маңызды өңірлерде белгіленген ең аз жалақы мөлшеріне қатынасы	Әр жынысты қызметкерлердің бастапқы деңгейлі стандартты жалақы / ұйым қызметінің маңызды өңірлерде белгіленген ең аз жалақысы	Әлеуметтік жауапкершілік, адам капиталын дамыту	Нарыққа қатысу	Қазақстан Республикасының ең аз жалақыдан төмен емес	Орындалды Компанияның компаниялар тобы бойынша әр жынысты қызметкерлердің бастапқы деңгейлі стандартты жалақы мөлшері 140 667 теңге
	4	Өнім берушілердің ҚР Еңбек және Экологиялық кодекстерін орындау бойынша талаптарды Үлгілік шартты енгізу	–	Жауапты сатып алуларға жәрдемдесу	Сатып алу тәжірибелері	ҚР Еңбек және Экологиялық кодексін орындау жөніндегі талаптарды ескере отырып, Үлгілік шарт	Орындалды Басқарманың 27.07.2018 (№ 14 хаттама) шешімімен бекітілген
	5	Компанияның ұзақ мерзімді кредит рейтингін қолдау	–	Қаржылық тұрақтылықты арттыру	Экономикалық нәтижелілік	B+ S&P BB FITCH	Орындалды BB FITCH Шығыстарды оңтайландыруға, S&P-ден рейтингілеудің жөнсіздігіне және Fitch рейтингінің болуына байланысты S&P рейтингі қайтарып алынды
Экологиялық санат	6	Ұйым ішінде энергияны тұтыну	Өзіндік мұқтаждар үшін тұтынатын э/э көлемі (млн. кВт•сағ)/ өндірілген э/э көлемі (млн. кВт/сағ)*100, %	Компаниялардың тиімділігін арттыру: Операциялық тиімділікті арттыру	Энергия	6,4 %	Орындалды 6,12 %
	7	Энергиялық сыйымдылық	Негізгі 2014 жылға қарағанда үлестік энергия тұтынуды азайту, %	Компаниялардың тиімділігін арттыру: Операциялық тиімділікті арттыру	Энергия	1 %	Орындалды 2,7 %
	8	Көп рет және қайта пайдаланылатын судың үлесі	Көп рет және қайта пайдаланылатын судың көлемі / су жинаудың жалпы көлемі (%)	Компаниялардың тиімділігін арттыру: Операциялық тиімділікті арттыру Экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз ету	Су	Кемінде 15 %	Орындалды 28 %
	9	Парниктік газдар шығарындыларын қысқарту	Шығарындыларды азайту жөніндегі бастамалар нәтижесінде қол жеткізілген парниктік газдар шығарындыларының үлестік коэффициенті	Экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз ету	Шығарындылар	Көмір ст. – 0,985 т CO <sub>2</sub> /МВт•сағ; 0,484 т CO <sub>2</sub> /Гкал Газ ст.– 0,621 т CO <sub>2</sub> /МВт•сағ; 0,310 т CO <sub>2</sub> /Гкал	Орындалды Көмір ст. – 0,983 т CO <sub>2</sub> /МВт•сағ 0,371 т CO <sub>2</sub> /Гкал Газ ст.– 0,228 т CO <sub>2</sub> /МВт•сағ; 0,282 т CO <sub>2</sub> /Гкал (жедел деректер)

	№	НТК/шаралар	НТК-ні есептеу	Қоғамның стратеги- ялық тапсырмала- рымен байланыс	Маңызды аспектілер	Мақсатты мәні	Нақты мәні, 2018 ж.
Экологиялық санат	10	NO <sub>x</sub> , SO <sub>x</sub> және басқа да маңызды ластаушы заттардың атмосфераға шығарылуын азайту	Өндірілген өнімнің бірлігі үшін атмосфераға шығарылған ластаушы заттар шығарындылардың көлемі	Экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз ету	Шығарындылар	9,5 г/кВт·сағ	Орындалмады 10,2 г/кВт·сағ Жоспарлық мағыналардан асып кету себептері: – отын станцияларда өндіру үлесінің артуы; – ГРЭС-1-де 2017 ж. 0,48%-дан 2018 ж. 0,57%-ға көмірдегі күкірттің ұлғаюы; – көмір қаймасын жоюмен байланысты «АлЭС» АҚ ЖЭО-1-де қалдық көмірді жағу (2017 ж. Табиғи газ жағылды); – отынның үлестік шығындардың өсуі; – СЭС және ЖЭК өндірісі үлесінің азаюы.
	11	Ағын сулардың жоспарлы қашыртқысының жалпы көлемі	Эмиссияға рұқсат ретінде белгіленген ластаушы заттардың қашыртқылары	Экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз ету	Шығарындылар мен қалдықтар	7415 тонна	Орындалды 3197,06 тонна
	12	Қалдықтарды жою	Жоюға берілген тұтыну қалдықтарының көлемі	Экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз ету	Шығарындылар мен қалдықтар	ҚР ЭК 301-бабына сәйкес 100% қалдық	Орындалды ҚР ЭК 301-бабына сәйкес 100% қалдық
	13	Қоршаған ортаны қорғауға салынатын инвестициялар	Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес табиғатты қорғау шараларына жұмсалатын шығындар (50%-дан аса акцияларды иелену үлесі бар ЕТҮ-лар бойынша)	Экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз ету	Жалпы ақпарат	2993,5 млн. тг	Орындалды барлық жоспарланған шаралар орындалды (2767,2 млн. тг)
	14	Қоршаған ортаға әсерге қатысты шағымдарды берудің ресми тетіктері арқылы беріліп, расталған, өңделген және реттелген шағымдар саны	–	Экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз ету, ашықтықты арттыру	Экологиялық проблемалар бойынша шағымдарды беру тетігі	0	Орындалды 0
Әлеуметтік санат	15	Персоналдың тұрақтамауы	Тұрақтамау негізінен еңбек шарттарын бұзған қызметкерлердің саны / Нақты саны	Адам капиталын дамыту	Жұмыспен қамту	10%	Орындалды 8%
	16	Әлеуметтік тұрақтылық рейтингі	Әлеуметтік өзара іс-қимыл және коммуникациялар орталығының әдістемесіне сәйкес	Адам капиталын дамыту	Қызметкерлер мен басшылықтың өзара қарым-қатынасы	65%	Орындалмады 64% РСС-тің төмендеуіне «Самұрық-Энерго» АҚ-дағы менеджменттің өзгеруі ықпал етті, бұл белгісіздік сезімін құрды. Сонымен қатар соңғы жылғы елдегі әлеуметтік-экономикалық дамудың тұрақсыз деңгейін де есептен шығаруға болмайды.
	17	Өндірістік жарақаттанушылық деңгейі	1. LTIFR = (Nnc) * 1 000 000 / T, бұнда: – ΣNnc – кемінде 24 сағат кезеңіне еңбек қабілеттілігінің жойылуына әкеп соққан жазатайым оқиғалардың саны; – T – персоналдың жұмыс уақытының жалпы нақты ұзақтығы (сағат)  2. (өндірістік қызметпен байланысты өлімге әкеп соққан жазатайым оқиғалардың саны) * 1 000 000 / персоналдың жұмыс уақытының жалпы нақты ұзақтығы	Денсаулық және қауіпсіздік мәдениетін құру және қолдау	Денсаулық және жұмыс орнындағы қауіпсіздік	0,23  0	Орындалмады 0,28 өндірісте жазатайым оқиғаларды тіркеудің ашық жүйесі жөніндегі шараларды іске асырумен байланысты, бұнда барлық жазатайым оқиғалар, оның ішінде жеңіл оқиғалар да тіркеле бастады. Жазатайым оқиғаларды жасырғаны үшін жауапкершілік күшейтілді. 2018 жылғы желтоқсанда жазатайым оқиғаны жасыру фактісі анықталды, 3 қызметкер тәртіптік жауапкершілікке тартылды.  Орындалмады 0,06 FIFR көрсеткіші мына себептер бойынша орындалмады: – жұмыс өндірісінің қанағатсыз ұйымдастыру; – зақымданған адамның немқұрайлығы



№	НТК/шаралар	НТК-ні есептеу	Қоғамның стратегиялық тапсырмаларымен байланыс	Маңызды аспектілер	Мақсатты мәні	Нақты мәні, 2018 ж.	
Әлеуметтік санап	18	Шағымдарды берудің ресми тетіктері арқылы берілген және расталған, өңделген және реттелген еңбек қатынастары тәжірибесі жөніндегі шағымдардың саны	–	Ашықтықты арттыру	Еңбек қатынастары тәжірибесі жөнінде шағымдарды беру тетігі	0	Орындалмады Мем.органдарға – 1 Құқық қорғау және сот органдарына – 15 БАРЛЫҒЫ: Берілген – 16 Өңделген – 16 Расталған – 2 Реттелген – 7 Қарастырылуда – 6
	19	Кемсітушілік жағдайларының жалпы саны	–	Әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету	Адам құқықтары	0	Орындалды 0
	20	Қоғамның балалар және мәжбүрлі еңбегін пайдалану фактілері	–	Әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету	Адам құқықтары	0	Орындалды 0
	21	Шағымдарды берудің ресми тетіктері арқылы берілген және расталған, өңделген және реттелген адам құқығы сақталуы бойынша әсеріне байланысты шағымдардың саны	–	Ашықтықты арттыру	Адам құқықтары	0	Орындалды 0
	22	Жаңа жобаларды іске асырған кезде жергілікті қоғамдастықтармен тиімді өзара іс-қимыл	–	Әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету, стейкхолдерлердің мүдделерін сақтау	Жергілікті қоғамдастықтар	Бастамалауға, жобаларды іске асыруға қарай	Орындалды Іске асырылатын жобалар бойынша мыналар жарияланды: БАҚ-та: 15 материал; Интернет-ресурстарда (жаңалық, реттеуші органдар, Компания сайты) – 28 материал; Әлеуметтік желілерде: 16 материал
	23	Сыбайлас жемқорлықтың расталған жағдайлары	–	Жоғары этикалық стандарттарды ендіру	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес	0	Орындалды 0
	24	Шағымдарды берудің ресми тетіктері арқылы берілген және расталған, өңделген және реттелген (сыбайлас жемқорлық, этика және т.б.) шағымдардың саны	–	Жоғары этикалық стандарттарды ендіру, ашықтықты арттыру	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес	0	Орындалды Берілген – 22 Өңделген – 22 Расталған – 3 Реттелген – 22 Реттелмеген – 0

## Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл

Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл кез келген ұйымның қызметі үшін маңызды мәнге ие.

Мүдделі тараптармен жауапты, ойластырылған және ұтымды өзара іс-қимыл Компанияның орнықты дамуына ықпал етеді.

Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жасау мақсаты Компанияның стратегиялық дамуын және оның қызметін

жетілдіру жолдарын дұрыс таңдауды, сондай-ақ Компанияның, сондай-ақ мүдделі тараптардың да ішкі және сыртқы мүдделері тараптардың мұқтаждарын, болжалдарын және пікірлерін; мүдделі тараптардың көзқарасы бойынша қиындықтар мен перспективаларды; ішкі және сыртқы тараптардың ойын толқытатын ең маңызды проблемаларды тануға, анықтауға және талдауға мүмкіндігі болғандықтан, олар ұтатын орнықты дамудың бұндай деңгейіне қол жеткізуге көмектесуді қамтиды.

## Компанияның стейкхолдерлермен өзара іс-қимыл жасау қағидаттары


1. Мүдделі тараптардың мүдделерін, пікірлерін және артықшылықтарын құрметтеу және есепке алу
2. Мүдделі тараптарды уақытылы және үнемі ақпараттандыру
3. Алған міндеттемелерді жауапты орындау.

Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жасаудың негізі Компанияға маңызды ықпал ететін стейкхолдерлерді анықтау және сейкхолдерлердің Компанияға тәуелділік дәрежесін, маңыздылық матрицасын және Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жасау жоспарын құру болып табылады. Компания 2018 жылы стейкхолдерлердің үлесі мен олардың мүдделерін сипаттай отырып, өз қызметі барысында өзара іс-қимыл жасайтын әлеуетті стейкхолдерлердің толық тізімін анықтап, Стейкхолдерлер картасын өзектендірді. Бұдан кейін, Компания Митчел, Агла және Вуд моделі бойынша Компания үшін маңыздылығына қарай стейкхолдерлерге ранжирлеу жүргізді.

### «Самұрық-Энерго» АҚ-тың Стейкхолдерлер картасы

Шартты белгілер:

- ішкі топ
- сыртқы топ




Ескертпе: Шеңбердің өлшемі Компанияның стейкхолдермен өзара іс-қимыл жасау дәрежесін көрсетеді. Ең кіші өлшемі өзара іс-қимылдың шектелген деңгейін көрсетеді. Шеңбердің өлшемі ұлғайған кезде өзара іс-қимыл дәрежесі де ұлғаяды.

Қазіргі таңда Компанияның мүдделі тараптары халық, қызметкерлер, Жалғыз акционер, өнім берушілер, еншілес ұйымдар, кәсіподақтар, серіктестер, тұтынушылар, мемлекеттік органдар, бәсекелестер, қаржылық институттар, қоғамдық бірлестіктер, БАҚ, үлестес тұлғалар, рейтингтік және аудиторлық компаниялар болып табылады.

Мүдделі тараптардың картасын әзірлеген кезде Компания 4 кезеңнен тұратын Әдістемені ұстанды:

- 1 АЙҚЫНДАУ
- 2 МАҢЫЗДЫЛЫҚТЫ БАҒАЛАУ
- 3 ӘСЕРДІ БАҒАЛАУ
- 4 ГРАФИКАЛЫҚ ИЛЛЮСТРАЦИЯЛАУ

Компания өз қызметі аясында мынадай ұлттық және халықаралық ұйымдарға, қауымдастықтарға/ұйымдарға мүше болып табылады:



**ТМД Электр энергетикалық кеңесі** (бұдан әрі – ТМД ЭЭК). Қадағалаушы ретінде қатысуды 2012 жылдан бастады. Атқарушы комитет ТМД Электр энергетикалық кеңесінің тұрақты жұмыс істейтін мемлекетаралық үйлестіруші органы болып табылады. ТМД ЭЭК-ге мүшелік ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің энергия жүйелерін шоғырландыру процесіне қатысуға, оның ішінде ұжымдық энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге; энергия жүйелерінің параллель жұмыс істеуін қамтамасыз етуге; ортақ электр энергетикасы нарығын құруға, энергетика саласында халықаралық шарттарды әзірлеуге; электр энергетикасы саласындағы нормативтік-құқықтық актілерді, техникалық ережелерді біріздендіру мен үйлестіруге және т.б. процестерге қатысуға мүмкіндік береді. Компания ТМД ЭЭК өткізетін ашық отырыстарға, жұмыс топтарының отырыстарына, семинарларға қатыса алады.



**Қазақстан Электр энергетикалық қауымдастығы** (бұдан әрі – ҚЭҚ). 2011 жылдан бастап мүше болып табылады. ҚЭҚ-қа мүше болу ақпарат алмасуға және электр энергетикасы саласындағы нормативтік құқықтық базаны қалыптастыру мен дамытуға, сондай-ақ ҚЭҚ қамқорлығымен өткізілетін конференцияларға, семинарларға, форумдар мен өзге де шараларға қатысуға мүмкіндік береді.



**«KAZENERGY» қауымдасығы** 2009 жылдан бастап Қауымдастықтың мүшесі болып табылады. KAZENERGY қауымдасығына мүшелік ҚР-ның инвестициялық ахуалын жақсартуға бағытталған мемлекеттік бастамалар мен іс-шараларға, өндірістік және ғылыми-техникалық әлеуетті арттыру шараларын әзірлеу мен жүзеге асыруға қатысуға, сондай-ақ құқықтық, экономикалық және ұйымдастыру-басқарушылық мәселелер бойынша көмек алуға мүмкіндік береді. Қоғам KAZENERGY қауымдасығы ұйымдастыратын көптеген іс-шараларды, оның ішінде форумдарды, Қазақстан Республикасының отын-энергетикалық кешенінің даму келешегі туралы ұлттық баяндамаларды басып шығаруды айтарлықтай қаржыландырады.



**Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы** (бұдан әрі – ҚР ҰКП). 2013 жылдан бастап ҚР ҰКП-ның мүшесі болып табылады. ҚР ҰКП-ға мүшелік кәсіпкерлік ортамен байланысты нығайтуға, электр энергетикасы бизнесін дамытуға, оның ішінде ҚР заңнамалық базасын жетілдіру аясында дамытуға ықпал етеді.

**Орталық Азияның Үйлестіруші Электр энергетикалық Кеңесі** (бұдан әрі – ОА ЭЭК). Қадағалаушы ретінде 2014 жылдан бастап қатысты. ОА ЭЭК-ға мүшелік Орталық Азия елдерінің арасындағы іскерлік байланыстарды нығайтуға ықпал етеді, ОА ЭЭК өткізетін электр энергетикасы саласындағы шараларға қатысуға мүмкіндік береді.



**Дүниежүзілік Энергетикалық Кеңес** (бұдан әрі – ДЭК). 2008 жылдан бастап ДЭК-ның мүшесі болып табылады. ДЭК-ке мүшелік жаһандық және өңірлік сипаттағы жобалар мен мәселелер бойынша ДЭК-пен жұмыс жасауға мүдделі, әлемнің энергетика саласындағы санаулы жетекші компанияларына ғана арналған бағдарламаны білдіреді. ДЭК бағдарламасы халықаралық ұйымдармен ынтымақтастықты дамытуға ықпал ететін эксклюзивті іс-шараларға және деңгелек үстелдерге қатысуға мүмкіндік береді.



**БҰҰ Ғаламдық шарты** 2011 жылдан бастап мүшелік етеді. БҰҰ-ның Ғаламдық шартына қосылу аясында Компания өз стратегиясында және күнделікті қызметінде Ғаламдық шарттың он қағидатын ұстанатыны туралы хабарлайды.

Компания кері байланыс алу және өздері үшін ерекше маңызды тақырыптарды жинақтаған кезде пікірлерді ескеру мақсатында барлық стейкхолдерлермен тұрақты негізде өзара іс-қимыл жасайды.

Компания және оның барлық мүдделі тараптары арасында тиімді диалог жүргізу мақсатында 2018 жылғы қарашада 2019 жылға арналған Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жасау жоспары қалыптастырылды және бекітілді, ол өзара іс-қимылға қойлатын қағидаттар мен талаптарды, мүдделі тараптарды сәйкестендіру және талдау тәртібін, өзара іс-қимыл жасау және хабарландыру жөніндегі шараларды анықтайды. **Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жасау жоспары Компанияның сайтында орналастырылған** ([https://www.samruk-energy.kz/images/2019/korp-upravlenie/plan\\_steikholder\\_28\\_11\\_18.pdf](https://www.samruk-energy.kz/images/2019/korp-upravlenie/plan_steikholder_28_11_18.pdf)). 2019 жылғы қорытындылары бойынша Компания көрсетілген Өзара іс-қимыл жасау жоспарын орындау бойынша есептің қалыптастыруын қамтамасыз етеді.

2018 жылы Компанияда 2017 жылғы қорытындылар бойынша Жылдық есепте жарияланған Стейкхолдерлермен өзара байланыс жоспары әрекет етті (толығырақ мына сілтеме бойынша: <https://www.samruk-energy.kz/ru/shareholder/annual-reports>). Жоспардың негізгі міндеті стейкхолдерлерді уақытылы, сапалы және толық көлемде хабарландыру тетігін құру болып табылады. Есептік кезеңде мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жасауды бақылау мен мониторингілеу Компанияға стейкхолдерлердің ба-сымдықтарын нақты түсіну негізінде олармен өзара іс-қимылды конструктивті қалыптастыруға мүмкіндік береді.



Компанияның қызметі үшін ең маңызды тақырыптарды (аспектілерді) анықтау, сондай-ақ оларды толықтыру мен нақтылау мақсатында Қоғамның топ-менеджерлермен талқылаулар және 2018 жылы әзірленген сауалнама аясында Жалғыз акционер, негізгі қызметкерлер, еншілес ұйымдар, серкітестер, қаржылық институттар, кәсіби қоғамдастықтар, қауымдастықтар және т.б. сұратылған сауалнаманы толтыру жолымен ішкі және сыртқы мүдделі тараптарға сауалнама жүргізілді. Бұған қоса, бүкіл стейкхолдерлерді максималды қамту мақсатында, Компания 2017 жылғы Компания қызметінің қорытындылары бойынша Жылдық есептің жарияланған интерактивті нұсқасы аясында бүкіл мүдделі тараптар үшін онлайн-сауалнама орналастырды (<https://www.samruk-energy.kz/ru/shareholder/annual-reports>).

Сауалнама барысында мүдделі тараптар сауалнамда ұсынған жылдық есепте ашу үшін әрбір тақырыптың маңыздылығын бес балдық шкала бойынша бағалады, сондай-ақ енгізілмеген, бірақ стейкхолдерлердің пікірі

бойынша маңызды болып табылатын аспектілермен тізімді толықтыра алды.

Анықталған маңызды аспектілерге олардың толықтығы мен теңгерімделгендігі мәніне бағалау жүргізу үшін Компания басшылығының қатысуымен талқылаулар жүргізілді және Компания мен мүдделі тараптар үшін маңызды орнықты даму тақырыптары туралы көрнекі түсінік беретін маңыздылық матрицасы қалыптастырылды.


Көлденең өсі бойынша мүдделі тараптар үшін аспектілердің маңыздылығын бағалау, вертикаль өсі бойынша – Компания үшін аспектілердің маңыздылығын бағалау көрсетілді.

Мүдделі тараптар мен Компания үшін маңыздылықтың 4 балдан жоғары бағасын алған тақырыптар барынша маңызды болып танылды және жылдық есеп мәтінінде көрсетілді. Олар маңыздылық матрицасының жоғары бөлігінде орналастырылған.

**«Самұрық-Энерго» АҚ Маңыздылық матрицасы:**

1. Еңбек және жұмыспен қамту саласында кемсітушілікті жою
2. Шағымдарды беру үшін тетіктер
3. Әртүрлілік және тең мүмкіндіктер
4. Еңбек және жұмыспен қамту саласында кемсітушілікті жою
5. Қызметті жүзеге асырудың маңызды өңірлерінде жергілікті өнім берушілерге жұмсалатын шығындар үлесі/жауапты сатып алулар
6. Персоналдың кәсіби және жеке басының дамуы
7. Компанияның қызмет ету өңірлерінде беделі мен оңтайлы қатынасын арттыру
8. Активтердің құндылығы мен өндірістік рәсімдердің қауіпсіздігі
9. Жергілікті қоғамдастықтармен өзара іс-қимыл, салдарларын бағалау әдістері мен оларды жеңілдету
10. Халықаралық деңгейде жарияланған адам құқықтарын қорғауды қолдау мен құрметтеу
11. Жергілікті қауымдарды қоса алғанда қызмет ететін аумақтарда инвестициялардың инфрақұрылымға әсер етуі
12. Лайықты ақы және өтемақы
13. Жергілікті халықтың есебінен персоналдың үлесін арттыру
14. Компанияның құнын арттыру
15. Қызмет ету өңірлерде тұрғындардың қауіпсіздігі мен денсаулығын қорғау
16. Ұйымдарды/мемлекеттік органдарды қолдау (заң шығарушылық, мемлекеттік бағдарламаларды орындау және т.б.)
17. Компанияның ел экономикасына қосқан үлесі
18. Бопсалаушылық пен пара алуды қоса алғанда сыйбайлас жемқорлықтың барлық нысандарына қарсы күрес

19. Энергия тиімділік
20. Қалдықтарды басқару
21. Төтенше жағдайларға дайын болу, жергілікті қауымдастықтарды тарту тетіктері
22. Инновациялық және операциялық тиімділікті дамыту
23. Түрлер бойынша бөле отырып, қоршаған ортаны қорғауға жұмсалған жалпы шығындар мен инвестициялар
24. Қызметкерлер мен мердігерлердің қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтау
25. Парниктік газдар мен басқа ластағыштардың шығарындыларын азайту (NO<sub>x</sub>, SO<sub>x</sub> және басқа маңызды ластағыш заттарды)
26. Экологиялық міндеттемелерге сәйкес келу
27. Материалдарды, энергияны және суды тиімді пайдалану
28. Жаңартылатын энергия көздеріне салынатын инвестициялар



Елеулі түрлерге мына тақырыптар жатқызылды:

- Компанияның ел экономикасына қосқан үлесі;
- Компанияның құнын арттыру;
- Лайықты ақы және өтемақы;
- Қызметкерлер мен мердігерлердің қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтау;
- Энергия тиімділік;
- Бопсалаушылық пен пара алуды қоса алғанда, сыйбайлас жемқорлықтың барлық нысандарына қарсы күрес;
- Парниктік газдар мен басқа ластағыштардың шығарындыларын азайту (NO<sub>x</sub>, SO<sub>x</sub> және басқа маңызды ластағыш заттарды);
- Экологиялық міндеттемелерге сәйкес келу;
- Материалдарды, энергияны және суды тиімді пайдалану;
- Қызмет ету өңірлерде тұрғындардың қауіпсіздігі мен денсаулығын қорғау;
- Инновациялық және операциялық тиімділікті дамыту.

Ағымдағы маңыздылық матрицасын және жаңа маңыздылық матрицасын талдау Компания мен оның мүдделі тараптары үшін инновацияларды дамытумен және операциялық тиімділікпен, энергия тиімділікпен, «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының қызметкерлері үшін ғана емес, мердігерлік ұйымдардың қызметкерлері үшін де қауіпсіз еңбек шарттарын қамтамасыз етумен байланысты тақырыптар, лайықты ақы мен өтемақы және т.б. мәселелері бұрынғыдай елеулі болып қалатынын көрсетеді.

Аталған есепте стейкхолдерлер мен Компаниялар үшін барлық елеулі аспектілер ашылып көрсетілді (жоғары маңызды аймақ).

Стейкхолдерлермен өзара іс-қимыл тиімділігін арттыру – бұл Компанияның әлеуметтік жауапкершіліктің жоғары стандарттарына ұмтылу болып табылады. Мүдделі тараптармен өзара тиімді қатынастарды қолдау ең маңызды мәселе болып табылады. Айқындық және ашықтық қағидаттарынан шыға отырып, Жалғыз акционермен, әлеуетті инвесторлармен, өнім тұтынушылармен және өзге стейкхолдермен өзара тиімді іс-қимыл жасау мақсатында Компанияда Ақпараттық саясат әрекет етеді. Саясат бүкіл стейкхолдерлер үшін ашуға жататын ақпаратты, ақпаратты жариялау және бүкіл мүдделі тараптардың мәліметіне жеткізу қағидаттарын, мерзімдерін белгілейді.

Стейкхолдерлермен өзара іс-қимыл жасау аясында, 2018 жылы Компания «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша Шағымдар мен ұсыныстар дерек қорын құрып, мүдделі тараптармен бірыңғай кері байланыс тетігін ендірді. Шағымдар мен ұсыныстар дерек қорын ендіру мақсаты барлық мүдделі тараптардың алаңдаушылықтарды зерттеу жолымен стейкхолдермен өзара іс-қимыл тиімділігін арттыру болып табылады. Талдау «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша

өтініштерді (шағымдар мен ұсыныстарды) шоғырландыру негізінде жүзеге асырылды және жүйелік проблемалық мәселелерді анықтау, кейін мүдделі тараптардың алаңдатушылықтарына әрекет ету үшін мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жасау жөніндегі қолданыстағы тетіктерінің тиімділігін белгілеу үшін жүргізілді. Жүргізілген зерттеулер аясында, талдаудың толықтығы үшін Компанияның <https://www.samruk-energy.kz/ru/feedback-all> корпоративтік сайтында «Кері байланыс» нысандары ендірілді. Кері байланыс «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының қызметі аясында консультация, пікір, жауап, ұсыныс мәселесімен және кез келген бас алаңдатушылықпен жүгіне алатын кез келген стейкхолдерлерге арналған. Сонымен қатар, Компанияның сайтында ендірілетін инвестициялық жобалармен байланысты тұлғалар санаты үшін «Кері байланыс» нысаны белгіленді, бұнда жергілікті қоғамдастықтар, мердігерлердің қызметкерлері немесе жобаға қатынасы бар тұлғалар өз пікірін білдіре алады.



**2018 жылғы өтініштердің саны**

Көрсетілген өтініштер қозғайтын аспектілер, ең көп өтініш берілген өңірлерді анықтау, «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобына жүгінген тұлғалар санаты, өтініштердің мәні бойынша статистика және шағымдарды талдау мәніне талданды. Әрбір шағымға белгілі бір санат берілді.

ШАҒЫМДАР			
Негізделген	Ішінара негізделген	Негізделмеген	Қайтарылған
3	12	28	2

**Барлығы: 45**

Стейкхолдерлердің өтініштері негізінде жүзеге асырылған қорытындылар Компанияның Директор кеңесіне хабарланды, бұнда ұсыныстар анықталды және стейкхолдерлермен өзара іс-қимыл сапасын арттыру үшін шаралар әзірленді.

## «ЭКОНОМИКАЛЫҚ» САНАТ

### Құрылған және үйлестірілген экономикалық құн

Компания қызметінің экономикалық нәтижелілігі экономикалық құнды құру және үйлестіру кестесінде көрсетілді.

ден, сондай-ақ көмірді сатудан түскен табыс және алған сыйлықақылар.

Құрылған экономикалық құн Компанияның табысын қалыптастырудың негізгі көздерін көрсетеді, атап айтқанда электр энергиясын өндіруден, жеткізуден және өткізу-

Құрылған құн жеткізушілер мен мердігерлер, Компанияның қызметкерлері, акционерлері мен кредиторлары, мемлекет, сондай-ақ жергілікті қоғамдастықтар арасында үйлестіріледі.

Үйлестірілген экономикалық құн	
Жеткізушілер мен мердігерлерге төленетін төлемдер	Операциялық шығындар – материалдарды, өнім компоненттерін, құрылғылар мен қызметтерді, жалдау төлемдерін және т.б. төлеу бойынша контрагенттерге төленетін ақшалай төлем
Қызметкерлерге төленетін төлемдер	Жалақы қоры, әлеуметтік салықтар және аударымдар, зейнеткерлік және сақтандыру төлемдері, қызметкерлерге медициналық қызметтерге жұмсалатын шығындар және қызметкерлерді қолдаудың басқа нысандары
Капитал жеткізушілеріне төленетін төлемдер	Акционерлердің барлық санаттарына төленетін дивидендтер және кредиторларға төленетін пайыздар
Мемлекетке төленетін төлемдер	Салық аударымдары
Жергілікті қоғамдастықтарға салынатын инвестициялар	Қайырымдылық және бейүкіметтік ұйымдар мен зерттеу мекемелеріне берілетін қайырымдылық, қоғамдық инфрақұрылымды қолдауға жұмсалатын шығындар, сондай-ақ әлеуметтік бағдарламаларды, мәдени және білім беру шараларын тікелей қаржыландыру

2018 ж. қорытындылар бойынша құрылған экономикалық құн 353 млрд. теңгені құрады және үйлестіруші экономикалық құн 273 млрд. теңгені құрды, оның нәтижесінде үйлестірілмеген экономикалық құн 80 млрд. теңгені

құрды. 2019–2023 жж. арналған бекітілген Даму жоспарына сәйкес 2019 және 2020 жылдары құрылған және үйлестірілген экономикалық құнды арттыру жоспарланады.

млн. теңге

Көрсеткіш*	2017	2018	2019	2020
	Факт	Факт	Болжал	Болжал
<b>Құрылған экономикалық құн</b>	<b>349 242</b>	<b>352 681</b>	<b>366 548</b>	<b>370 773</b>
Сатудан түскен түсімдер	346 563	351 100	366 209	369 586
Алған сыйлықақылар (пайыздар)	2 679	1 581	338	1 187
<b>Үйлестірілген экономикалық құн</b>	<b>280 258</b>	<b>272 860</b>	<b>319 526</b>	<b>325 656</b>
Жеткізушілер мен мердігерлерге төленетін төлемдер	174 610	161 571	186 122	201 408
Қызметкерлерге төленетін төлемдер	40 964	37 210	36 652	37 415
Капитал жеткізушілеріне төленетін төлемдер	31 033	34 047	45 967	34 884
Мемлекетке төленетін төлемдер	33 531	39 617	50 497	51 768
Жергілікті қоғамдастықтарға салынатын инвестициялар	121	415	289	181
<b>Үйлестірілмеген экономикалық құн</b>	<b>68 984</b>	<b>79 822</b>	<b>47 021</b>	<b>45 117</b>

\* Бұрын көрсеткіштер төлеу әдісі бойынша есептелді. Ақшалай емес операцияларды, оның ішінде амортизацияны жою мақсатында ағымдағы көрсеткіштер ақша құралдарының қозғалысы туралы есептің деректеріне сүйене отырып есептелді.

Көрсеткіштер бірлескен кәсіпорындарда иелік ету үлесін ескере отырып алынды.

## «Инновациялық және операциялық тиімділікті дамыту» аспектісі

Қазіргі кезде Компанияның инновациялық даму бағдарламасын жүзеге асыру аясында қызмет тиімділігін арттыруға бағытталған бірнеше жобалар іске асырылып жатыр, оның ішінде:

- 1) Цифрлы электр станциясы. Жоба өндірістік-техникалық тұғырнама негізінде өндірістік-технологиялық деректерді, өндірістік процестерді қашықтан мониторингілеу мен болжамдау, тораптардың, агрегаттардың, жабдықтар мен «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының өндірістік процестерін мониторингілеу жүйелерін орталықтандырылған жинауды (цифрлық диспетчерлік) енгізу мүмкіндігін қарастырады. Бұл дұрыс деректер алуға және өндірісте адамның қатысуынсыз процестердің дербестігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Пилоттық жоба «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС-да іске асырылады.
- 2) Назарбаев Университетімен бірлесіп күлі көп көмірді (күлі 50% және одан көп күл – Екібастұз кен орнының №3 қабаты және құнары алынған көмір/көмірді байыту қалдықтары) жағу үшін көмірдің қайнап жатқан қабаты мен айналып қайнап жатқан қабаты технологиясын пайдалану мүмкіндігіне зерттеу жүргізіледі. Күтілетін нәтижелер:
  - технологияларды әзірлеу және күлі көп көмірді жағу үшін көмірдің қайнап жатқан қабатының технологиясын қолдану перспективасына талдау жасау;
  - көмірді дәстүрлі жағу әдісімен салыстырғанда отын шығыны мен атмосфераға шығарылатын шығарындыларды азайту;
  - отынды қайнап жатқан қабаттың үстіндегі газды кеңістікте өртемей және себепсіз қыздырылған түтінді газдары бар едәуір жылуды алып кетпей, толық жағу.
- 3) Қазандық агрегаттарын мазутсыз жағу жүйесі плазмалық-отын жүйесін жарақтандыруды білдіреді, бұл мынадай міндеттерді шешуге мүмкіндік береді:
  - қазандық агрегаттарының жүктемелері төмен болған жағдайда тозаңды көмір шырағының жануын тұрақтандыруға;
  - төмен сұрыпты көмірді шырақ етіп жаққан жағдайда мазут шығынын болдырмауға;

- көмір мен мазутты бір жағу көлемінде қазандық агрегаттарының үнемділігінің төмендеуіне және дұрыс жұмыс істемеуіне алып келетін бірге жағудың жағымсыз салдарларын жоюға.

Бұл технология Қытай Халық Республикасында, Ресей Федерациясында, Индонезияда және т.б. елдерде 200-ден 1 000 МВт-ға дейінгі энергия блоктарында ойдағыдай қолданылады.

- 4) «Самұрық-Энерго» АҚ өзінің Даму стратегиясы аясында көмірді байыту технологиясын ендіру есебінен «Бөгатырь Көмір» ЖШС көмір бизнесінің мөлшерін ұлғайтуды жоспарлайды. 2016 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ-ның тапсырысы бойынша ғылыми-зерттеу жұмысы жүргізілді, оның аясында аталған бағыт бойынша жұмыстың техникалық жүзеге асырылуына және инвестициялық мақсаттылығына талдау жасалды. Нәтижесінде Екібастұз көмірін 5 500 ккал/кг-ға жылу шығару мүмкіндігіне дейін байытқан жағдайда перспективті жобаның инвестициялық көрсеткіштері оң болатыны анықталды.
- 5) «Цифрлық қима» жобасын іске асыру тау-кен қазу және тау-кен көлік жабдықтарының жұмыс параметрлерін (тасылатын жүктің салмағы, орналасқан жері, технологиялық жағдайы, қозғалыс жылдамдығы, дөңгелектердегі қысым мен температура және т.б.) автоматты түрде бақылауды, карьердегі автосамосвалдардың ай сайынғы көрсеткіштеріне: рейстер санына, жүк айналымына, мотосағаттарға, жүріп өткен жолына, отын шығынына, жүргізушілер мен тау-кен қазу және тау-кен көлік техникасы машинистерінің өндірістік тәртібіне: бос тұру уақытын, жұмыстың басталу және аяқталу уақытын автоматты түрде бақылау мен талдауды қарастырады, сондай-ақ көмірді өндіру мен тиеудің өндірістік процестерін басқарудың, нақты уақыт режимінде цифрлық деректерді өңдеу мен оларға талдау жасаудың бірыңғай автоматтандырылған жүйесін құру: визуалды, жылу және радиациялық бақылау үшін дрондарды пайдалану; топографиялық-геодезиялық түсірілімдер мен маркшейдерлік жұмыстар; 3D модельдеу және деректерге қолжетімділік; бірыңғай барлық кіші жүйелерді Дата-Орталықта біріктіру.

## «Энергия тиімділігі» аспектісі

Компанияда Энергияны үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру бағдарламасы қабылданды. Бағдарлама энергия үнемдеу мен энергия тиімділігін арттыру саласындағы қызметті жоспарлап, жүзеге асыру үшін негіз қалаушы құжат болып табылады.

мақсатты пайдалану бойынша шаралар әзірлеу болып табылады.

Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру бойынша жүргізілетін жұмыс аясында өткен жылы отын-энергетикалық ресурстарды тұтынуды азайтуға бағытталған 75 шара орындалды, ол 35 мың тонна шартты отынды үнемдеуге мүмкіндік берді.

Аталған бағдарламаның мақсаты отын-энергетикалық ресурстарды тиімді және экономикалық тұрғыдан



### ҰЙЫМ ІШІНДЕ ЭНЕРГИЯ ТҰТЫНУ

2015–2016 жылдар кезеңінде базалық 2014 жылмен салыстырғанда жалпы отын тұтынудың азаюы байқалады. 2017 жылы және 2018 жылдың қорытындылары бойынша отын (көмір) тұтынудың өсуі РФ-ға экспорттық жеткізілімдер үшін «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС-да электр энергиясын өндірудің артуына байланысты.

2015–2018 жылдар кезеңінде энергияны жалпы тұтыну электр энергиясын тұтыну бойынша да, сондай-ақ жылу энергиясын тұтыну бойынша да тұрақты қарқынға ие.

Ұйым ішінде тұтыну	2014	2015	2016	2017	2018
Отынды жалпы тұтыну, 10 <sup>6</sup> ГДж, оның ішінде:	272,6	225,4	225,5	285,2	310,5
көмір	244,4	199,1	196,1	254,8	298,1
газ	24,7	23,6	27,3	28,4	10,0
мазут	2,0	1,3	0,8	0,7	1,2
бензин	0,3	0,3	0,3	0,2	0,2
дизель	1,3	1,1	1,0	1,1	1,2
Электр энергиясын жалпы тұтыну, 10 <sup>6</sup> ГДж	14,0	12,8	12,5	13,0	11,8
Жылу энергиясын жалпы тұтыну, 10 <sup>6</sup> ГДж	3,7	3,0	2,7	2,6	2,7
Энергияны жалпы тұтыну, 10 <sup>6</sup> ГДж	17,7	15,8	15,3	15,6	14,5


### ЭНЕРГИЯ СЫЙЫМДЫЛЫҒЫ

Аталған көрсеткіште ұйым ішіндегі отын-энергетикалық ресурстарды тұтыну көлемі, сондай-ақ өндірілген электр және жылу энергиясының, жеткізілген электр энергиясының, өндірілген көмірдің көлемі қолданылды.


«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша жалпы тауар өнімінің энергия сыйымдылығы 2018 жылдың қорытындысы бойынша 29,7 ш.о.т/млн. теңгені құрады.

### ЭНЕРГИЯ ТҰТЫНУДЫ АЗАЙТУ

Энергияны жалпы пайдалану, 10<sup>6</sup> ГДж



Энергия сыйымдылығы



Базалық 2014 жылмен салыстырғанда тұтастай алғанда жылдар бойынша жалпы энергия тұтыну көлемінің азаю үрдісі байқалады.

Электр энергиясын тұтыну базалық та, сондай-ақ өткен жылға да қатысты азайып, 11,8\*10<sup>6</sup> ГДж-ны құрады.

Жылу энергиясын тұтыну сонымен қатар базалық жылға қатысты азайып, 2,7\*10<sup>6</sup> ГДж-ны құрады.

Энергияны жалпы тұтынудың азаюы оның шығындарын жеке мұқтаждықтарға қатысты қысқартуға байланысты.

## «ЭКОЛОГИЯЛЫҚ» САНАТ

2018 жыл Қазақстанда үлкен экологиялық реформаның басталған кезеңі болды – 2020 жылы жаңа Экологиялық кодекстің шығуы жоспарланып отыр.

Бәрімізге белгілі, Қазақстан тұрақты даму жолына түсіп, әлемнің мейлінше дамыған 30 елінің қатарына ену жолын таңдады, олай болса экологиялық қауіпсіздік мәселесі біз үшін үлкен басымдыққа ие. Біз өзіміздің өндірістік кәсіпорындарымыз орналасқан аймақтардағы экологиялық қауіпсіздікке қол жеткізу көп жағдайда Компания тарапынан жүзеге асырылып отырған экономикалық даму стратегиясына байланысты екенін мойындаймыз.

Компания мен оның еншілес кәсіпорындарының көп жылдық жұмысы барысында қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне үлкен жауапкершілікпен қарау дағдысы қалыптасты. Өндірісте қолданылатын технологиялардың күрделілігі мен қауіптілігін ескере отырып, біз экологиялық секторға тән көптеген экологиялық тәуекелдердің бар екендігін, әсіресе болашақ ұрпақ пен өсімдік пен жануарлар әлемін құрайтын қоршаған ортаға қолайлы жағдай туғызу қажеттігін толықтай түсінеміз.

«Самұрық-Энерго» АҚ қолданыстағы заңнаманы, тұрақты даму тұжырымдамасын, сондай-ақ ең озық әлемдік тәжірибені басшылыққа ала отырып, өзінің экологиялық саясатын анықтады. Экологиялық саясатта белгіленген мақсаттар мен міндеттер Компанияның Ұзақ мерзімді даму стратегиясында ескерілген.

Экологиялық аспектіні басқару үшін Компанияда экологиялық менеджмент жүйесі (ЭМЖ) құрылған. Өндірістік

қызметті жүзеге асыратын «Самұрық-Энерго» АҚ-ның барлық компаниялар тобында «Экологиялық менеджмент» ISO 14001 стандарты енгізілді. Біз қоршаған ортаға деген қамқорлықты Қазақстанның әлеуметтік дамуына қосқан үлесіміз деп білеміз, сондықтан 2018 жылы ЭМЖ жүйесі әлеуметтік менеджмент жүйесімен біріктірілді. АДБ және ЕДҚБ ұйымдарымен ынтымақтастық тәжірибесінің болуы арқасында біз Халықаралық қаржылық корпорациялар талаптарына сәйкес менеджмент жүйесін жетілдіруді жоспарлап отырмыз.

Өндірістік процестердің тиімділігін экологиялық бағалау қоршаған ортаға эмиссиялардың, зиянды өндірістік факторлардың деңгейін, сондай-ақ табиғи, энергетикалық және өзге ресурстарды тұтынудың нақты көлемін өлшеу және есептеу негізінде өндірістік экологиялық бақылау аясында жүзеге асырылады. Қоршаған ортаны өндірістік мониторингілеу техникалық реттеу саласында ҚР заңнамасымен белгіленген тәртіпте аккредиттелген тәуелсіз лабораторияларды тарта отырып жүргізіледі. Өндірістік мониторингілеу объектілері атмосфералық ауа, жер үсті және жер асты сулар, топырақтар болып табылады.

2018 жыл Павлодар облысында – «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС, «Екібастұз ГРЭС-2» АҚ және «Богатырь-Көмір» ЖШС сияқты топтың ең ірі еншілес компаниялары шоғырландырылған өңірде экология жылы болып жарияланды, олар жергілікті экология департаменті қоршаған табиғи орта компоненттерінің сапасын жақсарту үшін әзірлеген шараларда белсенді қатысты.

## Ұйымның қызметі үшін климаттың өзгеруімен байланысты қаржылық аспектілер және өзге де тәуекелдер мен мүмкіндіктер

Әлемде климаттың өзгеру проблемасы ондаған жылдардан бері айтылып келеді. Әлемдік қауымдастықтың бұл мәселеге қатысты абыржушылық танытып отырғанының ресми дәлелі ретінде 1992 жылы 180-нен астам мемлекет қол қойған Климаттың өзгеруі туралы БҰҰ-ның негізгі конвенциясын (БҰҰ-ның КӨНК) атап өтуге болады.

БҰҰ-ның Климаттың өзгеруі туралы негізгі конвенция тараптарының 2018 жылғы желтоқсанда Катовицада (Польша) болған кезекті кездесуінде қатысушы елдердің үкіметтері климаттың өзгеруімен байланысты проблемаларды шешу үшін Париждік келісімнің орындалуына шолу

жасады. Осы конференцияның ғылыми негізі КӨСХТ-тың<sup>1</sup> жақында жарияланған ғаламдық 1,5 °C жылыну туралы Арнайы баяндамасы болып табылады.

Баяндамада климаттың қайтарымсыз өзгерістерінің алдын алу үшін ғаламдық жылынуды Цельсий бойынша индустриальды заманға дейінгі кезеңмен салыстырғанда бір жарым градусқа шектеу қажеттігі туралы қауіпті қорытынды шығарылды, сол үшін 2050 жылға қарай адам қызметінің нәтижесінде атмосфераға шығатын парниктік газдар мен жер экожүйесінің сіңіргіштік/сіңіруші қабілетінің ара қатысындағы таза балансты нөлдік деңгейі

<sup>1</sup> Климаттың өзгеруі бойынша өкіметаралық сарапшылар тобы

ге жеткізу қажет. Қазақстан Парижде ерікті үлес ретінде мәлімделген көлемді мақсатты 1990 жылмен салыстырғанда 2030 жылға қарай –15% жеткізуге ұмтылады.

Сарапшылардың пікірін есепке ала отырып, «Самұрық-Энерго» АҚ климаттың өзгеруі мәселесіне үлкен маңыз беріп отыр. Сондықтан да, Компанияда ЖЭС пен СЭС-тің дамуына үлкен назар аударылуда, жаппай энергия менеджменті жүйелері ендірілуде, энергия тиімділігі мен энергия үнемдеуді арттыру бойынша кеңейтілген бағдарламалар әзірленді, Алматы электр станцияларын газдан-дыру бойынша маңызды жобалар жоспарлануда.

Бұған қоса, «Самұрық-Энерго» АҚ-тың «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС, «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ, «АлЭС» АҚ және «Богатырь Көмір» ЖШС сияқты ЕТҰ-лары квота берілетін қондырғылар болып табылады және ПГ шығарындыларына квоталарды сатудың ұлттық жүйесі аясында ПГ шығарындыларын қысқарту бойынша міндеттемелер қабылдаған.

Жаңа технологияларға да ерекше назар аударылады: «Самұрық-Энерго» АҚ-тың тапсырмасы бойынша «Назарбаев Университеті» АБҰ негізінде «Таза көмір технологиялары» ғылыми лабораториясы құрылды; «Microalgae Biotechnology Laboratory» ЖШС-мен бірлесіп «ГРЭС-1» ЖШС-да CO<sub>2</sub> түгін газдарын содалық ерітінділердің әртүрлі түрлерінің көмегімен микробалдырлар биомассасына конверсиялау бойынша пилоттық жоба жүзеге асырылуда; «Богатырь Көмір» ЖШС-да бүгінде қолда бар 1,5 мыңнан астам өнеркәсіптік шамдарды жарықдиодты шамдарға ауыстыру бойынша энергия сервистік шартқа қол қойылды.

Компания процестері мен өнімдерінің көміртектік сыйымдылығын азайту бойынша негізгі бағыттар мен мақсаттар Компанияның ұзақ мерзімді Даму стратегиясында және Экологиялық саясатында көрсетілді.


**Парниктік газдардың шығарындыларын мемлекеттік реттеу мәселесі контекстінде «Самұрық-Энерго» АҚ жағдайының SWOT-талдауы**

- Компанияның активтерінде ЖЭК пен СЭС-тің болуы
- ЖЭК жобаларын іске асыру тәжірибесі
- Мемлекет пен Қор тарапынан қолдау

- Компанияның активтерінде отын электр станцияларының болуы
- Өндіру құны төмен энергетикалық көмірдің үлкен қорларының болуы
  - Мемлекет тарапынан тарифтерді реттеу
  - Жабдықтарда оңтайлы жүктемені сақтау мүмкіндігінің болмауы (жүктемені «KEGOC» АҚ анықтайды)

- ПГ қысқарту бағытында ЖЭК және НДТ жобаларына инвестициялар тарту
- ПГ әсерін түту/сіңіру бағытындағы технологияны дамыту
- «таза» көмір өндіру бағытында технологияларды дамыту

- Инвестициялардың көміртектік сыйымдылығы аз технологияларға ауысуы
- Тарифтердің төмендігінен инвестицияның өтелмеуі
- ПГ қысқарту бойынша талаптардың күшейтілуі



Бұл ретте тұрақты даму идеологиясының ғаламдық таратылуы нәтижесінде бір технологиялардың (мәселен ЖЭК) белсенді түрде жетілуі байқалса, енді бір технологияларға сол тұрақтылық қағидаты негізінде шыдамдылықпен

және ұқыптылықпен қарауға тура келетінін атап өту қажет. Қазақстандағы дәстүрлі энергия өндіруді жаңғырту және жаңалау қарқынының баяулығын дәл осы негізде түсіндіруге болады.

**Жұмсалған материалдар**



2018 жылдың қорытындысы бойынша энергия өндіру түрлеріне қатысты (дәстүрлі, СЭС және ЖЭК) бөлініс төмендегідей көлемде сипатталады:

- дәстүрлі энергия өндіру үлесіне компания тобының жалпы электр энергиясын өндіру көлемінің 91%-ы келеді, бұл 2017 жылға қарағанда 3%-ға артық.
- «таза» энергия көздері туралы айтатын болсақ, оның үлесі 9% құрады, оның ішінде СЭС – 8,5%, ЖЭК – 0,5%, басқаша айтар болсақ, 2018 жылы СЭС-тегі өндіру


үлесі 2%-ға төмендеді, ал ЖЭК-тің үлесі шашамен сол деңгейде қалды.

2018 жылы 2017 жылмен салыстырғанда отын станцияларында электр энергиясын өндіру көлемі 13%-ға ұлғайды, сондықтан да көмір мен мазут секілді материалдарды пайдалану деңгейі едәуір өсті. Бұл ретте Компанияның активтері тобынан Ақтөбелік станция шығып қалды, соның нәтижесінде газды пайдалану үш есеге дерлік төмендеп кетті.

**Энергия өндіру**



**Жұмсалған материалдар**



**Суды пайдалану және суды тұтыну**

Су – электр қуатына айналатын әлеуетті энергияға ие қайта қалпына келетін табиғи ресурс.

рында жылу жеткізгіш ретінде, су қоймаларын толтыруға, күлді жерлерді суландыруға, күл үйінділерінде судың деңгейін сақтауға, коммуналдық-тұрмыстық қажеттіліктерге пайдаланамыз.

Біз жиынтық су энергиясын су электр станцияларындағы энергия көзі ретінде, сондай-ақ жылу электр станцияла-

**Энергия көздері бойынша бөлгенде алынатын судың жалпы мөлшері**

Өлшем бірлігі	Көлемі		
	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.
Алынатын судың жалпы көлемі	9 671 594	10 313 409	10 546 314
Беткі су объектілерінен	9 619 606	10 261 611	10 498 150
Жер асты су көздерінен	6 817	6 858	7 341
Басқа ұйымдардың ағын сулары	406	399	274
Сумен жабдықтаудың муниципалдық және өзге жүйелерден	44 765	44 940	40 577


Суды пайдалану және тұтыну қолданыстағы ҚР заңнамаларына сәйкестікте жүргізіледі: «Самұрық-Энерго» АҚ-ның еншілес компаниялары су алуды қолда бар рұқсат-

тарына сәйкес жүзеге асырады: алынатын судың 98% ГЭС-терде пайдалануға жұмсалады, ал 2% – су тұтынуға пайдаланылады.



	Өлшем бірлігі	Көлемі		
		2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.
Алынатын судың жалпы көлемі, оның ішінде	Мың м <sup>3</sup>	9 671 594	10 313 409	10 546 314
Суды пайдалану (СЭС)	Мың м <sup>3</sup>	9 497 020	10 121 167	10 345 085
Суды пайдалану үлесі	%	98,2	98,14	98,1
Суды тұтыну	Мың м <sup>3</sup>	174 574	192 242	201 229
Суды тұтыну үлесі	%	1,8	1,86	1,9

Суды пайдалану және суды тұтыну



## Бірнеше мәрте және қайта пайдаланылатын сулар

Қоғамның барлық отын станцияларында суды пайдалану көлемін азайту үшін судың айналмалы жүйесі қолданылады.

	Өлшем бірлігі	Көлемі		
		2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.
Бірнеше мәрте және қайта пайдаланылатын сулар көлемі	мың м <sup>3</sup>	2 921 806	2 663 002	2 959 034

## Ағынды су төгіндісі

I санатты өнеркәсіптік объектілерінде табиғи объектілерге ағынды суларды төгу жұмыстары жүргізілмейді, ағынды сулар күлден тазарту жүйесінде қолданылады және күл қалдықтарымен бірге күл үйінділеріне келіп түседі. Бұл ретте алынатын су көлеміне қарағанда ағынды су төгіндісінің көлемі аса көп емес екенін ескеру қажет.

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы кәсіпорындары алынған беткі суға, ағынды суға талдамалық бақылау жасап, ұңғымалар жүйесіндегі жер асты суларының температуралық режиміне және су көлемінің өзгерістеріне мониторинг жасап отырады, ТӨҚ су құбырлары жүйесіне жөндеу жұмыстарын жүргізеді.

	Өлшем бірлігі	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.
Ағынды су көлемі	мың м <sup>3</sup>	64 842,095	60 144,078	77 001,4


## Қалдықтар

2018 жылы күл-қоқыс қалдықтарының көлемі 7 663,95 мың тоннаны (норматив бойынша 9 166,9 мың тонна) құрады, бұл көрсеткіш 2017 жылмен салыстырғанда 20% артық, бұл көмір арқылы өндіру көлемінің артуы мен УРУТ өсіміне байланысты болып отыр.


Жинақталған ҚҚҚ-ны кәдеге жарату жұмыстары әзірше баяу қарқынмен жүргізілуде. ЭГРЭС-2 станциясында құрғақ күл қондырғысы іске қосылды (бұдан әрі – ҚҚҚ). 2018 жылғы жедел деректер бойынша ҚҚҚ көмегімен 10 мың тоннаға жуық құрғақ күл жөнелтілді. ЭГРЭС-1, 2 станцияларының ҚҚҚ-сы Павлодар облысында автомобиль жолдарын салуға пайдалануда.

Сонымен қатар, жыл сайынғы күл үйінділерінің 30 га өңделген аудандарының топырақ құнарлығын қалпына келтіреді.

ҚҚҚ көлемі



Отын генерациясы секторы бойынша ҚҚҚ -ның салыстырмалы көрсеткіші




## Атмосфераға тасталатын шығарындылар

2018 жылдың қорытындысы бойынша 2017 жылмен салыстырғанда отынмен жанатын станцияларда электр энергиясын өндіру көлемі 13%-ға ұлғайды, сәйкесінше ластағыш заттардың жалпы шығарындыларының көлемі ұлғайды. Компания тобы бойынша 2018 жылы жалпы шығарынды 323,8 мың тоннаны құрады, бұл 2017 жылға қарағанда 23%-ға артық.


Атмосфераға шығатын эмиссиялар мониторингі азот тотықтары, күкірт тотықтары, көміртек тотықтары, ұшпа күл секілді ластағыш заттарды қамтиды.

2018 жылдың қорытындысы бойынша ЛЗ меншікті шығарындылары 10,2 г/кВт·с құрады, бұл 2017 жылмен салыстырғанда 7% жоғары. «Генерация» секторы бойынша азот тотығының меншікті шығарындыларының мөлшері төмен эмиссиялы жанарғылар орнатылған кейін қысқарды, соның нәтижесінде бірқатар энергия блоктарында түтінді газдар құрамындағы азот тотығының бөлігі 650 мг/нм<sup>3</sup> дейін азайды. Ал бірқатар объективті себептерге байланысты күкірттің еселенген тотығының меншікті шығарындылары артты.

"Самұрық-Энерго" АҚ-ның компаниялар тобы бойынша жалпы шығарынды көлемі



Компанияның жиынтық шығарындыларындағы "Генерация" секторы 2018 жыл




SO<sub>2</sub> меншікті шығарындыларының артуындағы негізгі себептер:

- «ГРЭС-1» ЖШС мен «ГРЭС-2» АҚ-та көмір құрамындағы күкірт мөлшерінің 2017 ж. 0,48% көрсеткішінен 2018 ж. 0,57% дейін артуы;
- «АлЭС» АҚ ЖЭО-1 нысанында көмір қоймасының жойылуына байланысты қалған көмірді жағу, сондай-ақ табиғи газ жеткізіліміне шектеу қойылуына байланысты мазутты пайдалану көлемінің артуы;
- отын станцияларында электр қуатын өндіру үлесінің артуы (2017 ж. 88% – дан 2018 ж. 91%-ға артуы);
- ГЭС-те өндіру үлесінің азаюы (2017 ж. 11,3%-дан 2018 ж. 8,6%-ға төмендеуі).

ЕГРЭС-1 мен ЕГРЭС-2-нің барлық энергия блоктарында жаңа буынды электр сүзгілері, сондай-ақ «АлЭС» АҚ станцияларында дымқыл күлді тұту эмульгаторлары іске қосылған соң атмосфераға шығарылатын шығарындылардың азаюында оң үрдіс байқалады.

"Самұрық-Энерго" АҚ компаниялар тобы бойынша ЛЗ үлестік шығарындылары, кг/кВт·с

	Өлшем бірлігі	Көлемі		
		2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.
NOx	мың тонна	54,7	66,4	76,11
SO <sub>2</sub>	мың тонна	132,9	160,4	202,4
Шаң (зола)	мың тонна	28,0	34,4	41,4
CO <sub>3</sub>	тонна	жоқ	жоқ	жоқ
ЛОС	тонна	115,4	245,6	297,2
CO <sub>2</sub>	мың тонна	24 150,66	29 839,62	33 743,68



Жыл қорытындылары бойынша ластағыш заттардың және парниктік газдардың шекті шығарындыларын азайту бойынша қолданыстағы бағдарламалардың тиімділігіне талдау жүргізілді, энергия тиімділігін арттыруға бағыт-

талған түзетуші шаралар әзірленді: жану құрылғыларын жөндеу, өткір бу мен өнеркәсіптік қатты ысыту будың температурасы мен қысымның атаулы мәнін ұстап тұру, сормаларды жою және т.б.

## Елеулі айыппұлдардың ақшалай мәні және қаржылық емес санкциялардың жалпы саны

2018 жылы экологиялық заңнама талаптарына сәйкестігін анықтау үшін мемлекеттік инспекторлық тексерістер

жүргізілді. Елеулі айыппұлдар сомасы 722 мың теңгені құрады.

	Төлемдер, мың теңге		
	2016	2017	2018
елеулі айыппұлдардың ақшалай сомасы	10 587	12 596	721,5
қаржылық емес санкциялар қолданылған жайттар саны	0	0	0

## Қоршаған ортаны қорғауға жұмсалған жалпы шығындар мен инвестициялар, түрлері бойынша жіктелген

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнама-сына сәйкес, «Самұрық-Энерго» АҚ-ның I санатты әрбір ЕТҮ-сында («Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС, «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ, «АлЭС» АҚ, «Ақтөбе ЖЭО» АҚ және «Бо-гатырь Көмір» ЖШС) уәкілетті органмен келісілген қор-шаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары бар,

оны орындау арнайы табиғатты пайдаланудың міндетті шарты болып табылады.

2018 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ-ның қоршаған ортаны қорғауға жұмсалған шығындары мен инвестициялары 6,63 млрд. теңгені құрады.

	Шығындар, мың теңге		
	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.
Барлығы	1 197 259,2	2 213 407,5	6 629 260,84
қалдықтарды пайдалануға, шығарындыларды тазартуға, сондай-ақ экологиялық зияндарды жоюға байланысты шығындар	825 732,8	1 825 147	6 556 645,24
қоршаған ортаға әсерді болдырмау үшін және экологиялық менеджмент жүйесіне жұмсалған шығындар	371 526,4	388 260	72 615,6

## Биоалуантүрлілік

Компанияның өндірістік қызметі, сондай-ақ болашақ жо-балар жергілікті биологиялық алуантүрлілікке әсер етуі мүмкін. Біз биосфераға тигізер әсерді мейлінше азайтуға тырысамыз.

Су экожүйесіне зиян келтirmeу үшін су электр станция-ларының жұмысы ҚР Ауыл шаруашылығы министрлі-гінің су ресурстары жөніндегі комитеттерімен, жергілік-ті әкімшіліктермен, сондай-ақ ҚОҚО басшылығымен келісіледі («Мойнақ СЭС» АҚ-мен болған жағдай).

2009–2018 жылдары «АЖК» АҚ кәсіпорнының 1346,47 км құрайтын электр желілері құстардың электр тоғына тү-суін болдырмау мақсатында оқшауланған электр сымда-рымен (ОЭС) ауыстырылды.

«Мойнақ ГЭС» АҚ Қазақстандағы ПРООН сарапшыла-рымен Шарын ұлттық бағының Шарын өзенінің бойында орналасқан реликтілік шаған орманын сақтау жобасы бойынша ынтымақтастық орнатты.

## «ӘЛЕУМЕТТІК» САНАТ

### «Біздің қызметкерлер» бөлімі

Адам ресурстарын басқару саясаты – персоналды басқа-ру шараларының біртұтас жүйесі, ол «Самұрық-Энер-го» АҚ-ның 2018–2028 жылдарға арналған Кадр саясаты-на сәйкес іске асырылатын ұйымшыл әрі жауапты ұжым қалыптастыру мақсатында қызметкерлермен жұмыс

істеудің негізгі бағыттарын, нысандары мен әдістерін бел-гілейтін нормалар мен қағидалардан тұрады.

Адам ресурстарын басқарудың негізгі мақсаты – кадр әлеуетін дамыту, қызметкерлерді басқару мен ынталан-дыру жүйесін жетілдіру, әлеуметтік қорғалу жүйесін құру.

### ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР ҚҰРЫЛЫМЫ

«Самұрық-Энерго» АҚ Қазақстан Республикасы аумағын-дағы ірі жұмыс берушілер қатарына кіреді. 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, Компания қызмет-керлерінің тізімдік саны 17 719 адамды құрады.

Есепті кезеңде жұмыспен толық қамтылған қызметкер-лердің үлесі 100%-ды құрады.

Компания қызметкерлерінің құрылымы соңғы жылдар бойында тұрақты болып қалып отыр. Компания қыз-метінің өндірістік ерекшелігіне орай өндірістің негізгі учаскелерінде ер адамдар жұмыс істейді, олардың жал-пы саны 2018 жылы 73%-ды құрады. Компания қызмет-керлерінің негізгі үлесін 30-50 жас аралығындағы қыз-меткерлер (50%) құрайды. 2018 жылы қызметкерлердің орта жасы 43-ті құрады. Орташа жұмыс өтілі – 11 жыл. 2018 жылы кадрлар тұрақтамаушылығы коэффициенті 8%-ды құрады. Жергілікті халықтың санынан жұмысқа қабылданған жоғары дәрежелі басшылардың саны 98%-ды құрайды.

Жұмысқа қабылдау рәсімі ҚР Еңбек кодексінің және ішкі нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Қызметкерлердің санын немесе штатты қысқартумен байланысты қызметкерлермен еңбек шарттарын бұзған кезде хабарлама берудің мейлінше қысқа мерзімі Компа-нияның Ұжымдық шартымен көзделген және Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес бір айды құрайды.

Компания өз қызметкерлерін гендерлік белгі бойынша кемсітпейді және оқу мен дамыту бағдарламаларына, «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының кәсіпорын-дарында мансаптық жоғарылау және жұмысқа орналас-тыруға рұқсат алу кезінде бірдей тәсілді қолданады.


2018 жылы Компания «Самұрық-Энерго» АҚ компания-лар тобында тең мүмкіндіктерді берудің тәжірибелері мен рісімдерін жетілдіру және гендерлік теңдік мәселелерінде үздік халықаралық тәжірибені алу мақсатында Еуропа Қайта Құру және Дамыту Банкімен бірлесіп энергетика және электр энергетикасы саласында тең мүмкіндіктерді ұсыну бойынша озық халықаралық тәжірибелерді ендіру жөніндегі жобаны іске асыруға кірісті.

Аталған жоба аясында 2018 жылы ЕҚДБ консультанты ұлттық заңнамаға, тең мүмкіндіктер саласында жергілікті бастамаларға, Компанияның статистикалық деректеріне, сондай-ақ еркектер мен әйелдер бөлігінде энергетикалық мамандықтар бойынша жоғары және кәсіби-техникалық оқу орындарының мамандарын жыл сайын қабылдау/ шығаруға, тең мүмкіндіктер және басқалар саласын-да үздік халықаралық тәжірибелерге талдау жүргізді. Аталған шаралардың қорытындылары бойынша ұсыныс-тар әзірленді және Тең мүмкіндіктер тәжірибесін дамыту жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленді. 2019 жылы Ком-пания «БҮҮ-әйелдер» серіктестік және Біріккен Ұлттар Ұйымының Жаһандық шарты аясында әзірленген «Әйел-дердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту қағидаатта-рын» қолдау туралы өтінішке қол қойды.

2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобында жұмыс істейтін әйелдердің саны **4 699** адам құрады.




2018 ж. жынысы бойынша бөлгендегі жұмыс күшінің жалпы саны



■ Еркектер ■ Әйелдер

2018 ж. жұмыспен қамту түрі бойынша жұмыс күшінің жалпы саны




■ Қызметкерлер ■ Бақыланатын қызметкерлер

2018 ж. жұмысқа қабылдау туралы шарттың түрі бойынша бөлгендегі қызметкерлердің жалпы саны




■ Шексіз/тұрақты шарт ■ Уақытша шарт/нақты мерзімге жасалған шарт

2018 ж. өңірлер бойынша бөлгендегі жұмыс күшінің жалпы саны



■ Оңтүстік ■ Солтүстік  
■ Шығыс ■ Орталық

2018 ж. жынысы бойынша бөлгендегі кадрлардың тұрақсыздығы




■ Еркектер ■ Әйелдер

2018 ж. жынысы бойынша бөлгендегі жұмысқа жаңадан қабылданған қызметкерлер



■ Еркектер ■ Әйелдер


2018 ж. өңірлер бойынша бөлгендегі жұмысқа жаңадан қабылданған қызметкерлер





■ Оңтүстік ■ Солтүстік  
■ Шығыс ■ Орталық

2018 ж. жасы бойынша бөлгендегі жұмысқа жаңадан қабылданған қызметкерлер

2018 ж. жасы бойынша бөлгендегі кадрлардың тұрақсыздығы



2018 ж. өңірлер бойынша бөлгендегі кадрлардың тұрақсыздығы



Жынысына, жасына қарай және аз ұлт өкілдері көрсетілген ұйым қызметкерлерінің құрамы

№	Көрсеткіш	Қызметкерлер	Үлесі
<b>1.</b>	<b>Жынысы</b>	<b>17 719</b>	
1.1.	Ерлер	13 020	73%
1.2.	Әйелдер	4 699	27%
<b>2.</b>	<b>Азшылық топтары (нәсілдік/этникалық, діни, мүмкіндіктері шектеулі)</b>	<b>17 719</b>	
2.1.	Қазақтар	10 485	59%
2.2.	Орыстар	5 003	28%
2.3.	Украиндар	705	4%
2.4.	Ұйғырлар	344	2%
2.5.	Татарлар	344	2%
2.6.	Немістер	253	1%
2.7.	Белорустар	129	1%
2.8.	Корейлер	60	0,3%
2.9.	Басқалар	396	2%
<b>3.</b>	<b>Жасына қарай топтар</b>	<b>17 719</b>	
3.1.	30 жасқа дейін	3 233	18%
3.2.	30-дан 50 жасқа дейінгілер	9 113	51%
3.3.	50 жастан асқандар	5 373	30%

## Даму және мансаптық өсу

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы өз қызметкерлерін үнемі дамыту мен оқытуға тырысады. Персоналды оқыту және дамыту жабдықтың және жалпы Компанияның экономикалық, авариясыз және тиімді жұмысын қамтамасыз етудегі табыстың негізгі факторы болып табылады.

Компанияның кәсіби оқыту саласындағы негізгі бағыттары мыналар:

- 1) басқару тапсырмаларын ойдағыдай шешу, көшбасшылық құзыреттерді дамыту және өзгерістерді басқару үшін кәсіби дағдылар мен құзыреттерді дамытуға бағытталған оқу;
- 2) Қазақстан Республикасы заңнамаларының талаптарына сәйкес еңбекті қорғау, электр қауіпсіздігі, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, экология мәселелері бойынша өткізілетін оқу.

Сонымен, 2018 жылы көшбасшылық бағдарламасын іске асыру аясында CEO және CEO-1 деңгейдегі қызметкерлер үшін «Өзгерістерді басқару – жоба демеушісі» тақыры-

бында, CEO-2 деңгейдегі қызметкерлер үшін өзгерістерді басқару және коучинг дағдыларын дамыту бойынша оқу ұйымдастырылды.

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобында қызметкерлерді даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру үдерістері жүйеге түскен. Қызметкерлер дербес тиімділікті басқару, тиімді коммуникациялар дағдылары, табысты таныстырылымдар, тиімді келіссөздер жүргізу, аналитикалық ойлау, тайм-менеджмент, есептерді тиімді дайындау және басқа мәселелер бойынша түрлі тренингтерден өтеді. Бағдарламаларды іске асыру сертификат немесе біліктілік куәлігін бере отырып, өндірістен қол үзіп те, қол үзбей оқу арқылы қарастырылады. Сонымен қатар басшылар мен мамандардың кәсіби өсуіне, жоғары тұрған лауазымдарға резервке дайындауға бағытталған бағдарламалар да көзделген.

2018 жылы қызметкерлерді оқыту мен дамыту бағдарламалары бойынша 642 іс-шара өткізілді. 2018 жылы оқудың жалпы құны 358 127 мың теңгені құрады.

**Қызметкерлер санаты және жынысы бойынша бөлгенде жылына бір қызметкерді оқыту сағатының орташа саны**

Қызметкерлер санаты	2018 жылдың аяғындағы жалпы саны		2018 жылы даярлауға арналған сағаттар саны		Жылына бір қызметкерді даярлауға жұмсалған сағаттардың орташа саны
	еркек	әйел	еркек	әйел	
Жоғары басшылық (топ-менеджмент)	53	9	1 631	277	31
ӘБП	815	544	23 270	15 513	29
Өндірістік персонал	12 835	3 209	567 353	141 838	44
Қызмет көрсетуші персонал	48	206	1 013	4 321	21

Қызметкерлер санаты	2017 жылдың аяғындағы жалпы саны		2017 жылы даярлауға арналған сағаттар саны		Жылына бір қызметкерді даярлауға жұмсалған сағаттардың орташа саны
	еркек	әйел	еркек	әйел	
Жоғары басшылық (топ-менеджмент)	54	9	1 833	306	34
ӘБП	814	542	19 675	13 116	24
Өндірістік персонал	12 663	3 166	535 284	133 821	42
Қызмет көрсетуші персонал	50	215	883	3 763	18

**Қауіпсіздік және еңбекті қорғау**

Компания тобында еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау мәселелерін басқару жөніндегі 2018 жылға арналған іс-шаралар жоспарына және Компанияның Қауіпсіздік пен еңбекті қорғау саласындағы саясатына сәйкес бүкіл еншілес және тәуелді компанияларда еңбекті қорғау бойынша жұмыс жоспарлары әзірленіп және бекітілді, ұйымдастырушылық және алдын алу шараларының кешені өткізілді.

Бүкіл компания тобы бойынша Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 203-бабына сәйкес, қауіпсіздік және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңестер құрылды. Оның құрамына басымдық негізде еңбек бойынша техникалық инспекторларды қоса алғанда, жұмыс берушінің өкілдері, қызметкерлердің өкілдері кіреді.

«Денсаулықты қорғау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету менеджментінің OHSAS-18001 жүйесі» халықаралық стандарты енгізілді.

Компанияның барлық еншілес және тәуелді ұйымдарында еңбек шарттары бойынша жұмыс орындарына аттестация жүргізілді. Жұмыс орындарына жүргізілген аттестацияға сәйкес зиян және қауіпті еңбек шарттары бар жұмыс орындары белгіленді. Бұған қоса, қызметкерлер тиісті жеңілдіктермен, соның ішінде жеке қорғаныш және арнайы киіммен қамтамасыз етілді.

«Самұрық-Энерго» АҚ-ның барлық компанияларында зиянды әрі қауіпті еңбек жағдайларында жұмыс істейтін қызметкерлердің еңбек жағдайларын жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленді.

Компанияда қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласындағы халықаралық стандарттардың, ҚР нормативтік-құқықтық актілерінің, Қоғамның ішкі нормативтік құжаттары талаптарының орындалуын қадағалау үшін жоспарлы және жоспардан тыс (кенеттен) тексерулер өткізу тәжірибесі енгізілген. Есепті кезеңде 10 жоспарлы тексеріс, 9 жоспардан тыс (кенеттен) тексерулер жүргізілді.

Компанияда қауіпсіздік және еңбекті қорғау мәселелері бойынша кеңейтілген отырыс өткізілді. Компаниялар тобындағы ұйымдардың бірінші басшыларының қауіпсіздік пен еңбекті қорғау саласы бойынша атқарған жұмыстары туралы есептері тыңдалып, кеңес қорытындысы бойынша еншілес компаниялардың өндірістегі жазатайым оқиғалардың алдын алу және болдырмау шаралары бойынша даму стратегиясына қатысты директивалық құжаттар қабылданды.

Еңбек қауіпсіздігін жақсарту, алдын алу мақсатында есепті кезеңде компаниялар тобындағы еңбек қауіпсіздігі мен еңбек қорғау мәселелеріне жетекшілік ететін басшылардың қатысуымен көшпелі семинар-кеңес өткізілді. Кездесу қорытындысы бойынша хаттамаға қол қойылып, жазатайым оқиғалардың орын алуына әкеп соқтыратын жайттар талқыланып, өндірісте жарақат алу деңгейін азайту шаралары әзірленді.

«ҚМГ» ҰК АҚ-пен еңбек қорғау саласында тәжірибе алмасу және ынтымақтастық орнату меморандумы жасалды. Ынтымақтастық меморандумын орындау барысында Компания басшылары мен мамандары «ПетроКазахстан Ойл Продактс» (Шымкент) ЖШС-ын аралап қайтты. Алматы, Павлодар және Түркістан облыстарының еңбек



жөніндегі уәкілетті органдарымен қауіпсіздік және еңбек қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы жазбаша келісімдер жасалды.

«Самұрық-Энерго» АҚ пен оның еншілес және бағынысты ұйымдарында ең ауыр зардаптарға әкелетін (қаза болу, апатқа ұшырау) жайттарды болдырмау үшін орын алған оқиғаларға қатысты есептердің ашықтығын арттыру мақсатында Қоғамның Директорлар кеңесі «2019 жылы еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау саласында орын алған оқиғалардың болуына кінәлі тұлғаларды тәртіптік жазалауға тарту мораторийін» бекітіп, қолданысқа енгізді.

Мораторий енгізу мақсаты: «Самұрық-Энерго» АҚ пен оның еншілес және бағынысты ұйымдарында ең ауыр зардаптарға әкелетін (қаза болу, апатқа ұшырау) жайттарды болдырмау мақсатында орын алған оқиғаларға қатысты есептердің ашықтығын арттыру. Мораторий қамтылатын аумақ – жазатайым оқиғаларға, топтық жазатайым оқиғаларға, жеңіл және ауыр дәрежедегі жазатайым оқиғаларға жақын жайттар.

Бизнесті трансформациялаудың SKE.06 «Самұрық – Энерго» АҚ кешенді қауіпсіздігін басқару жөніндегі жаңа моделін енгізу» жобасын жүзеге асыру барысында төмендегідей корпоративтік стандарттар бекітілді:

- 1) Басшылық тарапынан еңбекті қорғауды және қоршаған ортаны қорғауды басқару жүйесінің бағалануы;
- 2) Қауіпсіздіктің көшбасшылық мінез-құлықтық аудитін жүргізу;
- 3) ҚЕ, ЕҚ, ЕжәнеҚ, ҚО тәуекелдерін бағалау;
- 4) Қауіпсіздіктің алтын ережелері;

- 5) Оқиғаларды есепке алу және тексеру;
- 6) Персоналды қауіпсіздікті сақтауға ынталандыру.

Жүргізілетін жұмыстар аясында еңбек қорғау және қауіпсіздік саласының тәуекелдері белгіленіп, олардың ықпал ету дәрежелері мен басқару шаралары талқыланды.

Бұған қоса, Компанияның мердігерлеріне вертикальды бақылау жасау моделі (бас тапсырыс беруші – тапсырыс беруші – мердігер – қосалқы мердігер) белгіленді.

Сондай-ақ, барлық компаниялар тобының тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуға қатысты үлгілік шарт нысандарында мердігерлерге/жеткізушілерге/орындаушыларға өз қызметкерлерінің қауіпсіз еңбек жағдайы мен тұрмыс жайын қамтамасыз етуге қатысты, сонымен қатар Қазақстан Республикасының қауіпсіздік және еңбек қорғау саласындағы заңнамаларын қатаң сақтау жауапкершілігіне қатысты талаптар көзделген.

Мердігерлік, қосалқы мердігерлік ұйымдардың қызметкерлеріне қойылатын талаптар қауіпсіздік және еңбекті қорғау жөніндегі салалық қағидаттарында, мердігерлік/қосалқы мердігерлік ұйымдармен жасалатын шарттарда, сондай-ақ «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының ішкі нормативтік құжаттарында баяндалды. Компания оқуытудан өтуді және кәсібі бойынша жұмысқа рұқсаттын растайтын құжаттардың болуын, білікті куәліктердің болуын тексереді. Жұмысты бастауға рұқсат берген кезде, сондай-ақ шартқа сәйкес жұмысты орындау кезінде жоғарыда көрсетілген талаптарға сәйкестігін тексереді. Демек, мердігерлік/қосалқы мердігерлік ұйымдардың



қызметкерлерін қауіпсіздік және еңбекті қорғау мәселелеріне оқытуды 100% қамтамасыз етті. Сондай-ақ ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес ұйымның қауіпті өндірістік объектінің аумағында жұмыс жүргізетін мердігерлік ұйымдардың келушілеріне және қызметкерлеріне кіріспе нұсқама жүргізіледі.

Өндірістегі жазатайым оқиғаларды тіркеу, хабарлау тәртібі және есепке алу ҚР Еңбек кодексінің «Еңбек қыз-

метімен байланысты жазатайым оқиғаларды тексеру және есепке алу» 20-тарауына және ҚР-ның өзге нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырылды.

Соған қарамастан, алдын алу шаралары ауқымды деңгейде жүргізілгенімен, 2018 жылы еңбек қызметімен байланысты 10 жазатайым оқиға тіркелді, оның ішінде 2-еуі қызметкер қазасына әкеліп соқтырса, 5 – ауыр зардап ретінде, 3 – жеңіл сипатта деп тіркелді.

Жарақаттардың атауы	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.
Химиялық күйік, термиялық күйік	–	–	1
Соғып алу	1	–	1
Жарақаттық ампутация	–	–	–
Электр жарақаттары (термиялық күйіктер)	4	2	–
Сынықтар	5	4	5
Бірнеше жарақат (сынықтар, соғып алу, ішкі органдардың жыртылуы)	4	1	1
Көз жарақаты	1	–	–
Бас-ми жарақаты, ми шайқалуы	–	–	2
<b>Барлығы</b>	<b>15</b>	<b>7</b>	<b>10</b>

Есепті кезеңде өндірістік жарақат мөлшерінің көбеюі өндірістегі жазатайым оқиғаларды тіркеудің ашық жүргізілу жүйесін енгізумен түсіндіріледі.

### ӨНДІРІСТЕ ЖАЗАТАЙЫМ ОҚИҒАЛАРДЫ БОЛДЫРМАУ ҮШІН ҚАБЫЛДАНАТЫН ШАРАЛАР

Өндірістік жарақаттануды азайту үшін «Самұрық-Энерго» АҚ-ның бүкіл компаниялар тобы бойынша мынадай шаралар қолданылады:

1. Жазатайым оқиғалардың мән-жайлары мен себептері барлық қызметкерлерге хабарланады.
2. Барлық өндірістік персоналға жоспардан тыс нұсқама жүргізіледі.
3. Жазатайым оқиға орын алған бөлімшелердің барлық қызметкерлерінің ТПЕ, ҚТЕ және еңбек қауіпсіздігі мен оны қорғау туралы нұсқаулықтар бойынша білімдеріне кезектен тыс тексеру жүргізіледі.
4. Ай сайын кәсіпорынның бірінші басшысының қатысуымен Қауіпсіздік техникасы күні өткізіледі. Өткізілген Қауіпсіздік техникасы күнінің нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі шаралар әзірленеді.
5. Еңбек қауіпсіздігі және оны қорғау қызметтері қондырғыларға, ғимараттар мен құрылғыларға, жұмыс орындарына кешенді түрде тексерістер жүргізеді. Кешенді тексеріс қорытындылары бойынша орындау мерзімдері мен жауапты тұлғалар көрсетіліп, іс-шаралар жоспары әзірленеді.
6. Еңбек қауіпсіздігі және оны қорғау мәселелері бойынша қызметкерлерді оқыту, нұсқамалар беру және білімдерін тексеру ережелеріне сәйкес, барлық өндірістік қызметкерлерге оқыту жүргізіледі.

7. Жөндеу науқаны алдында Компанияның барлық кәсіпорындарда құрылымдық бөлімшелердің наряд беруге, жұмыс басында басшы және өндіруші болуға құқығы бар инженерлік-техникалық қызметкерлеріне жасақты өндірістік жұмыстарға жіберу мен нарядты ресімдеуді дұрыс атқару бойынша практикалық сабақтары бар семинар-кеңестер өткізіледі.
8. Кәсіпорындарда ең кемі бес жылда бір рет жұмыс орындарында еңбек жағдайлары бойынша аттестация жүргізіледі.
9. Пайдаланылу ресурсын тауысқан және өндірістік персонал үшін айтарлықтай қауіп тудыратын жабдықтар жоспарлы түрде ауыстырылады.
10. Қауіпсіздіктің көшбасшылық мінез-құлық аудиттерін жүргізу тәжірибесі ендіріледі.
11. Қауіптерді сәйкестендіру және тәуекелдерді бағалау мәселелері бойынша персоналға қосымша тренингтерді/оқытуды өткізуді ескере отырып, жұмыс орындарда тәуекелдер карталарын/тізімдерін өзектендіру жүргізіледі.

## Қызметкерді бағалау

Қолданыстағы Компания қызметкерлерінің қызметін бағалау қағидаларына сәйкес, мыналар жүргізіледі:

- мақсат пен біліктілік бойынша кешенді (қорытынды) баға, ол мыналарды қамтиды: өзін-өзі бағалау, шолу мақсатындағы кездесулер, дағдыларға, әлеуетке шолу жасау, қызметкерлерді бағалау және олардың жұмыс тиімділігін арттыруы мен дамуына мүмкіндік беру мақсатында бағыт көрсету.
- есепті кезеңде мақсаттардың орындалу деңгейіне мониторинг жүргізу мақсатында қызметкерлердің жұмысына тоқсан сайын өткізілетін аралық шолу.

Компанияның әкімшілік қызметкерлерінің 2018 жылғы жұмысының қорытындыларына орай өткізілген қорытынды бағалау (калибрлі сессия) нәтижелері бойынша Таланттар картасы құрылды, сонымен қатар қызметкерлердің білімін, дағдыларын, біліктіліктерін дамыту, Компанияның Кадр резервіне қою, сондай-ақ лауазымдық жа-

лақысының деңгейін қайта қарау бойынша ұсынымдар әзірленді.

2018 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ Басқармасының 10.09.2018 ж. (№ 17 хаттама) шешіміне сәйкес, «Мақсатты ұйымдық құрылымға көшу» жобасы аясында 436 қызметкер лауазымдарға қойылатын талаптарға сәйкестік бойынша бағалаудан өтті.

«Самұрық-Энерго» АҚ-ның еншілес компанияларында қызметкерлердің атқаратын лауазымдарына сәйкестігін анықтау, олардың кәсіби дайындығының деңгейін бағалау, құрылымдық бөлімшелерді жоғары білікті мамандармен жасақтау, қызметкерлердің моральдық және материалдық қызығушылықтарын арттыру үшін мерзімді негізде аттестациялық іс-шаралар іске асырылады. Сонымен, 2018 жылы «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ-да қызметкерлерге кезекті аттестация және «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ-да кезектен тыс аттестация өткізілді.

## Біздің жастар

«Самұрық-Энерго» АҚ кадр саясатының маңызды бағыты – жас мамандармен жұмыс істеу. Компанияда жас кадрлармен жұмыс істеу және оған жас мамандарды тарту бойынша кәсіби және жеке басты дамыту, көшбасшылық, кәсіби және басқару құзыреттерін дамыту үшін «Самұрық-Энерго» АҚ-ның Жастар саясатына бекітілген кешенді ұстаным жолға қойылған.

Компанияда Жас мамандар кеңесі жұмыс істейді, оның мақсаты – Компанияда бірыңғай жастар саясатын қалыптастыру және іске асыру, жас мамандардың белсенді өмірлік ұстанымын қалыптастыру, өзінің жеке әлеуетін іске асыру және Компанияның көшбасшылық жағдайын қамтамасыз ету үшін оларды біріктіру.

Жыл өткен сайын бұл жастар қозғалысы өзінің ұстанымдарын нығайтып келеді. Жас белсенділер өндірістік және қоғамдық өмірге араласады. Олардың арасында шығармашылыққа бейім дарынды жастар көп, жастардың араласуымен мейрамдар, корпоративтік іс-шаралар ұйымдастырылады. Жастар қозғалысы мүшелерінің қатысуымен Энергетик күні мерекеленеді, жастар демалыстары, КВН, байқаулар, «Мамандығы бойынша үздік» кәсіби шеберлік конкурсы, «Жұлдызыңды жақ» шығармашылық конкурстары ұйымдастырылып, өткізіледі.

2018 жылы Астанада тұңғыш рет «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы қызметкерлерінің арасында КВН өтті. Ойын «Біздің күшіміз бірлігімізде!» айдарымен мемлекеттік тілде өтті.

2018 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының жастар белсенділері **3 813** адамды құрады.

2018 жылы Компания «Жас Өркен» бағдарламасын іске асыру аясында және жас мамандардың тағлымдама өтуі үшін жағдай туғызу мақсатында тағлымдамаға 7 жас маманды қабылдады.

«Самұрық – Энерго» АҚ-ның қолдауымен Алматы энергетика және байланыс университеті физика-математика пәндері бойынша республикалық олимпиада өткізді.

Олимпиадаға 60-тан астам адам, оның ішінде еліміздің тоғыз техникалық жоғарғы оқу орындарының студенттері мен оқушылары қатысты. Студенттер «Электрэнергетикасы» және «Жылу энергетикасы» пәндері бойынша жарысты. Бітіруші сыныптардың оқушылары физика мен математика бойынша білімдерін көрсетті.

Қазіргі кезде Компания студенттер өндірістік және дипломалды тәжірибеден өтуі үшін отандық жетекші ЖОО-лармен бірлесіп жұмыс істейді. Есепті кезеңде Компанияда 372 студент оқу-өндірістік тәжірибеден өтті.

Сонымен қатар Алматы энергетика және байланыс университеті мен «Алматы электр станциялары» АҚ арасында дуальды оқыту элементтерін пайдалана отырып, өндірістік тәжірибеден өту туралы шартқа қол қойылды. Дуальды оқыту жүйесі бүгінгі күні Қазақстандағы жұмысшы және техникалық мамандарды даярлаудың ең тиімді нысандарының бірі болып қалып отыр. Дуальды білім беру қағидаттары көптеген жоғары оқу орындары мен колледждерде қазірдің өзінде ендірілуде.

Әлеуметтік серіктестік аясында «Богатырь Көмір» ЖШС Екібастұз қ. әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімімен, сондай-ақ Екібастұз қ. жұмыспен қамту орталығымен «Жастар тәжірибесі» бағдарламасы бойынша жас мамандарды жұмысқа қабылдау туралы шарт жасасты.

«Богатырь Көмір» компаниясының Әлеуметтік даму басқармасы бірлескен жастар қозғалысының белсенділерімен бірге «Самұрық-Энерго» АҚ компаниясы тобының «АЖК» АҚ, «Алматы электр станциялары» АҚ, «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ, «Б.Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС, «Бірінші жел электр станциясы» ЖШС, «Energy Solutions Center» ЖШС секілді еншілес кәсіпорындарының жас мамандарына – республиканың түкпір-түкпірінен жиналған жастарға арнап Павлодар облысының ең көрікті жері – Баянауыл ұлттық паркінде тимбилдинг өткізді.

Жастар қозғалысын дамыту мақсатында «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ-да зияткер қызметкерлерді қолдау мақсатында «TOPVgain» ойыны өткізілді. Іс-шараға «Серіктес»

## Ынталандыру және сыйақы

Қызметкерлерді ынталандыру – Компанияның Кадрлық саясатының негізгі қағидаттарының бірі. Қызметкерлерді ынталандырудың тиімді жүйесін құру жоғары кәсіби мамандарды ұстап тұруға ықпал етеді және оның барынша өнімді қызметіне ынталандырады.

Компанияның еңбекке ақы төлеу жүйесі мынадай негізгі қағидаттарға құрылады:

- 1) жеке адамның еңбегінің, құрылымдық бөлімше жұмысының тиімділігін арттыру және Компанияның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу арқылы қызметкерлерді ынталандыру;
- 2) өңірлік ерекшеліктер мен бизнестің ерекшеліктерін есепке алғанда, әлеуметтік топтаманың еңбек нарығында бәсекеге қабілетті болуы;

жергілікті кәсіподағы» ҚБ мүшелері болып табылатын «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ қызметкерлері және «Жарқын Болашақ» жастар бірлестіктерінің қонақтары – «Алматы электр станциялары» АҚ белсенділері қатысты.

Жамбыл облысында Еңбек етіп жүрген жастардың республикалық форумы өтті, оған медицина, мұнай-газ, көлік және энергетика салаларының жас мамандары қатысты. Республикада мұндай тұрпаттағы іс-шара тұңғыш рет өткізіліп, оны ҚР Кәсіподақтар Федерациясы ұйымдастырды.

Форум жұмысына «Самұрық-Энерго» электр энергетикалық холдингінің құрылымындағы компаниялар тобы: «Шардара СЭС» АҚ, «Мойнақ ГЭС» АҚ, «Богатырь-Көмір» ЖШС, «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС, «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ, «АлЭС» АҚ, «АЖК» АҚ-ның жас кәсіби мамандары да қатысты. Холдингінің еңбек етіп жүрген энергетик және тау-кенші жастарын «Самұрық-Энерго» жергілікті кәсіподағы» ҚБ форумы біріктірді.

Жас кәсіби мамандардың слетінде жастардың экономика мен саясаттың барлық салаларына қатысуынан бастап еліміздегі кәсіподақ қозғалысының теориясы мен практикасына дейін бүгінгі күні өзекті болып отырған бірқатар тақырыптар мен мәселелер кеңінен қаралып, талқыланды. Форумға қатысушылармен ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары, мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың, Қазақстан Кәсіподақтар Федерациясының өкілдері, салалық сарапшылар, белгілі ғалым-заңгерлер өз пайымдауларымен және тәжірибелерімен бөлісті.

Компанияның жас қызметкерлері футболдан, волейболдан, баскетболдан, үстел теннисінен, жүзуден, шахматтан, дойбыдан, бильярдтан және т.б. өтетін спорттық жарыстарға белсене қатысады.

- 3) ашықтық – құпиялылықты сақтаған жағдайда барлық қызметкерлердің сыйақы беру құрылымы мен деңгейін қалыптастыру қағидаттарын түсінуін қамтамасыз ету;
- 4) еңбекке ақы төлеудің қолданыстағы заңнамаға сәйкестігі.

Қоғам қызметкерлеріне лайықты өмір сүру деңгейін қамтамасыз етудің негізгі құралдарының бірі – әлеуметтік төлемдер мен жеңілдіктер. Тиімді жұмыс істеу үшін қолайлы жағдайлар туғызу мақсатында қызметкерлерге материалдық көмек және ақшалай өтемақы түрінде әлеуметтік қолдау көрсетіледі, жыл сайынғы ақылы еңбек демалысын берген кезде материалдық көмек көрсетіледі.

Бұған қоса, 2018 жылы қызметкерлерге әлеуметтік көмек көрсетудің құрамдас бөліктерін мынадай ұстанымдар құрайды: қызметкерлерді еңбек (қызметтік) міндеттерін орындау барысында орын алатын жазатайым оқиғалардан сақтандыру, қызметкерлерді жыл сайын медициналық тексеруден өткізу, еңбекке жарамсыздық парақтарын төлеу, сауықтыруға арналған біржолғы көмек, өндірістік жарақат алған кезде материалдық көмек көрсету.

Компанияда Ұжымдық шартқа сәйкес мыналар қарастырылған: мерзімнен тыс жұмысқа ақы төлеу, мереке күндеріндегі және демалыс күндеріндегі жұмысқа, түнгі уақыттағы жұмысқа ақы төлеу, үстемеақы мен қосымша төленетін ақы, ауыр жұмыстарда, зиянды (айрықша зиянды), қауіпті еңбек жағдайларында істейтін қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеу, қосымша ақылы жыл сай-

ынғы демалыс, мерейлі жасқа (50,60, 70 жас) жетуіне байланысты біржолғы марапаттау.

Білім беру ұйымдарында оқу мен жұмысты қатар атқарып жүрген қызметкерлерге емтихан және нұсқамалық сессиялар кезінде диплом жобасын (жұмысын) дайындау мен қорғау, бітіруші емтихандарды тапсыру кезеңіне қосымша демалыстар беріледі.

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша қызметкерлердің орташа жалақысы 2018 жылы осыған ұқсас көрсеткішке қатысты **18%-ға – 198 051 теңгеден 234 140 теңгеге** өсті. Өндірістік қызметкерлердің орташа жалақысы 18%-ды – **183 641 теңгеден 215 945 теңгені** құрады, әкімшілік қызметкерлер **19%-ды 372 137 теңгеден 443 570 теңгені** құрады.

### Ұйым қызметінің маңызды өңірлерінде жалақының бастапқы деңгейі мен белгіленген ең төмен жалақы арасалмағының диапазоны

№	Көрсеткіш	Мәні (2018)	Өлшем бірлігі
1.	Ең төмен жалақы	28,3	мың теңге
2.	Бірқатар қызмет ету өңірлеріндегі ұйымдарда бастапқы деңгейде жалақы алатын қызметкердің жалақысы	140,7	мың теңге
2.1.	Ерлер	144,9	
2.2.	Әйелдер	136,3	
3.	Арасалмағы	497%	%
3.1.	Ерлер	103%	
3.2.	Әйелдер	97%	
№	Көрсеткіш	Мәні (2017)	Өлшем бірлігі
1.	Ең төмен жалақы	24,5	мың теңге
2.	Бірқатар қызмет ету өңірлеріндегі ұйымдарда бастапқы деңгейде жалақы алатын қызметкердің жалақысы	124,6	мың теңге
2.1.	Ерлер	126,3	
2.2.	Әйелдер	132,8	
3.	Арасалмағы	508%	%
3.1.	Ерлер	515%	
3.2.	Әйелдер	542%	

Компанияда қызмет тиімділігін басқарудың кешенді жүйесі жұмыс істейді, ол қызметкерлердің нәтижелілігін де, сондай-ақ олардың әлеуетін дамыту деңгейін де еске-

реді. Жалақының өзгеруі тікелей берілген баға нәтижелеріне байланысты.

### Мансабының нәтижелілігі мен дамуына мерзімдік бағалау жүргізілетін қызметкерлердің үлесі

№	Көрсеткіш	Мәні
1.	2018 жылдың аяғындағы қызметкерлердің жалпы саны (тізімдік)	17 719
2.	Нәтижелілікті ресми бағалаудан өткен қызметкерлер саны, оның ішінде:	1 288
2.1.	Ерлер	592
2.2.	Әйелдер	696



№	Көрсеткіш	Мәні
3.	Нәтижелілікті ресми бағалаудан өткен қызметкерлер саны, оның ішінде:	7%
3.1.	Ерлер	3%
3.2.	Әйелдер	4%

## 2018 жылғы Мемлекеттік марапаттаулар

№	Аты-жөні	Марапаттау түрі	Компани атауы
1	Айменов Қанат Армиянұлы – Үкіметпен байланыс және коммуникациялар офисінің бастығы	«Ерен еңбегі үшін» медалі	«Самұрық-Энерго» АҚ
2	Серікбаев Сатыбалды Әбдіғарұлы – Басқарма төрағасының кеңесшісі	«Құрмет» ордені	«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ
3	Шәрікбаев Құрманәлі Мамырханұлы – Богатырь тиеу-көліктік басқармасының күштік агрегат машинисі	«Құрмет» ордені	«Богатырь-Комир» ЖШС

## Әлеуметтік жауапкершілік

Әлеуметтік корпоративтік жауапкершілік жобалары қауіпсіз және қолайлы жағдайда еңбек ету, кәсіби даму, тұрғын үй мәселелерін шешу және қызметкерлер мен олардың отбасыларының тіршілік ету сапасын жақсарту, ардагерлер мен зейнеркерлерге материалдық қолдау көрсету, әлеуметтік қоғамдастықтарға қолдау көрсету талаптарын қамтамасыз етуге бағытталған. Әлеуметтік серіктестік, өндірістегі қауіпсіздік қағидаттарын дамыту, қызметкерлердің еңбек құқықтарының барынша жоғары деңгейін қамтамасыз етуге қол жеткізу мақсатында «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобында Сенім сертификаттарын алу бойынша жұмыс жүргізілуде.

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобында проблемалар мен қауіпті аймақтарды анықтауды және оларға уақытылы жауап қайтаруды, оның ішінде қызметкерлердің әлеуметтік топтамасын жетілдіру, мәдени және кәсіби шаралар өткізу, корпоративтік мәдениетті қалыптастыру және ішкі коммуникацияларды басқару және т.б. арқылы жауап қайтаруды қамтамасыз ететін әлеуметтік тұрақтылық рейтингіне және қызметкерді тарту көрсеткішіне үнемі мониторинг жүргізу жүйесі ендірілді.

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобында Келісу комиссиялары құрылып, жұмыс істеуде, олар жұмыс берушінің өкілдері мен кәсіподақ қызметкерлерінің өкілдерінен құрылған, негізгі функциясы еңбек ұжымы арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу, шағымдар мен өтініштерді қарастыру болып табылады. «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бәсекеге қабілетті әлеуметтік топтаманы беруге ұмтылады, оның болуы білікті қызметкерлерді тартуға мүмкіндік береді. Өтемақылар мен жеңілдіктер қызметкерлер мен олардың отбасылардың әлауқаты

мен әлеуметтік қорғалу деңгейін арттыруға арналған. «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының қызметкерлерімен жасалған ұжымдық шартқа сәйкес ұсынылатын әлеуметтік төлемдер мен жеңілдіктердің құрамына мыналар кіреді:

- 1) еңбек демалысына қосымша сауықтыруға, баланың тууына байланысты материалдық көмек;
- 2) (қызметкерді және оның жақын туыстарын) жерлеуге, зейнеткерлерді емдеуге, төтенше жағдайларға және т.б. байланысты материалдық көмек;
- 3) табысты жоғалтуына байланысты материалдық көмек (жүктілікке және босануға байланысты демалыс немесе нәрестені (ұл/қыз) асырап алуға байланысты демалыс);
- 4) ерікті медициналық сақтандыру;
- 5) қызметкерлер мен балалардың шипажай-курорт жағдайында емделуі;
- 6) қызметкерлердің мерейтойларына байланысты (50, 60 және 70 жас) біржолғы көтермелеу;
- 7) мерекелік, мәдени-бұқаралық және спорттық іс-шараларды өткізуге жұмсалатын шығыстар;
- 8) қарыздарды төлеу;
- 9) асыраушысының жарымжан боп қалғаны немесе жоғалтқаны үшін жәрдемақы;
- 10) балаларға жаңа жылдық сыйлықтар және т.б.

«Богатырь Көмір» ЖШС Екібастұз қаласының әкімдігімен бірлесіп Әлеуметтік серіктестік туралы келісім аясындағы іс-шараларға жыл сайын қаржылай көмек көрсетеді, қамқорлыққа алған № 6 мектеп-лицей, «Екібастұз» балалар қоры, «Қоршаған ортаны қорғау» қоғамдық бірлестігі және т.б. секілді қалалық коммерциялық емес ұйымдар мен білім беру мекемелеріне қайырымдылық қолдау көр-

сетілді. Діни конфессиялар мен «Екібастұз» футбол клубы да Компанияның қаржылық көмегінен қалған жоқ.

Дәстүрлі – Еңбекті қорғау күні, Еңбек күні, Халықаралық әйелдер күні, Жеңіс күні және басқа көптеген мерекелермен қатар кәсіпорында жаңа іс-шаралар ұйымдастырылды. Олардың басым көпшілігіне «Самұрық-Энерго» энергетикалық холдингі портфельдік компаниялары жастар қозғалысының белсенділері қолдау көрсетті.

Кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелерінде бұқаралық спортты дәріптеу және дамыту үшін бес минуттық дене шынықтыру, әйгілі қазақстандық боксшы Геннадий Голвкинге қолдау көрсету мақсатындағы жалпықалалық марафон ұйымдастырылып, оған бір мыңнан аса адам қосылды, киберспорт бойынша жарыс өткізілді.

Назарбаев Университеті спорттық кешенінде «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы қызметкерлерінің арасында «Самұрық-Энерго» АҚ Басқарма Төрағасының кубогына V Спартакиада өтті.

Спартакиада мини-футбол, волейбол, үстел теннисі, армреслинг және шахмат секілді спорт түрлерінен өтті. Жарысқа «Самұрық-Энерго» АҚ КО, «АЖК» АҚ, «АлЭС» АҚ, «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС, «Мойнақ ГЭС» АҚ, «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС, «ЕГРЭС-2 станциясы» АҚ, «Богатырь Көмір» ЖШС және «ЖЭК сервис» АҚ-ны қоса алғанда 9 команда қатысты.

Қазақстанның мәдени мұрасын сақтаумен байланысты іс-шаралар – белгілі ақын, әнші, сазгер Естай Беркімбаевтың туғанына 150 жыл және қоғам, мемлекет қайраткері және дәстүрлі қазақ мәдениетінің зерттеушісі Мұса Шормановтың туғанына 200 жыл толғанын мерекелеу діздің компаниямыздың жәрдемдесуімен іске асты.



«Алматы электр станциялары» АҚ жыл сайын қызметкерлердің балалары арасында сурет конкурсын өткізеді, ол осымен алтыншы рет өтті. Түрлі жанрлар мен техникаларда орындалған 78 жұмыс көпшіліктің назарына ұсынылды.

Корпоративтік мәдениетті дамыту аясында энергетикалық холдингінің мына еншілес компанияларының – «Алатау Жарық Компаниясы», «Алматы электр станциялары», «АлматыЭнергоСбыт» және «Самұрық-Энерго» корпоративтік орталығы қызметкерлері Алматыда өткен марафонға қатысты.

«Самұрық-Энерго» құрамасы Новосібір қаласында мини-футболдан өткен Сібір Энергетикасы Кубогы – 2018 халықаралық турниріне қатысты.

Дүниежүзілік Қоршаған ортаны қорғау күнінің қарсаңында «Самұрық-Энерго» АҚ – «V қайта өңдеуге» экоасар акциясына қолдау көрсетті, акция аясында әрі қарай қайта өңдеу және кәдеге жарату үшін қатты тұрмыстық қалдықтар мен электр тұрмыстық техникалар қабылданды.

«Самұрық-Энерго» АҚ корпоративтік орталығының қызметкерлері салмағы 120 кг астам макулатура, пластик пен полиэтиленнен, тоқымадан жасалған бұйымдарды жинады.

«Самұрық-Энерго» АҚ қоршаған ортаны қорғау мен сақтауға бағытталған экологиялық акцияларға қолдау көрсетеді. Қоқысты бөлек жинау – көптеген дамыған елдерде қолданылатын тәжірибе, мұндай тәжірибенің Қазақстанға да келуі – қуанышты жағдай. Әрине, бұл жерде жөн сілтеуші біздің елордамыз Астана болуы – заңдылық. Компаниямыздың «Орнықты даму» саласындағы саясаты сонымен қатар қоршаған орта мен қоғамға тигізетін жағымсыз әсерді азайтуға бағытталған.

Компания тобының кәсіпорындарында дұрыс және қауіпсіз еңбек пен тұрмыс жағдайларын жасау мақсатында қызметкерлерді арнайы қорғаныс құралдарымен, сүтпен, сабын-жууға арналған заттармен қамтамасыз ету тәртібі белгіленген, асханалар жұмыс істейді, ауысым кестесі бойынша жұмыс істейтін өндірістік цехтарда тамақ ішуге және демалуға арналған бөлмелер жабдықталған.

Компания тобының қызметкерлері үшін еңбек демалысына шыққан кезде шипажай-сауықтыру және стационарлық емге жұмсалған шығындарды ішінара және толық өтеу, сондай-ақ қызметкерлердің балалары үшін балалардың сауықтыру лагеріне жолдама құнын төлеу қарастырылған.

Осылайша, биыл қызметкерлердің балалары үшін энергетиктер кәсіподағының «Эдельвейс» балалар сауықтыру орталығына жолдамалар бөлінді.

Теңдік, қауіпсіздік және адамның қадір-қасиетін құрметтей отырып, лайықты әрі өнімді еңбек етуге арналған мүмкіндіктер бағытын іске асыруға қатысты кешенді ұстаным мен тиімді кадр саясатын жүргізу Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің талаптарына сәйкес, еңбек тиімділігін арттыруға, қызметкерлердің кәсіби тұрғыдан өсуіне, корпоративтік мәдениетті көтеруге, адамның еңбек ету құқықтарының сақталуы мен оны қорғауға ықпал ететін болады.

Компания өзіне мынадай міндеттемелер алады:

- әлеуметтік серіктестік пен ұжымдық-шарттық реттеу қағидаттарын нығайту және дамыту;
- білікті қызметкерлерді ұстап қалу, тарту және Қоғам қызметкерлері үшін ынталандыру шараларын жасау мақсатында әлеуметтік төлемдер төлеу.

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының кәсіпорындарында қызметкерлердің әлеуметтік көңіл-күйінің орталықтандырылған мониторинг жүйесін құру мақсатында әлеуметтік тұрақтылық индексі мен қызметкерді тарту индексі анықау бойынша зерттеулер жүргізілді.

**Ұжымдық шартқа отырған қызметкерлердің үлесі**

№	Көрсеткіш	Мәні (2018)	Өлшем бірлігі
1.	2018 жылдың аяғындағы қызметкерлердің жалпы саны (тізім бойынша саны)	17 719	адам
2.	Оның ішінде 2018 жылы ұжымдық шартқа отырған қызметкерлер саны	17 151	адам
3.	Ұжымдық шартқа отырған қызметкерлердің жалпы санының үлесі:	97%	%

Аталған зерттеулер нәтижелері бойынша «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша 2018 жылы әлеуметтік тұрақтылық индексі **64%-ды** құрады ол орташа ретінде сипатталады.

Қоғамның компаниялар тобының әкімшілік-басқару қызметкерлерін тарту деңгейі 53%-ды құрады.

Қоғамның әлеуметтік саясатында қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелерінің қорғалуын қамтамасыз ету маңызды міндеттердің бірі болып табылады.

Сонымен, 2018 жылы компаниялар тобы бойынша әлеуметтік төлемдер 3 229 763 мың теңге сомасына жүзеге асырылды. 2017 жылдың осыған ұқсас кезеңінде әлеуметтік төлемге жұмсалған шығындар 2 902 523 мың теңгені құрады. Төлем құрылымында негізгі үлесті шығындар құрайды: еңбек демалысын алған кездегі сауықтыруға арналған біржолғы жәрдемақы – 32%, қызметкерлердің шипажай-курорт жағдайында емделуі – 6,3%, қызметкерлердің мерейтойына байланысты біржолғы көтермелеу (50,60 және 70 жас) – 3%, баланың туылуына байланысты материалдық көмек – 3%, мерекелік, мәдени-көпшілік және спорттық іс-шараларды өткізуге жұмсалатын шығыстар – 2,3% және басқа әлеуметтік төлемдердің жалпы сомасынан жұмсалатын шығыстар.

Есеп беру жылында Компаниялар тобында корпоративтік мәдениетті дамыту аясында 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күнін, Наурыз мейрамын, Конституция күнін, Энергетик күнін мерекелеуге орай мәдени-ойын-сауық іс-шаралары өткізіліп, онда ерекше көзге түскен қызметкерлерге құрмет көрсетіп, мемлекеттік, ведомстволық және ТМД Электр энергетикалық кеңесінің, «Kazenergy» Қазақстан мұнай-газ және энергетикалық кешені ұйымдары қауымдастығының, «Қазақстан Электр энергетикалық Қауымдастығы» ЗТБ, «Самұрық-Қазына» АҚ және т.б. наградалары тапсырылды.

**Жұмыспен толық қамтылған, толық қамтылмаған немесе уақытша жұмыс істейтін қызметкерлерге берілетін төлемдер мен жеңілдіктер**

№	Көрсеткіш	Жұмыспен толық қамтылған қызметкерлер үшін	Жұмыспен уақытша немесе толық қамтылмаған қызметкерлер үшін
1.	Қызметкерлерге берілетін төлемдер мен жеңілдіктер		
1.1.	Өмірді сақтандыру	Беріледі	Берілмейді
1.2.	Денсаулық сақтау (медициналық сақтандыру)	Беріледі	Берілмейді
1.3.	Еңбекке жарамсыздық/мүгедектік бойынша өтемақылар	Беріледі	Берілмейді
1.4.	Ана/әке болуына байланысты демалыс алу	Беріледі	Берілмейді
1.5.	Зейнетақы беру (зейнетке шыққан кездегі біржолғы төлем)	Беріледі	Берілмейді
1.6.	Компанияның акцияларын жеке меншікке беру	Берілмейді	Берілмейді
1.7.	Өзге (шипажай-курорт жағдайында емделу, баланың туылуына байланысты материалдық көмек, отбасы мүшелерін емдеуге байланысты материалдық көмек, сауықтыруға байланысты материалдық көмек)	Беріледі	Берілмейді

**Адам құқығы**

